


**УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС ПО  
ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ МОДУЛЮ**

**КМ 11 Өнеркәсіптік тұтынушылардың электр жабдығына және  
жарықтандыру желілеріне техникалық қызмет көрсету  
0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)»**



**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

УДК 811. 167. 1

ББК 81.2. Б

Рецензент:

**Н.А. Соловьева**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина

**Башкентаева И. З.**

**КМ 11 Өнеркәсіптік тұтынушылардың электр жабдығына және жарықтандыру желілеріне техникалық қызмет көрсету**

**/ Башкентаева Индира Зияденқызы – Костанай. – КГКП**

Костанайский политехнический высший колледж -Костанай, 2021 г-84 с.

Учебно-методический комплекс предназначен для практического обучения овладение будущими специалистами теоретическими и практическими навыками по эффективному использованию нетрадиционных и возобновляемых источников энергии в народном хозяйстве Республики Казахстан.

**УДК 811**

**ББК 81.2. Б**

Утверждено решением методического совета Костанайского политехнического колледжа № 4 от 22.03.2021 г

© **Башкентаева И. З., 2021 г**

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

## КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы маман-электр энергетиктерді даярлау үшін өндірістік электроника ең маңызды пәні болып табылады. Бұл пән оқу барысында болашақ мамандар электрондық құрылғылар мен микропроцессорлық техника құрылысымен және жұмыс істеу принциптерімен танысып, күштік түрлендіргіш құрылғыларда қолданылатын сұлбалардың негізгі түрлерін, түзеткіштер, инверторлар және тағы да басқа электр энергиясы түрлендіргіштерінің жұмыс принциптерін және ерекшеліктерін оқып біледі.

Электрондық құрылғылар мен микропроцессорлық техника өнеркәсіп, көлік және энергетиканың көптеген салалары дамуының негізі болып табылады. Елімізде электрондық құрылғылар мен микропроцессорлық техниканы қолдану және осы салада әлемдегі жетекші мемлекеттер қатарына қосылу үшін мол мүмкіндіктер бар.

Электроника – ғылым және техниканың бір саласы болып, ол электровакуумды және жартылай өткізгішті құрылғылардағы физикалық құбылыстарды, олардың электр сипаттамалары мен параметрлерін зерттейді, сонымен қатар электровакуумды және жартылай өткізгішті құрылғыларда қолданатын жүйелер мен аспаптардың қасиеттерін үйретеді.

Қазіргі заманғы өндірістік электрониканың элементтік негізін құрайтын жартылай өткізгіштік аспаптар бойынша (диодтар, тиристорлар және күштік транзисторлар) материал күштік түрлендіргіш құрылғылардың жұмысына олардың параметрлері ықпалын ескеру қажеттілігі тұрғысынан беріледі.

Осы модульде болашақ мамандар электрондық құрылғылар мен микропроцессорлық техниканың, түзеткіштердің, инверторлардың және басқа түрлендіргіштердің құрылымын, жұмыс істеу принциптерін, физикалық процестерін, сипаттамалары мен ерекшеліктерін оқып біледі.

Бұл модульдің басты мақсаты – студенттерді электрондық құрылғыларының және микропроцессорлық техниканың, күштік түрлендіргіш құрылғыларының жұмыс істеу принциптерін түсініп, оларды сауатты қолдана білуге үйрету.

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

**Мазмұны**

<b>Кіріспе</b>	2
<b>Теориялық бөлім</b>	
<b>1-бөлім. Үзікті электронды аспаптар</b>	6
1. Тақырып Кіріспе. Жартылай өткізгіштер	6
2. Тақырып Диод және олардың түрлері.	8
3. Тақырып Күшейткіштер туралы жалпы мәліметтер.	11
4 Тақырып Күшейткіш каскадтары	15
5 Тақырып Қуат күшейткіштері	18
6 Тақырып Көпкаскадты күшейткіштер	20
7 Тақырып. Тұрақты ток күшейткіштері	23
8 Тақырып Операциялық күшейткіштер	27
9 Тақырып Генераторлы және импульсті құрылғылар	28
10 Тақырып Түзеткіштер	31
11 Тегістеу сүзгісі. Тұрақтандырғыштар	35
12 Тақырып Басқарылатын түзеткіштер	40
13 Тақырып Логикалық элементтер	43
14 Тақырып Электрондық вакуумдық аспаптар	45
15 Тақырып Иондық аспаптар	48
16 Тақырып Ақпаратты бейнелеуге арналған аспап	51
17 Тақырып Интегралдық микросұлбалар	53
<b>2 бөлім Генераторлар мен импульсты құрылғылар</b>	61
18 Тақырып Генераторларды сұрыптау. Негізгі параметрлері. Сызықтық тербеліс генераторлары.	61
19 Тақырып Импульстар қалыптастырушылар мен импульстар туралы түсінік	65
20 Тақырып Мультивибраторлар, бір реттік вибраторлар	68
<b>3 бөлім Тұрақты ток машинасының түрлері және электр жетектері</b>	77
21 Тақырып Электрлік жетектерге қойылатын жалпы талаптар.	77
22 Тақырып Электрлік жетектердің механикасының негіздері.	78
23 Тақырып Технологиялық қондырғыларды жобалау негіздері.	82
24 Тақырып Тұрақты ток машинасының түрлері және негізгі сипаттамалары	85
25 Тақырып Айнымалы ток электр машинасы, үш фазалы асинхронды қозғалтқыш	90
26 Тақырып Электрлік жетектің динамикалық режимі және оның қозғалысының теңдеуі	94
27 Тақырып Тұрақты ток қозғалтқыштарын қолданатын электрлік жетектердің механикалық сипаттамалары.	98
28 Тақырып Тұрақты ток қозғалтқыштарының механикалық және электромеханикалық сипаттамаларының теңдеулері.	100
29 Тақырып Электрлік жетектің қозғалтқышының қуатын анықтау	103
30 Тақырып Электрлік қозғалтқыштың қызуы және суыуы	105
<b>4 бөлім Жарықтандыру қондырғылары құрылғысының принциптік негіздері</b>	109
31 Тақырып Оптикалық сәулелер және сәулелену спектрлері	109
32 Тақырып Жарық шамалары және олардың өлшем бірліктері	113
33 Тақырып Жарық ағынын есептеу тәсілдері	117
34 Тақырып Жарықтандыру қондырғылары құрылғысының принциптік негіздері	119
35 Тақырып Негізгі жарық техникалық ұғымдар мен бірліктер	121
36 Тақырып Жарық күші	125
37 Тақырып Қазіргі жарық көздері	128
38 Тақырып Жарықтандыру аспаптары	134
39 Тақырып Жарық көздері. Жарықтандыру қондырғыларының құрылысы және жіктелуі,	137

**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

оларды монтаждау технологиясы.

40 Тақырып Технологиялық жабдықтардың пайдалануы	139
<b>Практикалық бөлім</b>	<b>143</b>
<b>Практикалық сабақ №1</b> Қуатты есептеу және электрлік жетектің қозғалтқышын таңдау.	143
<b>Практикалық сабақ №2</b> Электрлік жетектердің пайдалы әсер коэффициенті және қуат коэффициенті бойынша есептер шығару	145
<b>Практикалық сабақ №3</b> Жарық көздері әртүрлі нақты объектілердің жарықтандырылуының жарық күшін, жарық ағынын, жарықтылығы мен өлшемін анықтау бойынша есептер шығару	148
<b>Практикалық сабақ №4</b> Жарық беру желісінен жарықтандыруды есептеу	152
<b>Практикалық сабақ № 5</b> Дәлдік әдіспен жарықтандыруды есептеу	153
<b>Практикалық сабақ № 6</b> Пайдалану коэффициенті әдісімен жарықтандыруды есептеу.	154
<b>Практикалық сабақ №7</b> Прожекторлық жарықтандыруды есептеу	162
<b>Практикалық сабақ № 8</b>	166
Тарату құрылғыларының құралымдарын оқу	
<b>Зертханалық жұмыстар</b>	<b>170</b>
<b>Зертханалық жұмыс № 1</b>	170
Тиристордың вольтамперлік сипаттамаларын зерттеу.	
<b>Зертханалық жұмыс №2</b> $h$ параметрлерді анықтау және транзистордың вольтамперлік сипаттамаларын зерттеу	175
Зертханалық жұмыс №3 Төмен жиілікті күшейткішті (ТЖК) зерттеу жұмыстары.	180
<b>Зертханалық жұмыс № 4</b> Тұрақты ток күшейткішінің (ТТК) жұмысын зерттеу.	182
<b>Зертханалық жұмыс №5</b> Төмен жиілікті күшейткішті (ТЖК) зерттеу жұмыстары	185
<b>Зертханалық жұмыс №6</b> Аз қуатты бір фазалы түзеткіш	188
<b>Зертханалық жұмыс №7</b> Қуатты бір фазалы түзеткіш	190
<b>Зертханалық жұмыс №8</b> Транзисторлық логикалық элементтер	193
<b>Зертханалық жұмыс №9</b> Электронды осциллографпен танысу.	196
<b>Зертханалық жұмыс №10</b> Арагіс тәрізді кернеу генераторының (АКГ) жұмысын зерттеу	199
<b>Зертханалық жұмыс №11</b> Мультивибраторлардың жұмысын реттеу	203
<b>Зертханалық жұмыс № 12</b> Тұрақты және ауыспалы ток қозғалтқышының жұмыс режимдерін зерттеу	204
<b>Тексеру сынау тапсырмалары</b>	<b>208</b>
<b>Қорытынды</b>	<b>210</b>

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## 1-бөлім. Үзікті электронды аспаптар

### 1 Тақырып Кіріспе. Жартылай өткізгіштер


Жартылай өткізгіш материалдар (германий, кремний) өзінің меншікті электрлік кедергісі бойынша өткізгіштер және диэлектриктер арасында орын алады. Металлдарда, жартылай өткізгіштерде және диэлектриктерде өткізгіштіктің әр түрлі шамасы болуының себебі валентті электронды кристаллдық тор түйіндерінде орналасқан атомдармен байланыстан босатуға кеткен энергияның әр түрлі шамасының болуы, соған қоса жартылай өткізгіштердің өткізгіштігі қоспаның болуынан және температурадан тәуелді болады. Жартылай өткізгіштерде қозғалмалы заряд тасушылардың екі типі бар: теріс электрондар және оң кемтіктер.

Егер валентті электрон ковалентті байланысты бұзып, бос болып қалды, онда ол болған орнында абсолютті шамасы бойынша электрон зарядына тең оң заряд көбірек болады. Валентті байланыстарда пайда болатын бос орындарды **кемтіктер** дейді. Бос электронның және кемтіктің пайда болу процесі **генерация** деп аталады. Бос электрон кемтікке келіп, қайтадан валентті болуы мүмкін. Бос электронның және кемтіктің жойылуына әкелетін процессті **рекомбинация** дейді.

Егер кремнийдің 4-валентті кристаллдық торға элементтің (Р фосфордың, Sb сурьманың, As мышьяқтың) 5-валентті қоспасын еңгізсе, онда әр қоспалы атомның төрт валентті электроны кремнийдің төрт көрші атомдармен ковалентті байланыстардың құруына қатысады, ал бесінші валентті электрон артық болып қалады. Ол атоммен әлсіз байланысқан және оңай босқа айналады. Сонда қоспа атомы оң қозғалмайтын ионға айналады. Бос электрондар концентрациясының артуы рекомбинацияның болу мүмкіндігін артады, сондықтан кемтіктер концентрациясы азаяды. Қалыпты температурада қоспаның бүкіл атомдары оң қозғалмайтын иондарға айналады, ал бос электрондар саны кемтіктер санынан көп артық болады. Осындай жартылай өткізгіштерде негізгі заряд тасушылары электрондар болып табылады, сондықтан осындай жартылай өткізгіш **п-типті (электронды типті) жартылай өткізгіш деп аталады**. Ондағы негізгі емес заряд тасушылары кемтіктер болып табылады. Электрондарды беретін атомдары бар қоспалар **донорлар деп аталады**. 3-валентті элементтің (бордың В, индийдің In, алюминийдің Al) қоспасын еңгізгенде қоспаның әр атомның үш валентті электрондары тек қана үш ковалентті байланыстардың құрылуына қатысады, ал төртінші байланыс үшін қоспа атомы кремний атомдары арасындағы басқа байланыстан электронды кемтік құрылуымен алады. Қоспа атомы теріс қозғалмайтын ионға айналады. Осылай 3-валентті қоспа кемтіктер концентрациясын артырады, ал электрондар концентрациясын азайтады. Осындай жартылай өткізгіштерде негізгі заряд тасушылары кемтіктер болып табылады, сондықтан жартылай өткізгіш **р-типті (кемтік типті) жартылай өткізгіш деп аталады**. Негізгі емес заряд тасушылары электрондар болып табылады. Электрондарды алатын қоспаларды **акцепторлар деп аталады**.

Жартылай өткізгіш диод дегеніміз екі шықпасы бар бір түзеткіш электрлік өтуі бар электр түрлендіргіш жартылай өткізгіш аспап.

Электронды-кемтікті өтуі бар жартылай өткізгіш диодтың құрылымы және оның шартты графикалық белгіленуі 1.1, а, б суретте берілген.



1.1 суреті – жартылай өткізгіш диодтың құрылымы.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

р және л әріптерімен сәйкесінше р-типті и п-типті өткізгіш қабаттары бар жартылай өткізгіштің қабаттары белгіленген.

Әдетте негізгі заряд ( $p$  қабатындағы кемтіктер және  $n$  қабатындағы электрондар) тасушылар концентрациясы өте күшті ерекшеленеді. Жартылай өткізгіштің үлкен концентрациясы бар қабат *эмиттер*, ал аз концентрациясы бар қабат *база* деп аталады.

р-п өтудің құрылымы


Әуелі жартылай өткізгіштің бір бірінен окшауланған қабаттарын қарастырамыз (1.2 суреті).

Термогенерация нәтижесінде пайда болған электрон-кемтік жұптары




1.2 суреті – Жартылай өткізгіштің бір бірінен окшауланған қабаттары.

Сәйкес келетін аймақтық диаграммаларын суреттеп береміз (1.3 суреті).



1.3 суреті – Окшауланған қабаттардың даграммасы.



1.4 суреті – Жартылай өткізгіштің түйіспелі қабаттар.


## Бакылау сұрақтары

1. Жартылай өткізгіш дегеніміз не?
2. Кемтіктер дегеніміз не?
3. Генерация дегеніміз не?
4. Электрондарды алатын қоспаларды қалай атайды?

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## 2 Тақырып Диод және олардың түрлері.

Тұрақты токтағы жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлі сипаттамасы (BAC) (статикалық сипаттамасы). Вольт-амперлі сипаттамасы – бұл диод арқылы өтетін  $i$  токтың диодқа салынған кернеуден тәуелділігі (2.1 суреті). Вольт-амперлік  $j$  сипаттама деп осы тәуелділіктің графигін де атайды.




Әуелі 2.1 суреті бойынша кері кернеу ( $u < 0$ ) деп алайық, онда

$$i = i_s \cdot (e^{\frac{u}{\phi_T}} - 1),$$


Жылулық ток  $i_s$  р-п өту аймағына жақын орналасқан аймақтарда негәзгә емес тасушылардың генерациясымен түсіндіріледі. Бірақ жиі осы идеалды сипатталуы қателікті береді. Әсіресе кері бағытта қосылған  $\{u < 0, KO\}$  диод тоғын есептеген кезде үлкен қателік пайда болады. Кремний диодтары үшін қарастырып отырған өрнегі бойынша есептелген ток шынынан бірнеше есе кем болады. Осының негізгі себептері:

- нақты р-п өту аймақта тасушылардың термогенерациясы;
- беттік жылыстау.


р-п өту аймақтағы термогенерация токқа әсер етеді, өйткені өту аймағы қозғалмалы заряд тасушыларына кедей және рекомбинация процессі (генерация процессіне кері және нақты мағынада оны тепе-тең етеді) баяуланған .



2.2 суреті




2.3 суреті



2.4 суреті




# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ



2.5 суреті

Диодты қайта қосу кезіндегі ток және кернеудің уақыттық диаграммалары. 2.6 суреттегі сұлбаға көз салайық. Әуелі К кілті  $u_1$  кернеу көзін, содан кейін  $I = \pi$  уақыт мезетінде  $u_2$  кернеу көзін қосады.




2.6 суреті

Соған қоса және кернеулері диодтағы тура кернеу түсуден көп есе үлкен. Сәйкес уақыттық диаграммаларын салайық (2.7 суреті).

$t = 0$  уақыт мезетіне дейін  $i_1$  тогы өтеді,  $u_1 \gg u_2$  шартын ескере отырып ол осы өрнекпен анықталады

$$i_1 = \frac{u_1}{R}$$

болғанда,



2.7 суреті

К кілттің қайта қосылуынан кейін және  $t_{рас}$  таралу уақытында тек қана R кедергісімен шектелетін  $i_2$  тогы өтеді, яғни

$$i_2 = -\frac{u_2}{R}$$

Осы уақыт аралығында диод базасында  $I_c$  тогы өткенде жиналған тең емес тасушылардың заряды кемиді. Рекомбинация және негізгі емес тасушылардың эмиттерге өтудің нәтижесінде заряд кемиді.

$t_{рас}$  уақыт аяқталуымен базадағы p-л өту шекарасында негізгі емес тасушылардың концентрациясы тең салмақтығы тең болып қалады. Базаның ішінде тең емес заряд әлі бар. таралу уақытының ұзақтығы базадағы негізгі емес тасушылардың орташа өмір сүру уақытына тура пропорционал және  $I$  мен  $I_T$  токтарының қатынасынан тәуелді ( модуль бойынша  $i_2$  тогы көбірек болса,  $I$  берілген ток кезінде таралу уақыты аз болады).

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Диодтардың параметрлері. Диодтарды сандық сипаттау үшін көптеген түрлі параметрлерін пайдаланады. Кейбір параметрлер әр түрлі класс ішілік диодтарды сипаттайды. Басқалары ше тек нақты класс ішілік диодтардың ерекше қасиеттерін сипаттайды.

Түрлі класс ішілік диодтарға қолданатын кең пайдаланатын параметрлерді көрсетеміз:

$I$  – максималды жіберілетін тұрақты ток;

$U$  – берілген токқа сәйкес келетін тұрақты тура кернеу;

$U_r$  , - диодтың максималды жіберілетін кері кернеу (оң шама);


$I_r$  , - диодтың максималды жіберілетін тұрақты кері тогы (оң шама; егер нақты ток  $I_{кері макс}$  тогынан үлкен болса, онда диод қолдануға жарамсыз болады);

$r$  – диодтың дифференциалды кедергісі (берілген жұмыс режимі кезінде).

Қазіргі кезде ток пен кернеудің өте кең диапазонында жұмыс істеуге арналған диодтар бар.

Өте күшті диодтар үшін  $I$  килоамперлерді, ал  $U$  - киловольттарды құрайды.


**Стабилитрон** – бұл электрлік тесу режимінде жұмыс істеуге құрылған жартылай өткізгіш диод. Стабилитронның шартты графикалық белгіленуі 1.39,а суретте көрсетілген.



1.39 суреті


Көрсетілген режимде стабилитрон тогының өзгеруі кезінде кернеу аса өзгермейді.

Стабилитрон кернеуді тұрақты етеді деп айтады. Мысал үшін Д814Д кремнийлі стабилитронның вольт-амперлік сипаттамаларын өрнектейік (1.40 суреті).



1.40 суреті

Стабилитрондарда базаның меншікті кедергіге байланысты туннельді де, көшкінді де, аралас та тесу болуы мүмкін. Төмен омды базасы (төмен вольтты, 5,7 В-қа дейін) бар стабилитрондарда туннельді тесу болады, ал жоғары омды базасы бар (жоғары вольтты) стабилитрондарда көшкінді тесу болады.




**Варикап.** Бұл сыйымдылығы кернеумен басқарылатын конденсатор ретінде жұмыс істеуге арналған жартылай өткізгіш диод. Варикаптың шартты графикалық белгіленуі 1.39 суретте көрсетілген.

Варикапқа кері кернеуді береді. Кері кернеу (модуль бойынша) үлкейген сайын варикаптың кедергілік сыйымдылығы кемиді. Варикаптағы сыйымдылықтың өзгеру сипаттамасы кәдімгі диодтағыдай.

**Туннельдік диод.** Бұл тура бағытта қосу кезіндегі туннельдік тесу құбылысы пайдаланатын жартылай өткізгіш диод. Туннельдік диодтың сипаттамалық ерекшелігі болып вольт-амперлік сипаттаманың тура турауда теріс дифференциалды кедергісі бар

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

телімнің болуы. Туннельдік диодтың шартты графикалық белгіленуі рис. 1.39,г суретте көрсетілген.




1.43 суреті

**“Обращенный” диод.** Бұл туннельдік диодтағы физикалық құбылыстарға ұқсас физикалық құбылыстары болатын жартылай өткізгіш диод. Сондықтан жиі “Обращенный” диодты туннельдік диодтың нұсқауы ретінде қарастырады. “Обращенный” диодтың вольт-амперлік сипаттамада теріс дифференциалды кедергісі бар телім жоқ немесе өте әлсіз білдірілген. “Обращенный” диодтың вольт-амперлік сипаттаманың кері тарауы (кернеудің өте аз түсуімен ерекшеленетін) кәдімгі диодтың тура тарауы ретінде, ал тура тарау кері тарау ретінде пайдаланады. Осыдан да атауы - обращенный диод.

**Стабистор.** Бұл жартылай өткізгіш диод, ондағы кернеу тура қосқан кезінде ( 0,7 В шамасында) токтан шамалы тәуелді болады (сәйкес телімде тура тарау тігінен орналасқан). Стабистор кішкентай кернеулерді тұрақтауға арналған.

**Шоттканың диоды .** Шоттканың диодында р-л өтуі емес, металл жартылай өткізгіштің түзеткіш түйіспесі пайдаланады. Шоттканың диодының шартты графикалық белгіленуі 1.39,6 суретте көрсетілген.

Шоттканың диоды жұмысы кезінде негізгі емес тасушылардың инжекциясы және сәйкес келетін жиналу мен таралу құбылыстары болмайды, сондықтан Шоттканың диодтары – өте тез әрекет ететін құрылғылар, олар ондаған гигагерц жиіліктерде жұмыс істей алады. Шоттканың диодында кішкентай кері ток және кішкентай тура кернеу (кішкентай тура токтары кезінде) - 0,5 В шамасында болуы мүмкін Ол кремний құрылғылырдан кем болады. Максималды жіберілетін тура ток ондаған және жүздеген амперлерді, ал максималды жіберілетін кернеу – жүздеген вольтты құрайды.



1.42 суреті

## Бақылау сұрақтары

1. Диод түрлері?
2. Вольт – амперлік графигін көрсет
3. Диод дегеніміз не?


## 3 Тақырып. Күшейткіштер туралы жалпы мәліметтер

1. Күшейткіш – бұл қоректену көзінен жүктемеге баратын энергия ағымын басқаратын электрондық құрылғы (төртұшты).

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

2. Басқару үшін керек қуаты жүктемеге берілетін қуатынан көп есе аз болады, ал кірмелік (күшейтетін) және шықпалық (жүктемеге) сигналдардың нысандары сәйкес келеді (10.1 суреті).

10.1 суреті. Күшейткіштің қосылу сұлбасы



Күшейткіштер үлкен қашықтыққа информационды сигналдарды тасымалдау кезінде шығындарды өтеу үшін, тіркеу құрылғылардың жұмысын қамтамасыз ету үшін, адамның информацияны қабылдауына қалыпты жағдайларды құру үшін және т.б. үшін пайдаланылады. Мысалы, мультимедиа-компьютердің қатты сөйлеушілердің жұмысын қамтамасыз ету үшін күшейткіш қажет, өйткені дыбыс көздерден келетін дыбыстық сигналдарда жеткіліксіз қуаты болады.

3. Күшейткіштердің негізгі параметрлері мен сипаттамалары.

Күшейткіштің негізгі сандық параметрі күшейту коэффициенті болып табылады. Күшейткіштің функционалдық арналуына байланысты кернеу бойынша  $K_u$ , ток бойынша  $K_i$  немесе қуат бойынша  $K_p$  күшейту коэффициенттерін айырады:

$$K_u = \frac{U_{\text{вых}}}{U_{\text{вх}}}, \quad K_i = \frac{I_{\text{вых}}}{I_{\text{вх}}}, \quad K_p = \frac{P_{\text{вых}}}{P_{\text{вх}}},$$

Мұндағы  $U_{\text{вх}}$ ,  $I_{\text{вх}}$  – күшейткіштің кірмесінде кернеудің және токтың амплитудалық мәндері;

$U_{\text{вых}}$ ,  $I_{\text{вых}}$  – шықпасында айнымалы құрайшылардың сәйкесінше кернеудің және токтың амплитудалық мәндері;

$R_{\text{вх}}$ ,  $R_{\text{вых}}$  – сәйкесінше кірмесінде және шықпасында қуаттары.

Күшейту коэффициенттерін жиі логарифмалық бірлікте – децибелмен өрнектейді:

$$K_u(\text{дБ}) = 20 \lg K_u; \quad K_i(\text{дБ}) = 20 \lg K_i; \quad K_p(\text{дБ}) = 10 \lg K_p.$$

Күшейту коэффициентінен басқа маңызды сандық көрсеткіш пайдалы әсер коэффициенті болып табылады:

$$\eta = \frac{P_{\text{вых}}}{P_{\text{вх}}},$$

мұндағы  $P_{\text{ист}}$  – қоректену көзінен тұтынылатын қуаты.

Әсіресе күшейткіштің күшті шықпалық каскадтар үшін осы көрсеткіштің рөлі өседі.

Күшейткіштің сандық көрсеткіштерге күшейткіштің  $R_{\text{вх}}$  кірмелік және  $R_{\text{вых}}$  шықпалық кедергілері жатады:


**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

$$R_{ex} = \frac{U_{ex}}{I_{ex}}; \quad R_{вых} = \frac{|\Delta U_{вых}|}{|\Delta I_{вых}|};$$


мұндағы  $\Delta U_{вых}$  и  $\Delta I_{вых}$  - күшейткіштің шықпасында кернеудің және токтың амплитудалық мәндердің өсімшелері.

Енді күшейткіштердің негізгі сипаттамаларын қарастырамыз.

Күшейткіштің амплитудалық сипаттамасы – бұл шықпалық кернеудің (токтың) амплитудасының кірмелік кернеудің (токтың) амплитудасынан тәуелділігі (10.2 суреті).



10.2 суреті- Күшейткіштің амплитудалық сипаттамасы




10.3 суреті – Сызықты емес ақаулылықтардың пайда болуы

Күшейткіштің амплитудалы-жиіліктік сипаттамасы (АЖС) – бұл күшейту коэффициент модулінің жиіліктен тәуелділігі.

Типтік АЖС 10.4 суретте келтірілген.  $f_n$  және  $f_с$  жиіліктері төменгі және жоғарғы шекаралық жиіліктері, ал олардың айырымы ( $f_n - f_с$ ) күшейткіштің өткізу жолағы деп аталады.

**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**


---




10.4 суреті. Күшейткіштің АЖС

Күшейткіштің фазалы-жиіліктік сипаттамасы (ФЖС) – бұл кірмелік және шықпалық кернеулер арасындағы фаза ығысудың бұрышының жиіліктен тәуелділігі.

Типтік ФЖС 10.6 суретте келтірілген. Сонымен қатар ол логарифмдік масштабта құрылуы мүмкін. Орташа жиіліктер аймақта қосымша фаздық бұрмалауы минималды. ФЖС күшейткіштерде жиіліктік пайда болу себепіндей фаздық бұрмалауларды бағалауға мүмкіндік береді.




10.6 суреті. Күшейткіштің ФЖС



10.7 суреті- фазалық ақаулықтардың пайда болуы

Күшейткіштің өтпелі сипаттамасы – бұл шықпалық сигналдың (токтың, кернеудің) скачкообразном кірмелік әрекеті кезіндегі уақыттан тәуелділігі (10.8 суреті).



10.8 суреті. Күшейткіштің өтпелі сипаттамасы

Күшейткіштің жиіліктік, фаздық және өтпелі сипаттамалары бір бірімен байланыста болады. Жоғары жиіліктер аймағына кіші мәндер аймағындағы өтпелі сипаттамасы, төмен жиіліктер аймағына үлкен мәндер аймағындағы өтпелі сипаттамасы сәйкес келеді.


### Бақылау сұрақтары

1. Күшейткіштің қосылу сұлбасы
2. Күшейткіш дегеніміз не?
3. Күшейту коэффициент табу үшін қолданылатын формула?

### 4 Тақырып. Күшейткіш каскадтары

#### 1. Жалпы негізбен күшейткіш каскадтар

Жалпы базасы - биполярлық транзисторлар негізінде электрондық күшейткіштер салу үшін типтік схемаларын бірі. Ол ағымдағы пайданың жоғары пайда және электр пайда үшін қалыпты кернеу болмаған сипатталады. Кіріс сигналы эмитент қолданылады және шығыс қоймасынан жойылады. Бұл жағдайда кіріс кедергісі өте аз, және шығыс болып табылады. Кіріс және шығыс фазалары.



9.1 – сурет - pnp-транзистор негізіндегі жалпы негізбен күшейткіш каскад


Ортақ базасымен тұйықталу ерекшелігі транзисторлық элементтерін жобалау арқылы кірісіне шығу кері байланыс «паразиттік» күшейткіштер үш моделі схемаларын арасында ең төменгі болып табылады. Сондықтан, жалпы базалық тізбек ең жиі, әсіресе, транзисторлар жұмыс жиілік диапазонында жоғарғы шекара маңында жоғары жиілікті күшейткіштің, салу үшін қолданылады.

#### 2. Жалпы эмиттермен күшейткіш каскадтар

Кезде ортақ эмиттер бар биполярлық транзисторлар жалғанған тізбектерді кіріс сигналы базасына береді, және шығыс сигнал коллектор алынады. Қашан шығыс сигналының

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

(кіріс фаза гармоникалық сигнал шығыс  $180^\circ$  ерекшеленеді үшін) кірісіне қатысты өзгереді. Каскад ағымдағы және кернеу екеуі жақсартады. Бұл қосқыш транзисторлық ең қуатын күшейту, сондықтан ең көп таралған алуға мүмкіндік береді. Ортақ базасын немесе ортақ Коллектор схемаларды қарағанда Алайда, мұндай схема сызықты бұрмалау сигнал үлкен. Сонымен қатар, осы схема, күшейткіш сипаттамалары қосу қатты осындай жабдықтау кернеу немесе бөлме температурасына сияқты сыртқы факторлардың әсер етеді. Әдетте, осы факторлардың орнын толтыру үшін теріс кері байланыс қолданылады, бірақ ол пайданы азайтады.



9.2 – сурет - npn- транзистор негізіндегі жалпы эмиттермен схема бойынша күшейткіш каскад

Биполярлық транзисторлар ток басқарылады. Базалық ағымдағы - ортақ эмитентпен тізбегіндегі. Базалық эмитент кернеу, осылайша іс жүзінде тұрақты болып қалады және жартылай өткізгіш материал байланысты, шамамен 0,2 шамамен 0,7 кремний үшін германий, бірақ сахнада ол бақылау кернеу тамақтандырды. каскадының базалық ағымдағы, жинаушы және эмиттер, және басқа да ток және кернеу Ом заңы және көпконтурлы тармақталған тізбегі үшін Кирхгоф ережелері пайдаланып есептеуге болады.

### 3. Далалық транзисторлардағы күшейткіш каскадтар

Күту режимінде далалық транзистор жұмыс режимі тұрақты ток ағынын  $I_{sp}$  және тиісті су төгетін-көзі кернеуін  $U_{сп}$  қамтамасыз етеді. Бұл режим далалық транзистор  $U_{зип}$  қақпасына бойынша кернеу ығысуы қамтамасыз етеді. Бұл кернеу Резистор  $R$  және ағымдағы  $I_{сп}$  ( $U_{Rи} = I_{сп} R_{и}$ ) өту арқылы қалыптасады және резистор  $R_3$  арқылы гальваникалық байланысты салдарынан қақпа қолданылады. Резистор  $R$  және қақпасы тартылысы кернеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ қосымша  $I_{сп}$  тұрақтандырушы ТТ күшейткіш жұмыс режимін температурасы тұрақтандыру үшін қолданылады. Шығыс каскадтар – бұл қуаттылық күшейткіші. Олар максималды мүмкіндікті ПӘК және минималды жолақсыз бұрмаланулардың жүктемесінде максималды қуаттылық алуға қызмет етеді.


Микроэлектроникада  $A$  класы ПӘК-тің төмендігінен сирек қолданылады. Ең жиі қолданылатыны  $B$  және  $AB$  класты екі тактілік күшейткіштер.

#### 1.2.1 Қарапайым екі тактілік схема.

$B$  класстық күшейткіштің қарапайым екі тактілік схемасын комплиментарлық транзисторларда қарастырайық (1.5 суретті кара).



**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**




1.5 сурет

$VT_1 - n-p-n$ ,  $VT_2 - p-n-p$  – типті транзистор.  
 $R_n$  жүктемесі эмиттерлі тізбекке жалғанған, яғни транзистор схема бойынша ортақ коллекторға қосылған, сондықтан, бұл эмиттерлік қайталағыш ток күшейтудің үлкен коэффициентінің шартынан, қуаттылық жағынан үлкен күшейту береді.

Тыныштық кезінде екі транзистор да жабық күйде, себебі  $U_{об} = 0$  (класс В).

Кірісіне ауыспалы кернеудің дұрыс доғасын жібергенде  $VT_1$  – ашылады, ал  $VT_2$  – жабылады. Ток  $+E_1 - KЭ_1 - R_n - E_1$ -дан ағындайды.



1.6 сурет


Кірісіне ауыспалы кернеудің кері доғасын жібергенде  $VT_1$  – жабылады,  $VT_2$  – ашылады. Ток  $+E_2 - R_n - ЭК_2 - E_2$ -ден ағындайды. Осылайша, схема екі тактілі жұмыс жасайды: бірінші тактіде  $VT_1$  ашық,

екіншіде -  $VT_2$ , яғни күшейткіштің шығысында екі полярлы сигнал орын алады.

Қуаттылықта күшейту коэффициенті  $K_p = I_3 / I_6 = \beta + 1$ .

Схеманың кемшілігі, ол жолақсыз бұрмаланудың жоғары коэффициенті. Ал 1.6 суретте

бірлескен таралатын  $I_3 = f(U_6)$  сипаттама келтірілген. Шығысында дұрыс және теріс доғаның ұзақтығы сигналдың жартыпериодынан да аз (синусоиданың бөлігі күшеймейді). Шығыс  $I_3$  тоғында импульстік характер бар, яғни өз спектрінде көптеген гармоникалары бар. Ол кішкене  $U_{шығ}$ -да,  $U^*$  ерекше маңызды.




1.7 сурет

### 1.2.2 Екітактілі қуаттылық күшейткіш.

Кернеудің деңгейінің жылжыту схемасынан жолақсыз бұрмалануларды болдыртпау үшін, транзисторлар қорына бөлек ығысулар кіреді (1.7 суретті қара).  $VD_1$  және  $VD_2$  диодтарында  $U^*$  кернеудің құлауы пайда болады, ол  $VT_1$  координата басынан транзистордың жұмыс нүктесін солға және  $VT_2$  – оңға бұрады (1.8 суретке қара).

Тасымалдау сипаттамасы түзу жолақты білдіреді. Осыдан келіп, жолақсыз бұрмаланулар азаяды. Бұл диодтар әр кезде ашық, себебі  $E_1 + E_2$  қорек көзінің сомалық кернеуі кіріс сигналынан әрқашан көбірек.




1.8 сурет

Базалық тізбекте трансформаторсыздық күшейткіштің қуаттылығын кернеуді бөлгішімен түрлерін қарастырайық (1.9 суретті қара). Мұндай схема басқаша қосымша симметриясы бар схема деп аталады. Мұнда  $R_1, R_2, R_3$  –  $AB$  класында ығысуды тудыру үшін кернеуді бөлгіш.

$R_1 = R_3 \gg R_2$  шарты орындалуы керек.

Ортаңғы  $R_2$  нүктесі нөлдік потенциалға ие екені айқын. Екі транзистордың базасы ауыспалы токпен жерленген деп есептеп, кіріс кернеуін базалардың біреуіне жіберу керек. Сигнал бір фазадан екі транзисторға берілетіндіктен, олар кезекпен жұмыс жасайды. Әдетте  $R_2$  орнына диодтар қояды. Әр диодта  $U^* = 0,7 \text{ В}$  құлайды, ол  $AB$  класты тәртіпті қамтамасыз ететін ығысуды тудырады.



1.9 сурет - Ортақ коллектормен транзисторларды қосу схемасы

### Бақылау сұрақтары

1. Жалпы негізбен күшейткіш каскадтар
2. Жалпы эмиттермен күшейткіш каскадтар
3. Далалық транзисторлардағы күшейткіш каскадтар

### 5 Тақырып. Қуат күшейткіштері

Қандай да болмасын күшейткіш қуат күшейткіші болып табылады. Сондықтан да, қуат күшейткіші дегеніміз жүктемеге нақты немесе максимальды мүмкін қуатты беретін қуатты күшейткіштер, кейде шығу күшейткіштері деп те аталады. Бұл күшейткіштер үлкен ПӘК

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

пен жиілік және сызықтық емес бұрмалаулардың шектелген деңгейлерінде жұмыс жасауға тиіс. Сөйтіп, қуатты шығу қакадтары үлкен сигнал режимінде істейтіндіктен, олардың ең маңызды көрсеткіштері болып мыналар аталады: жүктемеге берілетін қуат (немесе қуат бойынша күшейту коэффициенті), ПӘК, сонымен қатар күшейтілетін сигналдың сызықтық емес бұрмалаулардың деңгейі. Күшейткіштің ПӘК-ті мен сызықтық емес бұрмалауларының деңгейі жұмыс нүктесінің бастыпқы орнына өте қатты байланысты болады. Сызықтық емес бұрмалаудың мүмкін ең төменгі деңгейі А классы режимінде қамтамасыз етілуі мүмкін, ал максималді мүмкін ПӘК В және С классы режимінде болады.

Қуатты күшейткіштерді біртақтылымен қатар екітақтылы орындалуында жобалап жасайды. Біртақтылы каскадтар әдетте А классы режимінде жұмыс істейді, ал екітақтылы В және С режимінде.

Біртақтылы А классы режиміндегі қуат күшейткіші

Каскадтың принципіальды электрлік схемасында транзистордың коллекторы шығыс трансформатордың біріншілік орамасы арқылы бірден ток көзіне қосылады. Сондықтан, кіріс сигнал жоқ болғанда статистикалық жүктемелік түзу тіптен тіке жүреді, себебі трансформатор орамасының тұрақты токқа кедергісі тіптен аз, ал Ек –ның мәнін, тогы жүргенде - резисторына түсетін кернеуден әлдейқайда үлкен қылып алады.

Әдетте,

Кіріс сигналы берілген кезде, транзистордың коллектор тізбегіндегі кедергісі, трансформатордың біріншілік орамасына келтірілген күшейткіштің жүктемесінің кедергісімен анықталады.

Қуат күшейткішінің В классы режиміндегі екі тактылы каскады.

Қуат күшейткіштерінің бір тактылы каскадтарының біраз айтарлықтай кемшіліктері бар, бұлар:

каскадтың кішкене пайдалы әсер коэффициенті;

күшейткіш аспап пен шығыс трансформатордың магнит өткізгішін магниттейтін, тұрақты токтар тудыратын салыстырмалы үлкен сызықтық емес бұрмалаулары;

салыстырмалы үлен жиіліктік бұрмалаулары.

Сондықтан, көбіне В классы режиміндегі қуатты, әрі экономды екі тактылы күшейткіш каскадтар қолданылады.

Орталық жүктеме жұмыс істейтін, схеманың екі бірдей симметриялы иығын құрайтын екі элементом (транзистордан) тұратын каскадтарды екі тактылы деп атайды.

Трансформаторлық кірісі мен шығысы бар В классында жұмыс істейтін екі тактылы қуат күшейткішінде қандай да болмасын уақыт моментінде екі транзистордың тек қана біреуі ашық болады. Егерде, кіру жағында генератордан сигнал берілмесе, онда екі транзистор Т1 және Т2 екеуі де жабық, себебі олардың эмиттерлері – базалық өткелдерінде потенциалдар айырымы жоқ, өйткені эмиттерлерге бірден, ал базаларға Тр1 трансформаторының екіншілік орамасының жартысы арқылы қоректену көзі Ек-дан +Uк кернеуі беріліп тұр.

Екі тактылы трансформаторлы В классындағы күшейткіштердің ерекшеліктері:

Токтар айырмасында тұрақты құрамалар жоқ болғандықтан шығыс трансформатор салмағы жағынан жеңіл, аумағы жағынан кіші;

Токтар айырмасында жұп гармоникалық жоқ, сондықтан жиіліктік бұрмалау коэффициенті тек үшінші гармоникамен бағаланады;

Схема симметриялы болғандықтан әртүрлі фондар, әсіретпелер, бөгеулер әлдеқайда аз болады.

Ал кемшіліктеріне:

Трансформатор иықтарын өте қатаң симметриялау керек;

Ортақ нүктеден шығу сымдары бар екі трансформатор қажеттігі.

**Бақылау сұрақтары**

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

1. Қуат күшейткіш дегеніміз не?
2. Қуат күшейткіш класстарын ата

## 6 Тақырып. Көпкаскадты күшейткіштер

Жалпы мәліметтер мен анықтамалар. Ғылым мен техниканың көпетеген салаларында, әсіресе басқару жүйелерінде қайсыбір электр сигналдарын күшейту қажеттігі туындайды, ол сигналдар уақыт өтуімен айнымалы немесе тұрақты болуы мүмкін. Осы мақсатта қолданылатын қондырғылар күшейткіштер деп аталады.

Бірінші реттік сигналдардың (күшейтілетін кіріс сигналдарын) көзі датчик деп аталады, олардың негізгі функциясы (қызметі) физикалық тегі әртүрлі өлшенетін параметрлерді электр сигналдарына айналдыру. Датчиктердің физикалық принциптері мен құрылымдары әр алуан, мысалы, индукциялық, индуктивтік, резистивтік, сымдылық, пьезоэлектрлік, магнитострикциялық, фотоэлектрлік және т.б. [1].

Күшейткіштерді классификациялау көрсеткіштері де әртүрлі. Күшейтілетін сигналдардың тегіне қарай олар айнымалы (гармониялық, импульстік, күрделі пішінді) сигналдар күшейткіштері және тұрақты ток күшейткіштері болуы мүмкін. Қуаты жағынан аз қуатты, орта қуатты және қуатты күшейткіштер болып бөлінеді. Күшейтетін сигналдардың жиілігіне қарай төменгі жиілікті – дыбыс жиілігіндегі күшейткіштер, аралық жиіліктер күшейткіштері, жоғары жиілікті күшейткіштер болып бөлінеді. Сонымен қатар, кіші жолақты және кең жолақты болып бөлінеді. Көбінесе өте жіңішке жолақты күшейту қажеттігі туындайды, ондай кезде қолданылатын күшейткіштер селективті күшейткіштер деп аталады [9]. Күшейткіштер электрондық лампалар, биполяр және өрістік транзисторлар, туннельдік диодтар, магниттік элементтер және т.б. негізінде жасалады.

Күшейткіштердің техникалық сипаттамаларына мыналар жатады: сигналдың шығыс қуаты, шығыс кернеуі немесе тогы, күшейту коэффициенті, ПӘК-і, өткізу ені, тұрақтылық температурасы, бейсызықтық қисаю коэффициенті, шулық көрсеткіштері, сезімталдығы, кіріс кедергісі және т.б.

Шығыс кернеуі, тогы, қуаты сияқты шығыс параметрлері күшейткіштің пайдалану мақсаты мен жүктеменің типіне байланысты болады. Егер жүктеме активті болса, аталған параметрлер былай анықталады:

$$U_{\alpha} = I_{\alpha} R_{\alpha}; P_{\alpha} = I_{\alpha} U_{\alpha} = I_{\alpha}^2 R_{\alpha} = U_{\alpha}^2 / R_{\alpha}.$$

Кіріс шамалары мына формулалармен есептеледі:

$$U_{\beta} = I_{\beta} R_{\beta}; P_{\beta} = I_{\beta} U_{\beta}; R_{\beta} = U_{\beta} / I_{\beta}.$$

Күшейту коэффициенті күшейткіштің шығыс кернеуінің кіріс кернеуіне қатысы ретінде анықталады:

$$K = \frac{U_{\alpha}}{U_{\beta}}.$$

Көпкаскадты күшейткіштер үшін жалпы күшейту коэффициенті әр каскадтың күшейткіш коэффициенттерінің көбейтіндісі ретінде анықталады:

$$K = K_1 K_2 \dots K_n.$$

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ


Күшейткіштің шығыс тізбегінің ПӘК-і шығыс тізбегінен берілетін сигнал қуатының оның қорек көзінен алатын қуатына қатынасы:

$$\eta = P_{\sim} / P_0.$$

Күшеткіштің ПӘК-ін басқаша да – жүктемедегі қуаттың барлық қуат көздерінің қуаттарының қосындысына қатынасы ретінде есептеу түрі бар:

$$\eta = P_{\sim} / \sum P_i.$$

Күшейткіш тізбегінде реактив элементтер (сымдылықтар, индуктивтіліктер) бар болса, сигналдың жиіліктік спектрінің біркелкі емес күшеюіне әкеп соғады, яғни жиілік және фаза бойынша қисаюлар пайда болады. Қисаю дәрежесі күшейткіштің жиіліктік сипаттамасымен анықталады, ол осы жиіліктегі күшейту коэффициентімен сипатталады. 28 суретте күшейткіштің шартты амплитудалық-жиіліктік сипаттамасы (АЖС) келтірілген.



28 Сурет – Транзистордың амплитуда-жиіліктік және фазалық сипаттамасы

Күшейткіштің белгілі бір жиіліктегі жиіліктік қисаюы салыстырмалы күшеюмен немесе жиіліктік қисаю коэффициентімен анықталады:

$$Y = K / K_{i\delta\delta}, \quad M = K_{i\delta\delta} / K = 1/Y.$$

Жиіліктік сипаттаманың орта тұсында бұл шамалар өзара тең және мәні бірге тең болады:


$$M = K = 1.$$

Бұл шамалар бірден қаншалықты ауытқыса, қисаю да соншалықты күшті болады. Жиіліктік қисаюдан басқа бейсызықтық қисаю болады. Ол схеманың әрбір элементінің сипаттамасының бейсызықтығына негізделген, мысалы, транзистордың кіріс сипаттамасының бейсызықтығына байланысты. Сипаттаманың бейсызықтығынан транзистордың кірісіне берілген идеал синусоида транзистордан шыққанда берілген синусоидадан басқа жоғары гармоникалар бар болатын басқа сигналға айналады. Бейсызықтық қисаю деңгейі (гармоникалар коэффициенті) бірінші гармоника амплитудасының барлық гармоникалар амплитудаларының квадраттарының қосындысының квадрат түбіріне қатынасымен анықталады:


**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

$$\frac{U_{1m}}{\sqrt{\sum_{i=1}^n U_{im}^2}}$$

Күшейткіштерде теріс кері байланыс (КБ) маңызды роль атқарады. Кері байланыс сигналын шығыстан алып, оны күшейткіштің кірісіне беру тәсілдеріне қарай кері байланысты төр түрге бөлуге болады [6.9]. КБ түрлерінің атауы екі сөзден тұрады: бірінші сөз кіріске сигналдың қалай берілетінін білдіреді, екіншісі – шығыстан қалай алынатынын анықтайды. КБ-тың түрлерін қарастырайық:




29 сурет – Тізбектей-параллель КБ




30 Сурет – Параллель-параллель КБ

Параллель КБ кезінде кіріс бойынша токтар қосылады.



31 Сурет – Параллель-тізбектей КБ



32 Сурет – Тізбектей-тізбектей КБ

Теріс КБ күшейткіштің кейбір сипаттамаларын біршама өзгертеді, мысалы, күшейткіш параметрларының тұрақтылығын жоғарылатады, бірақ бұл кезде күшейту коэффициенті мына заңдылыққа сәйкес төмендейді:

$$K_{EA} = K / (1 + \beta K).$$

Мұндағы  $\beta$  - КБ күшейту коэффициенті,  $K$  - КБ жоқ кездегі күшейту коэффициенті.


Кез-келген тізбектей КБ (кіріс бойынша да, шығыс бойынша да) сәйкес кедергіні  $(1 + \beta K)$  есе жоғарылатады. Кез-келген параллель КБ сәйкес кедергіні  $(1 + \beta K)$  есе төмендетеді.  $\beta K$  көбейтіндісі тұрақты күшейту деп аталады.

### Бақылау сұрақтары

1. Күшейткіштердің техникалық сипаттамаларына не жатады
2. Көпкаскадты күшейткіш сипаттамаларын ата?

### 7 Тақырып. Тұрақты ток күшейткіштері

Тұрақты токтың күшейткіштері (ТТК) деп- нольдік жиілікке дейін, баяу өзгертін сигналдарды күшейтуге арналған құрылғы 9.1-суретте. Тұрақты токтың күшейткішінің АЖС-сі көрсетілген. ТТК-ның ерекшелігі күшейткіш каскадтарды бір-бірінен ажыратуға арналған жеке элементінің болмауында, және де сигнал көздері мен тұрақты токтың жүктемесінде.



Сурет 9.1. Тұрақты токтың АЖС күшейткіші

Осылайша нольге жуық жиілік сигналдарын беруді жүзеге асыру үшін, ТТК-де біртекті (гальваникалық) байланыс қолданылады. Біртекті байланыс ауыспалы токтың қарапайым күшейткіштерінде элементтер сандарын кеміту үшін, интегралды орындалуды қарапайым орындау үшін, ығысу тұрақтылығы үшін т.б. қолданылады. Бірақта мұндай байланыс күшейткіштерге бір қатар өзгерістер енгізеді: оның орындалуын және қолданылуын қиындатады.

Сигналдардың баяу өзгеруін жақсы бере отырып, біртекті байланыс әр каскадқа керекті режимді бұзады және жұмыс нашар орындалады.

ТТК-ін жасағанда екі басты мәселені шешу керек: көрші каскадтағы потенциалдар деңгейінің үйлестігі және ток пен кернеудің шығыс деңгейінің дрейфтік азаюы (тұрақсыздық).

ТТК құрылу әдістері (тұрақты ток күшейткіштерінде) үш қорек көзін біреумен айырбастауға болады.  $R_1$  мен  $R_2$  Э.Қ.К. ығысуды туғызады;  $R_3$  пен  $R_4$  - Э.Қ.К. компенсациялау. Кемшіліктері: кіріс сигналдың көзі мен шығыс кернеуі

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

ортақ нүктесі жоқ, яғни мұндай схеманы қолдану ыңғайсыз. Бұл кемшілікті жою үшін екіполярлы қорек көзін қолдану керек.

*Күшейткіштің нөлдік дрейфі*

ТТК күшейту каскадтарын қолдану нөлдік дрейф шектеледі. Нөлдік дрейф (нөлдік деңгеймен) бастапқы мәннен күшейткіш шығысында ток пен кернеудің ауытқуы *өздік ауытқуы* деп аталады. Бұл эффект сигналдың кірісте жоқ боған кезде де қадағаланады. Сонымен нөлдік дрейф көрінеді, ТТК кіріс сигналымен шақырылған сияқты, онда оны нақты сигналдан айыру қиын. ТТК дрейфтік нөлін төмендету мақсатымен келесі терең ТКБ(тұрақты кері байланыс) қолдану әдістері болу мүмкін, термокомпенсациялық элементтерді қолдану, тұрақты тоқты айнымалыға түрлендіру және келесі түзеткіштігі бар айнымалы тоқты күшейту, баланстық схемада күшейткішті құру және т.б. Нөлдің дрейфі себебі: қорек көздің тұрақсыздығы, температура әсері, уақыт ағымымен параметрлерді өзгерту арқылы аспаптарды қоректендіру пункті.

1) Қорек көзінің тұрақсыздығы.

$E_K$  ұлғайсын делік  $\Rightarrow \uparrow E_{CM} \Rightarrow \uparrow I_B \Rightarrow \uparrow I_K \Rightarrow \uparrow U_{RK} \Rightarrow U_{шығ}$  кішірейеді,  $U_{шығ}$  демек өзгерту көбірек болады,  $E_K$  өзгерісіне қарағанда. Кішірейсе және азайсада,  $K_U > 1$ , яғни өзгерістер көп болады, температура өзгерісіне қарағанда

2) Температура өзгерісі.

Температура өскенде, ұлғайып  $\beta \Rightarrow \uparrow I_K \Rightarrow \uparrow U_{RK}$ ,  $U_{шығ}$  төмендейді.

$U_{ДР.шығ.МАХ}$  – максималды  $U_{шығ}$  нөлдік.дрейф

$$U_{ДР.МАХ} = \frac{U_{ДР.ВЫХ.МАХ}}{K_U} \quad (9.1)$$

$U_{кір} \gg U_{ДР.кір.МАХ}$  үлкен болу керек, болмаған жағдайда біз шығыста нөлдік дрейфі пайдалы сигналдан кері жағдайда айыра алмаймыз.

Нөлдік дрейф эффективті күресу әдісі - салыстырмалы көпірлік базасында күшейткіш каскадтарын қолдану.

*Дифференциалдық күшейткіштер*


Қазіргі кезде дифференциалды ( параллельді-балансты немесе әртүрлі)

күшейткіштер көп тараған. Оларды жұмыстың үлкен тұрақтылығы

ерекшелейді, кіші нөлдік дрейфі, дифференциалды сигналдың үлкен күшейткіш коэффициенті және синфазды бөгеуді (помеха) өткізудің үлкен коэффициенті.

Сурет-9.3. Дифференциалды күшейткіштің (ДК) қарапайым вариантының принципі бойынша орындалады, екі иықтары  $R_{к1}$  және  $R_{к2}$  резисторлар арқылы, қалған екеуі Т1 және Т2 транзисторлармен құралған. Жүктеме кедергісі транзисторлардың коллекторлар аралықтарында қосылады, яғни көпірдің диагональында.  $R_э$  резисторын транзистор эмиттеріне қосылған деп есептеуге болады. Дифференциалды күшейткіштің көзі екі қорек көзі арқылы жүзеге асуы, осы жағдай көңіл аударартады, кернеулері (модул бойынша) бір-біріне тең болады. Осындай әдіспен ДК –тің қосылғыш кернеуі  $2E$  тең.





Сурет 9.3. ДК принципіалды схемасы

Екіншілік қорек көзін ( $-E$ ) қолдану Т1 және Т2 эмиттер потенциалдарын жалпы шинаға дейін төмендетуге рұқсат еткізеді. Бұл жағдай ДК кірісіне, кернеуді компенсациялайтын қосымша енгізусіз сигнал беруге мүмкіндік туғызады. ДК жұмысын сараптауында 2 ортақ иықты көрсету қабылданған, біреуі – транзистор Т1 және резистор  $R_{к1}$ , екіншісі- Т2 транзисторы және  $R_{к2}$  резисторы. ДК әрбір ортақ иығы ОЭ каскады болып саналады. Олай болса, ДК-ш ОЭ екі каскадынан тұрады екенін, шешуге болады. Транзистордың жалпы эмиттер тізбегіне  $R_э$  резистор қосылған, олардың жалпы тогы беріледі. ДК сапалы және сенімді өзінің функциясын орындау үшін, және де ұзақ уақыт процессінде өзінің көрсеткіштері мен уникалды қасиеттерін сақтау, реалды күшейткіштерде екі негізгі талаптарды орындау керек. Осы талаптарды кезегімен қарастырамыз.

Бірінші талап ДК екі иық симметриясында тұрады. ДК құрастыратын, өзі бойынша ОЭ каскадтарының сәйкесті көрсеткіштерін қамтамасыз ету керек. Ол үшін  $R_{к1} = R_{к2}$ , Т1 және Т2 транзисторлардың көрсеткіштері бірдей болу керек. Осыған орай монолитті ИС жақын орналасқан элементтер бірдей дерлік көрсеткіштері бар. Демек, монолитті ИС бірінші талаптары ДК орындалды. Бұл “дерлік” ДК іске асыру идеалды түрде болмаса да, бірақ та жақсы параметрлермен, ДК екіншілік негізгі талаптар міндетті шарт түрінде орындалу керек.

Екінші негізгі талап синфазды сигнал үшін терең ТКБ қамтамасыз етуден тұрады. Амплитудалары, пішіндері мен фазалары бірдей сигналдарды, яғни ұқсас сигналдарды синфазды деп атайды.

Егер ДК кірісінде сурет 9.3.  $U_{кэ1} = U_{кэ2}$  бар болса, ұқсас фазаларымен сәйкес келетін, онда ДК кірісіне синфазды сигнал келді деп айтуға болады. Синфазды сигналдарды әдетте бөгеттер мен дәлдіктермен шарталады. Оларда ылғи да үлкен амплитудалары бар (пайдалы сигналды едәуір асыратын) және қаланбайтын болып келеді, қандай да болсын күшейткіш жұмысы үшін зиянды. Екінші негізгі талапты орындау ДК резистор  $R_э$  енгізу арқылы іске асады. Егер ДК кірісіне синфазды бөгеттің сигналы келетін болса, онда Т1 және Т2 транзисторлар ашылады және олардың эмиттер токтары өседі. Нәтижесінде

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

резистор бойынша осы токтардың қосымша өсімшелері өткенде, ТКБ сигналы пайда болады. Осы кезде ДК ортақ иығын құрайтын ОЭ каскадының синазалық сигналына арналған кернеу арқылы күшейткіш коэффициентінің кішірейуі байқалады,  $K_{исф1}$  және  $K_{исф2}$ . Синфазалық сигналға арналған ДК күшейткіш коэффициенті  $K_{исф} = K_{исф1} - K_{исф2}$  бірінші негізгі талапты орындау есебінде  $K_{исф1} \approx K_{исф2}$  кіші мән алуға мүмкіндік туады  $K_{исф}$ , яғни синфаздық бөгеттер беру керек. Енді ДК жұмысын қарастырамыз негізгі жұмыстық кіріс сигнал үшін – дифференциалды. Дифференциалды (фазаға қарсы) деп ұқсас амплитудасы бар, фазаға қарсы сигналды атаймыз. Кіріс кернеуі ДК кіріс арасына берілген деп есептейміз, яғни әрбір кіріске кіріс сигналдың амплитудалық мәнінің жартысы ғана келеді, қарама-қарсы фаза бойынша. Егер  $U_{кпр1}$  қарастырылған мезетте оң жартытолқын болып келсе, онда  $U_{кпр2}$  – теріс болады.

$U_{кпр1}$  әрекет есебі бойынша Т1 транзистор ашылады, оның эмиттер тогы оң өсімше  $\Delta I_{Э1}$  алады, ал  $U_{кпр2}$  әрекет есебі бойынша Т2 транзистор жабылады, оның эмиттер тогы теріс өсімше  $\Delta I_{Э2}$  алады.

Резистор тізбегінде тоқты өсімшелеген нәтижесінде  $R_{Э} \Delta I_{RЭ} = \Delta I_{Э1} - \Delta I_{Э2}$ . Егер ДК ортақ иығы идеалды симметрияланған болса, онда  $\Delta I_{RЭ} = 0$ , демек, ТКБ дифференциалды сигнал үшін жоқ. Бұл жағдай ОЭ әрбір каскадынан, қарастырылған күшейткіште, демек, барлық ДК – тен үлкен күшейткіш алуға рұқсат береді. Осыдан күшейткіштің аталуы шығады- дифференциалды. Дифференциалды кіріс сигнал үшін қандай да болмасын мезетте кернеу Т1 және Т2 транзисторлардың коллекторларында қарама-қарсы фазада тұрады, онда жүктемеде екі есе шығыс сигналдың шығуы болады. Сонымен, резистор  $R_{Э}$  синфазды сигнал үшін ТКБ туғызады. Сондықтан, реалды ДК-те идеалды симметрия иығын іске асыра алмаймыз, онда  $R_{Э}$  дифференциалды сигнал үшін ТКБ шығарады, бірақ шағын тереңдікпен, иықтың симметриясы жақсы болған сайын, ТКБ кіші болады. Кішігірім тізбекті ТКБ-ты ток бойынша ДК каскадтарына береміз  $R_{01}$  және  $R_{02}$  резисторлар көмегімен. Жоғарыда айтылғандай, бұл резисторлар кішігірім номиналдары бар (шала өткізгіш төсеніш бөлімдері), сондықтан олармен ТКБ жасау үлкен емес және ДК күшейткіш қасиетіне әсер етпейді.

Сонымен, ДК екі негізгі талаптарды орындаған кезде, нөлдік дрейф кіші болғанда, дифференциалды сигналдың жақсы күшейтумен және маңызды басылмалы синфазды бөгетті тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. ДК кіріс сигналдың қорек көзі мен жүктеме кедрегісі қалай қосылғандығына байланысты, оның қосылу схемасы бойынша айыру керек.

### *Тыныштық режимі*

Қосамыз  $E_{K1}$  и  $-E_{K2}$ ;  $U_{кпр1} = U_{кпр2} = 0$ ,  $U_{БЭП1} = U_{БЭП2} > 0$ ,  $U_{БЭ} = -U_{ЭП}$ .

Ионды-сәулелік тұндыру кеңістікте күрделі жылжытулар жасамай-ақ көлемді денелер бетіне үлдірді бір қалыпты салуға, төсеніштің қалыпты температурасында эпитаксиаль қабаттарды өсіруге, тығыздығы жоғары үлдірлерді алуға мүмкіндік береді.

Қолданылуы: *Cds*, *CdTe*, *CdSe* типті және т.б. қосылыстардың үлдірлерін алу және олардың негізінде фотоқабылдағыштарды, күн батареяларын, акустоэлектрондық құрылғыларды жасау.

## Ионолитография

---

**Ионолитография** (*Ионды-сәулелік литография*, ИЛ) — кескінді жеңіл элементтерді (мысалы,  $He^+$ ,  $O^+$ ,  $N^+$ ,  $Ar^+$  және т.б.) иондар шоғымен тасымалдауды іске асыратын литографияның қазіргі жаңа түрі.

ИЛ-ның екі әдісі бар: *сканирлейтін* ИЛ, *проекциялық шаблонды* ИЛ. Фокустелген сәулесі бар сканирлейтін ИЛ сканирлейтін электронды литографияға ұқсас. Мұнда пластина үстіне тікелей суретті көшіріп түсіретін қондырғылар қолданылады. Осындай қондырғыша бастаудан шығатын иондар линзалар жүйесінің көмегімен резистпен жабылған пластинаға фокустеледі. Жарықтандыру кезінде фокустелген сәуле дәл берілген орынға түсіріліп, электростатикалық ауытқытатын жүйе көмегімен пластина бетінде кішкене аудан бойынша сканирленеді.

Аумақ шеттеріндегі сәуле қимасының ұлғаюынан сканирлеу ауданы шектелген ( $1$  мм<sup>2</sup>-тан аспайды). Пластинаның толық бетіне кескіндеу әрбір аумақта орналасқан арнайы белгілерді сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады. Осы литография өлшемдері  $0,03—0,3$  мкм болатын шағын элементтерді жасау үшін қолданылады.

Шаблоны бар проекциялық ИЛ резистпен жабылған пластинадан аз қашықтықта орналасқан шаблонды коллимацияланған сәулемен жарықтандыруға негізделген. Шаблонда орналастырылған иондарды жұтатын үлдірдегі тесіктер топологияның жарықтандырылатын пішін үйлесімін (конфигурациясын) анықтайды. ИЛ рентгенолитографияға ұқсас, екі әдісте де фокустелмеген сәулелендіру көздері мен бірдей шаблондар қолданылады.

## Ионорезист

---

**Ионорезист** - энергиясы  $30$  КэВ-тен бірнеше МэВ-ке дейінгі жеңіл элементтер ( $H^+$ ,  $N^+$ ,  $O^+$ ,  $Ar^+$ ) иондарының әсеріне сезімтал болатын сұйық резист.


Ионорезист ионолитографияда қолданылады.

Ионорезистпен қалыптастырылатын қабаттың қалыңдығы  $0,1—0,6$  мкм. Позитивті Ионорезисттің негізі полиметакрилат пен полисульфондар туындылары; негативті Ионорезисттің негізі полакрилат, полистирол, полидиендер.

## Ионосфера

---

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ



**Ионосфера** - 60-80 км биіктіктен басталатын, жер магнитосферасының жоғарғы бөлігін қамтитын атмосфера қабаты. Бұл қабатта күн радиациясының ультракүлгін, рентген және ғарыштық сәулелердің әсерінен атмосфералық газдар молекулаларының ыдырауынан газдардың иондану, электрондардың шоғырлану дәрежелері аса жоғары болады.

Радиотолқынды шағындыру қасиетін пайдаланып, тәжірибе арқылы ионосфераның төрт қабаттан тұратыны анықталған: **D** қабаты (60—80 км), **E** қабаты (80-120 км), **F** қабаты (220-400 км). Бұл қабаттар жыл бойы және тәулік бойы өзгеріп отырады. Мысалы, D қабаты бір орында тек күндіз пайда болады да, түнде жойылып кетеді. F қабаты таңертен минимум шегінде болса, күннің екінші жартысында максимум шегіне жетеді. Жазда ол F1 және F2 қабаттарына бөлінеді. Сондықтан бір толқын арқылы белгілі бір қашықтықтағы пунктпен уақыт бойынша тұрақты байланыс орнату мүмкіндігі өте төмен болады. Сондай-ақ, орта толқынның D қабатында жұтылу дәрежесі жоғары болғандықтан, бұл толқында күндіз радиохабарды тарату тиімсіз. Арнайы институттар немесе зертханалар алдын ала зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жер бетінің қай аумағында қандай толқынның қай мезгілде, қандай дәрежеде таратылатынына болжам жасап, мүдделі орындарға тиісті ақпараттар таратып отырады.

## Бақылау сұрақтары

1. Ион деген не?
2. Ион тозаңдану деген не?
3. Иондық лигерлеу деген не?

## 16 Тақырып Ақпаратты бейнелеуге арналған аспап

Энергетика шаруашылығы көп өндірістік кәсіпорындарының негізгі жүйесі болып саналады. Себебі, энергетиканың арқасында энергетикалық күрделі процестер және өндірістік технологиялық түрлендірулер жасалады. Энергетиканың басты және негізгі міндеті - кәсіпорындарды, түрлі шаруашылықтарды және мекемелерді, жеке тұрғындарды, оқу және ғылыми институттарын электр энергиясымен қамтамасыздандыру болып саналады. Сондықтан да энергетикалық есептеудің келесі мәселелерге мәні зор:

- энергоресурстарды шығындау мен өзіндік нарқын анықтау;
- кәсіпорын ішінде шаруашылық есеп жүргізу;
- шығындалған энергия үшін сыртқы мекемелермен есеп айырысу;

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

- энергетикалық бақылау мен энергетикалық баланс құру.

Энергоресурстарды есептеуге және санауға қажетті ақпараттарды алу үшін түрлі–түрлі әдістер мен тәсілдер, түрленгіштер мен құрылғылар қолданылады. Соның ішінде басты тәсіл болып электр параметрлерінің шамасын өлшеу болып саналады. Тек қана соларды өлшеу нәтижесінде энергоресурстарды есептеу, не бақылау және басқару үшін керекті ақпараттарды аламыз.

Өлшеу – физикалық құбылыстар мен процестердің шамалары туралы сандық ақпарат алудағы негізгі тәсіл. Жаңа машина және апаратты жасағанда, не қиын технологиялық өндірістік процестерді жүргізгенде көп физикалық шаманы өлшеуге тура келеді. Бұған көбісіне бейэлектрлік шамалар жатады, олар механикалық, жылулық, химиялық, оптикалық және акустикалық болып бөлінеді. Кәзіргі кезде бейэлектрлік шамаларды түрлендіру және өлшеу үшін электрлік әдістер мен тәсілдер, аспаптар мен құралдар көп қолданады. Себебі, олардың қолдануда келесі ерекшеліктері және оңтайлықтары бар:

1. Олардың сезімталдығын (чувствительность), не өлшеу ауқымын (диапазон) оңай өзгертуге болады.
2. Жиілік ауқымы кең болғандықтан олардың инерциясы аз болады.
3. Алыстан өлшеу, бірден көп не әртүрлі шамаларды өлшеу, топтастыру не орталықтан оңай басқару.

«Ақпарат» деп, мағынасы адамға түсінікті және қабылдайтын құрылғы оқи алатын бағыттағы нақты хабарды айтады. Автоматтандыру техникасында бұл шамалардың нақты мәні туралы әрі жеке процестердің сипаттамалары туралы хабар болады. Ақпарат жүйе ішінде дереу өңделу немесе есте сақтау құрылғысына алдын ала ендірілу қажеттілігіне қарай әртүрлі тасығыштар мен ақпаратты бейнелеу құралдары пайданылады. Ақпаратты беру және өңдеу үшін электр сигналдары қолданылады. Әртүрлі басқару құрылғылары мен есептеу техникасында ақпаратты сигналды түрлендіру арқылы өндейді.

Ақпараттық өлшеу жүйелерінің (система) құрамына келесі блоктар мен құрылғылар жатады:

- ақпаратты алу мақсатында түрлендіргіш (датчиктер);
- күшейту, түрлендіру (преобразование) мен кодтау үшін күшейткіштер мен түрленгіштер, өлшеу құрылғылары мен құралдары;
- бағдарламалық немесе алгоритмдік математикалық және логикалық (қисындық) құрылғылар;
- автоматтық басқару, өзіндік бақылау, диагностика, коммутация құрылғылары.

Сонымен, ақпараттық өлшеу жүйелеріне (АӨЖ) тұтынушыға керекті ақпаратын қамтамасыз етіп отыратын, функционалды түрде ақпараттық арнаға біріктірілген, метрологиялық параметрлері алдын–ала анықталған өлшеу құралдары мен қосымша техникалық құралдар жатады. Демек, энергообъектілердің жұмыстық параметрлері әр

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

уақытта бақыланып және керекті шамада сақталынып отыру керек. Сонымен, бақылау және энергообъектілерді басқару процестерін орындау тек қана ақпараттық өлшеу жүйелерінің негізгі міндеті болып саналады.

Өлшеуіш ақпарат – өлшейтін объект және өлшеу процесстері туралы өлшеу арқылы алынған дербес хабар. Алғашқы ақпараттың негізінде өлшеу процесі орын алады.

Өлшеу – зерттейтін параметрдің мөлшерін табудағы метрологиялық оператордың жұмысы. Бұл параметрлерді физикалық шама (ФШ) деп атайды.

Өлшейтін шама бір – біріне сәйкес келетін әдістер мен өлшеуіш құралдардың арқасында өлшем бірлігімен (ӨБ) салыстырылады. Өлшем бірлігі халықаралық келісіммен әр физикалық шамаға тұрақты өлшемде белгіленген және оның сандық мәні бірге тең. Физикалық шаманы өлшегенде соған сәйкес өлшем бірлігімен салыстырамыз. Өлшенген ФШ ның өлшем бірлігіндегі үлесін, не одан қанша есе аз не көп екенін білу үшін милли, микро, кило, мега және т.б. деген қосымша жұрнақ қолданылады.

Өлшеу процесінің ғылыми негізі болып метрология саналады. Метрология – өлшеу туралы ғылым, оның техникасы және өлшеуіш құралдарды қолдану, онан кейін, өлшемдердің біркелкілігін ұйымдастырып, заң жүзінде сақтау.

ҚР «Өлшемдердің біркелкілігі туралы» заңы өлшеу процестердің сапалылығын көздейді: оның тұрақтылығын және әр өлшеу нәтижесі бір біріне сәйкес келуін сақтайды. Сонымен, өлшеу процестердің басқы әдістері және тәсілдері. метрологиялық жұмыстың іргесін қалайды. Әдетте, метрологиялық жұмыс халықаралық түрде стандартталған. Ол үшін мынандай ұйымдар бар:

МКТИ – техникалық өлшеуден халықаралық конференция; МОЗМ – заңды метрологиядан халықаралық ұйым. Осы ұйымдардың кепілдемелерінің қоятын басты мақсаты: өлшеу нәтижелері өлшем бірлігімен белгілену керек және өлшеу қателіктерінің мәні де көрсетілуі керек.

Ақпараттық өлшеу техникасы метрологияның тәжірибелік және қолданбалы түріне жатады. Ақпараттық өлшеу техникасының (АӨТ) басты міндеті болып өлшеуді жүргізу және оны бағалау, өлшеудің тәсілдері мен құралдарын практикалық қолдану болып саналады. АӨТ екі топқа бөлінеді: бірінші, жұмыстық (өндірістік) өлшеу техникасы, екінші, үлгілі (нақты, лабораториялық) өлшеу техникасы. Сөйтіп, ақпараттық өлшеу техникасы өлшеу процесіне қатысты барлық теориялық және тәжірибелік мәселелерді тегіс қамтиды.

Өлшеу процесі оператормен (бақылаушымен) келесі функциялық сұлбамен жүргізіледі.

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ



1.1 Сурет. Өлшеу процессінің функциялық сұлбасы

Көрсетілген әрекеттердің (операциялардың) неге керек екенін және неге жататынын көрсетейік.

Өлшейтін объект – электростанция, қосалқы станция, таралу құралғылары, генераторлар (өндіргіш), қозғалтқыштар (двигательдер).


Өлшенетін физикалық шама – электр тоғы, кернеу, қуат, электр энергиясының шығыны, жиілік.

Өлшеудің әдісі – белгілі кепілдеме жүзінде, қолдану тәжірибесіне және оператордың тәжірибесіне сәйкес алынады.

Өлшеу құралы – қолданылатын әдіске байланысты, құралдың табылуына және өлшеу жағдайына сәйкес алынады.

Өлшеу қателігі – теориялық және тәжірибелік есептеу әдістеріне байланысты.

Өлшеу нәтижесі – халықаралық стандарттармен салыстырылады. ФШ өлшеу кең ауқымда (диапазон) өзгереді. Мысалы, энергетика объектілеріне кездесетін электр кедергісі Омның мыңнан бір бөлігінен тераОмға дейін өзгеруі мүмкін. Ең көп тараған өлшеу әдісі – тікелей өлшеу әдісі болып табылады. Келесі суретте өлшеу әдістері көрсетілген.



1.2 Сурет – Өлшеу әдістері сұлбасы

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

Тікелей өлшеу әдісін қолданғанда физикалық шама бірден өлшеуіш құралдың көрсеткішінен өлшенеді. Салыстырмалы әдісте: физикалық шаманың мәні белгілі өлшеммен салыстырылады. Көпке белгілі салыстырмалы әдіс – нөлдік әдіс.

Өлшеу құралдары мына түрлерге бөлінеді:

1. Өлшемдік құралдар – бұл физикалық шаманы бірден табатын құралдар.
2. Өлшеу құралдар, аспаптар – олар аналогтік, цифрлық, өзі жазатын, интегралдық болады. Бұлар өлшеу нәтижесін бірден береді, оны, оператор бірден байқайды.
3. Өлшеуіш түрлендіргіштер – масштабтық, бір ФШ екіншіге айландырады. Бұл құралдар ФШ-лардың шығыс параметрін кіріс параметрлеріне пропорционал жасайды.
4. Өлшеуіш қондырғылар – алдынала белгіленген өлшеу әдістерімен өлшеу құралдарының жинағы.

Басқарылатын не өлшейтін объекті мен өлшеуіш жүйелердің шығыстық құрылғылары арасында әрқашан физикалық шама – электр сигналы тектес өлшеуіш түрлендіргіштер болады. Осындай түрленгіштерді түрлендіргіш датчиктер деп атайды.

Электрондық есептеу машинасын пайдаланатын автоматтық жүйелерде ақпаратты беру және өңдеу негізінен «1» және «0» электр сигналдарының комбинациясының дискретті жиынтығы түрінде өтеді. Бұл жағдайда алдымен физикалық шама электр кернеуіне, содан кейінгі кезеңде сигналдардың дискретті жыйынтығына түрленеді. Сонымен, түрлендіргіш датчиктер физикалық шаманы бір мәнді байланысқан электр (не басқа) сигналына түрлендіреді. Олардың мынандай түрлері болады: механикалық (күштік, сығу-созу); электрлік; магниттік; электромагниттік (сәулелену); гравитациялық; жылулық.

Барлық түрлендіргіш датчиктер қызмет принципі бойынша параметрлік не генераторлық деп екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа өлшенетін шаманың мәні электр тізбегінің параметрлеріне, яғни кедергіге, индуктивтікке, сыйымдылыққа түрленетін түрлендіргіш датчиктер жатады. Бұл жағдайда қосымша қоректендіру көзі қажет. Генераторлық түрлендіргіш датчиктерде әртүрлі энергия тікелей электр энергиясына түрленеді.

Түрлендіргіш датчиктердің статикалық сипаттамасы деп, өлшенетін ( $x$ ) шамамен түрлендіргіш датчиктің шығысындағы сигналдың ( $y$ ) арасындағы  $y=f(x)$  функционалдық тәуелділікті айтады.  $F(x)$  функциясын түрлендіру функциясы деп те атайды. Шығыстық  $y$  шамасының аз өсімшесінің кірістік  $x$  шамасының аз өсімшесіне қатынасын түрлендіргіш датчиктің сезімталдығы деп атайды:  $S=\Delta y/\Delta x$ . Түрлендіргіш датчиктің сезгіштік деңгейі деп, оның шығысында сигналдың өзгерісі ( $\Delta y$ ) пайда болуына сәйкес келетін түрлендіргіш датчиктің, кірісіндегі шаманың ( $\Delta x$ ) аздаған өзгерісін айтады. Сигналдың деңгейлік өзгерісі деп ( $\Delta y$ ), шығыстық сигналдың керекті аспаптар арқылы тіркеуге жарайтын ең кіші мәнін айтады. Түрлендіргіш датчиктің деңгейлік сезімталдығы сигналды өңдейтін электр түрленгіштердің не тіркеуіш аппараттардың техникалық сипаттамаларына сәйкес болуы керек.

## Бақылау сұрақтары

1. Энергетикалық есетеулерде қандай мәселелер бар?
2. Өлшеу процессінің функциялық сұлбасын түсіндір

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

3. Өлшеу деген не?

4. Өлшеу құралдары қандай түрлерге бөлінеді:

## 17 Тақырып Интегралдық микросұлбалар

Конструктивті – технологиялық белгілері бойынша интегралдық микросхемалар жартылайөткізгіштік (монолитті), пленкалық, гибридтік және бір-бірімен сыйысқан ИМС-тар деген кластарға бөлінеді.

Жартылайөткізгіштік ИМС-тарда барлық элементтер жартылайөткізгіш технологиялық операция процесінде ортақ жартылайөткізгіш астарлық қабаттың (кремнийдің кристалы) үстінде жасалынады.

Пленкалық интегралдық микросхемаларда барлық элементтер диэлектриктен жасалған табанның (пассивті астарлық қабат) үстіне жұқа қабыршық болып жапсарылады. Қалың пленкалы және жұқа пленкалы ИМС-тар бар.

Гибридті ИМС-тарда пассивті элементтер (резисторлар, конденсаторлар) диэлектрлік астарлық қабаттың үстіндегі жұқа пленка (қабыршақ) түрінде жасалып, ал активті элементтер (диодтар, транзисторлар) жеке-жеке өте кішкентай көлемді (микроминиаторлы) жасалып, схема тұрған платонның үстінен орын алады.

Бірімен-бірі сыйысқан ИМС-тарды жартылайөткізгіш және пленкалық микросхемалардың технологиясы негізінде жасайды, яғни транзисторлар мен диодтарды жартылайөткізгіштік ИМС-тардікіндей жасап, ал пассивті элементтер мен өзара қосылыстарды пленкалар түрінде астарлық қабаттың үстіне салады.

ГОСТ 17021-75 бойынша, бір микросхеманың корпусының ішіндегі элементтердің санына байланысты алты дәрежелі интеграция бар:

бірінші дәрежелі – 1-ден 10-ға дейін,

екінші дәрежелі - 10-нан 10 –ге дейін,

үшінші дәрежелі -                      дейін,

төртінші дәрежелі -                      дейін,

бесінші дәрежелі -                      дейін,

алтыншы дәрежелі -                      дейін элементтер санынан тұрады.

Көбіне 100-ден артық элементтері бар интегралдық микросхемаларды үлкен интегралдық микросхемалар (орысша қысқаша БИС) деп атайды.

Сонымен интегралдық микросхема дегеніміз біркелкі технологиялық циклда, бір бүтін көлемде немесе жартылайөткізгіш кішкентай кристалдың үстінде біртұтас жасалған, активті және пассивті элементтерден, оларды қосатын және қосылғыш элементтерден тұратын функционалдық (күшейткіштік, түзеткіштік, генераторлық және тағы басқалары)



# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

түйін. Жартылайөткізгіштік микросхемаларды жасау үшін диаметрі  $30\div 60$  мм, жалпақтығы  $0,25; 0,4$  мм болатын кремнийдің монокристалды пластикаларын қолданады. Бір пластинкада бірден саны көп  $/300\div 500\text{-дей}/$  бірдей функционалдық структуралар (элементтер мен өзара қосылғыштар тобы) группалық әдіспен істеледі.

Жартылайөткізгіштік микросхеманың элементтерін қалыптастыру үшін, яғни транзисторларды, диодтарды, резисторларды дайындап бірімен-бірін қосып немесе бірімен-бірін изоляциялап схема құру үшін мынандай технологиялық процесстерді қолданады:

- 1) кремнийді тотықтыру;
- 2) фотолитография,
- 3) диффузия,
- 4) эпитаксиальды өсіру;
- 5) металлизация.

Бұл процесстердің әрқайсысын жеке-жеке қарайық.

1) Кремнийді тотықтыру. Жартылайөткізгіштік интегралдық микросхемаларды өндіруде, диэлектрлік, қорғайтын және маскалайтын (кірме атомдардың жергілікті диффузия процессін жүргізгенде кейбір жерге кірме атомдарды өткізбейтін маска ретінде қолданатын) қасиеттері бар кремнийдің қос тотығы маңызды рөл атқарады.

Кремнийден жасалатын интегралдық микросхемаларды планарлық технологиямен дайындаған кезде әртүрлі тотықтырғыш ортадағы: құрғақ және ылғалды оттегіде, немесе судың буында жоғары температурада кремнийдің тотығу процессі жүргізіліп, оның тотығы алынады.

2) Фотолитография. Микросхемалардағы элементтердің берілген орналасу реті мен конфигурациясын сақтап жасау үшін фотолитография әдісін қолданады. Астарлық қабатта схема суретінің көшірмесін алу үшін алдымен схеманың фотооригиналын жасайды, осыдан кейін фотошаблон дайындалады. Фотооригинал дегеніміз - өте үлкен дәрежелі дәлдікпен үлкейтілген масштабта ( $100:1, 200:1, 500:1$ ) микросхеманың структурасының әрбір қабатының конфигурациясын көрсетіп, әдейі арнап жасалған чертеж. Фотошаблон дегеніміз - өте жоғары дәлдікпен  $1:1$  масштабта мөлдір материалға фотосуретке түсіру арқылы жасалған фотооригиналдың негативтік немесе позитивтік бейнесі. Фотошаблондарды дайындау үшін айырғыштық қабілеті  $1$  мм-де  $1200$  сызыққа дейін жететін фотопластикалар мен жоғары айырғышты оптика қолданылады. Соңғы уақытта элементтің өлшемі  $0,7\div 0,4$  мкм микросхемалар бар.

3) Диффузия. p-n өткелдерін алу үшін жартылайөткізгішке кірме атомдар кіргізетін әдіс ретінде диффузия маңыздылығы бойынша бірінші орында тұрады. p-n өткелдерінің қасиеттеріне микросхемалардың негізгі сипаттамалары тәуелді болғандықтан, ал p-n өткелдерінің қасиеттері диффузия арқылы жартылайөткізгіштерде пайда болатын кірме атомдардың роналасуына байланыстырылғаннан, диффузияға мынандай өте қатты талаптар қойылады, кіргізілген кірмелердің саны мен орналасуы, температура мен кіргізу уақыты өте қатаң қадағалануға тиіс.

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

4) Эпитаксия. Эпитаксия деп кристалл торының құрылысы, астарлық қабаттың құрылысын (структурасын) қайталайтын жартылайөткізгіш жұқа қабаттардың бағдарлап, жалғаса өсу құбылысын айтады. Жартылайөткізгіш жұқа қабаттардың (пенкалардың) эпитаксиальдық жалғана өсуі, кірмелердің диффузиясымен бірге жартылайөткізгіштік микросхемалардың транзисторлық структураларын алуға қолданылады.

Жартылайөткізгіш интегралдық технологиясындағы пенкаларды эпитаксиальды жалғаса өсіру әдістерін пайдаланудың мынандай бірқатар жақсы жақтары бар:

а) анықталған бағдарлы кристаллографиялық осьтері бар монокристаллдық жұқа қабыршақты жартылайөткізгіштерді алу мүмкіндігі;

б) жәй диффузияға қарағанда жақсы сипаттамалары бар транзисторларды алу мүмкіндігі;

в) пенкалардағы кірмелердің бірқалыпты орналасу мүмкіндігі (кірмелер диффузиясында бұл іс жүзінде тіпті мүмкін емес);

г) транзисторлық структураларды дайындап алу операциясының уақыттың қысқаруы (эпитаксиальдық пенкалардың өсу жылдамдығы өте жоғары, 5 мкм/мин 1270°С температурада).

5) Металлизация. Микросхемалардың планарлық структурасында схема аралық қосылыстар қостотықты кремнийдің изоляциялық қабатының үстіне салынған металл пенкалар арқылы жасалады. Схема аралық қосылыстарды құру процессі металлизация деп аталады. Ол үшін алтын, никель, қорғасын, күміс, хром, алюминий сияқты металдар пайдаланылады. Өткізгіштер мен контактық аудандардың керекті суреті фотолитография әдісі бойынша жасалады. Өткізгіштердің жуандығы мен олардың ара қашықтықтары 10÷13 мкм.

## 4.1. Интегралдық микросхемалардың пассивті, активті элементтері.

Енді микросхемалардың пассивті және активті элементтерінің жасалу технологиясына байланысты кейбір ерекшеліктері мен құрылымдарын қарап өтейік.

Бұларға резисторлар, конденсаторлар, индуктивтік катушкалар және схема аралық қосылыстар жатады.

Жұқа пенкалы ИМС-тарда резисторлар өткізбейтін табанның (астарлық қабаттың) үстіндегі екі контактінің арасына салынған жолақшадан немесе белгілі конфигурациялы пенкадан тұрады.

Резистордың кедергісін пенканың геометриялық өлшемдерін (енін, ұзындығы және жуандығын) өзгертумен қатар, пенканың материалын басқа материалмен ауыстырып та өзгертуге болады.

Металл пенкалы резисторларды нихромның, танталдың нитридының буларын тұндыру арқылы немесе керметтер деп аталатын металдар мен диэлектриктердің қоспасын жасайды. Керметтерді қолдану арқылы жоғары үлестік кедергілі резисторды жасауға

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

болады. Оларды астарлық қабатқа хром мен кремнийдің монототығының буларын бірден қатар тұндыру арқылы алуға болады.

Монолитті (біртұтас) ИМС-тарда резистордың ролін, соның ішкі көлемінде монолиттік ИМС-тағыжасайтын монокристалл жартылайөткізгіштің жеке ауданының көлемдік кедергісі атқарады. Бұл жағдайда кристалл астарлық қабат болып табылады.

Көбіне резисторларды, резистордың зонасын шектеген маска арқылы кірмелерді жергілікті диффузия жасау жолмен алады. Бұл процессте астарлық қабатта бірден осыған сәйкес транзисторлардың базалық және эмиттерлік қабаттары пайда болады. Осы диффузия технологиясымен жасалған резисторлар диффузиялық деп аталады. Бұл резисторлар базалық диффузия процессі жүріп жатқан уақытта жасалынады, яғни барлық транзисторлардың базалық қабаттары жасалып жатқан кезде олармен бірге бір уақытта істеледі.

Атап өткен жөн, ИМС-тарды жасағанда әрбір стадияда, әрбір кірменің (донорлық немесе акцепторлық) түрінің екі этапты диффузиясы жүргізіледі. Осындай диффузия процессі кезінде жартылайөткізгіштің үстінде тотық қабат пайда болады, бұл қабат келесі диффузияда (ИМС транзисторларының эмиттерлерін жасау процессі), бұдан бұрын жасалынған диффузиялық резисторды, оған кірмелердің кіріп кетуінен қорғайды. Содан кейін фотошаблондардың көмегімен фотолитография әдісін қолдана отырып, қышқылмен өңдеу арқылы контакт болатын жерлерден тотық қабаттар жойылады. Осы пайда болған терезешіктерге вакуумде, резистордың контактары болып табылатын алюминийді тозаңдатып жапсырады.

Диффузиялық резистордың резистордың  $R$  эквиваленттік схемасына, коллекторлық өткелі эпитаксиальды пленка мен астарлық қабаттан тұратын, ал эмиттерлік өткелі резистордың қабаты мен эпитаксиальды пленкадан тұратын транзистор кіреді. Контакттар мен қосылғыш электродтардың кедергісі эквиваленттік схемада  $R_1$  резисторы түрінде көрсетілген. Диффузиялық резисторлардың кедергісі 30 комнан аспайды, жасау қателігі  $10\div 20\%$ . Барьерлік сыйымдылықтар  $C_1$  және  $C_2$ -ның шамалары кішкентай, оларды есептемей-ақ қоюға болады.

ИМС-тарда екі түрлі конденсаторлар қолданылады. Жұқа пленкалы және р-п өткелінің барьерлік сыйымдылығын пайдаланатын конденсаторлар.

Жұқа пленкалы конденсаторлар (56,а-сурет) металл диэлектрик-металл болып үш қабатты структурадан тұрады. Диэлектрик ретінде тантал тотығы  $Ta_2O_5$ , цинк сульфиді  $ZnS$ , алюминий тотығы  $Al_2O_3$  және кремнийдің монототығы  $SiO$  немесе германиидың монототығы  $GeO$  қолданылады.

Кей кездерде конденсатордың астары ретінде, үстінде тотықтандыру әдісімен диэлектрик  $SiO$ -ның қабаты салынған кремниілік астарлық қабат (монолиттік ИМС-тарда) қолданылады. Ал диэлектриктің үстіне содан кейін екінші астар тозаңдатып жасалады.

Осы аталған технологиялық әдістермен үлестік сыйымдылығы  $1000$  пф/мм<sup>2</sup>-қа жететін конденсаторлар жасауға болады. Бұдан үлкен сыйымдылығы бар конденсаторларды жасау мүмкіндігі жоқ болғандықтан көбіне ИМС-тарды конденсаторсыз қалыптастыруға тырысады.

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

ИМС-тарды құру жолында индуктивтік катушкаларды жасау көп қиындық тудырады. Қазіргі уақытта кішкентай үлестік кедергісі бар материалды астарлық қабатқа индуктивтік катушка жасайтын жұқа пленка ретінде тұндыру арқылы орындалатын жұқа пленкалық технология қолданылады. Индуктивтік катушканы орамдары жиі орналасқан спираль түрінде жасайды (57-сурет). Индуктивтіктің номинальды шамалары 10 мкГн-ден аспайды. Индуктивтік катушкалардың өлшемдері ИМС-тің басқа элементтерінің өлшемдерінен үлкен болып келеді. Сондықтан да ИМС-тарды индуктивтік катушкаларсыз жасауға ұмтылады.

## Активті элементтері

Жартылайөткізгіш интегралдық микросхемаларда биполярлық және МДП транзисторлар қолданылады. Олар монолиттік технологиямен жасалады және n-p-n тектес транзисторлар пайдаланылады, себебі бұлардың электрлық параметрлері p-n-p түрлеріне қарағанда әлдеқайда жақсы болады.

Эпитаксиальды- планарлық транзистордың жасалу технологиясына тоқталып өтейік. Осы транзистордың жасалу этаптары мынандай:

- 1) n-тектес астарлық қабат тазаланып, жалтырланады;
- 2) оның үстіне эпитаксиальды қабат өсіріледі (қалыңдығы шамамен 15 мкм).
- 3) эпитаксиальдық қабаттың үстіне изоляциялық қабаты салынады;
- 4) тиісті масканы қолдана отырып, химиялық қышқылмен өңдеу және фотолитография әдісімен изоляциялық қабатта «терезе» жасалады;
- 5) осы терезе арқылы диффузияның көмегімен p-тектес кірмелер (көбіне бор) кіргізіледі, осылай база жасалады.
- 6) конструкцияны тегіс тағы  $\text{SiO}_2$  изоляциялық қабатымен жауып тастайды.
- 7) екінші рет химиялық қышқылмен өңдеу және фотолитография әдісін қолдану p - зонасының орталық ауданында жаңа «терезе» ашуға мүмкіндік береді;
- 8) осы «терезе» арқылы диффузияның көмегімен n-тектес кірмелер (ФОСФОР) кіргізіліп, эмиттер жасалады;
- 9) барлық конструкция үшінші рет  $\text{SiO}_2$  қабатымен жабылады;
- 10) эмиттер мен базаның қосылғыштары үшін өте кішкентай ойықтар жасау үшін, үшінші рет фотолитография әдісін қолданамыз.
- 11) осы ойықтарға металл (Al) қабаттар жапсырамыз – бұлар контакттық аудандар болып табылады. Оларға эмиттер мен базаның сыртқы қосылғыштары (электродтары) қосылады. Сол сияқты коллекторлық (астарлық) қабатқа да металлдық қабат жапсырылып, сыртқы қосылғыш сым жалғанады.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Аталып өткен процесстер группалық әдіспен жүргізіледі, сонда бір пластинкада ондаған, жүздеген микросхемалар жасалады, ал әр микросхеманың өзі көптеген транзисторлардан тұрады.

Жартылайөткізгіш микросхемалардың диодтарын биполярлық транзисторларағындай диффузиялық (эпитаксиальдық) қабаттар мен өткелдердің негізінде жасайды.

## Бақылау сұрақтары

1. ГОСТ 17021-75 бойынша, бір микросхеманың корпусының ішіндегі элементтердің санына байланысты неше дәрежелі интеграция бар?
2. Оларды ата
3. Жартылай өткізгіш микросхема процесстерін ата
4. Актив элементтер
5. Эпитаксиальды- планарлық транзистордың жасалу технология этаптарын ата.

## 2 бөлім Генераторлар мен импульсты құрылғылар

### 18 Тақырып Генераторларды сұрыптау. Негізгі параметрлері. Сызықтық тербеліс генераторлары.

Синхронды генераторлар қозғалмайтын статордан үш фазалы орамадан және біріншілік қозғалтқышпен (турбинамен) айналысқа келетін қоздыру жүйесінен тұрақты ток берілетін қоздыру орамды ротордан тұрады.

Ротордың айналу жиілігі  $n$  синхронды машиналарда айнымалы ток жиілігімен  $f$  келесі қатыныста болады

$$n = \frac{60f}{p} \quad (2.1)$$


мұнда  $p$  - жұп полюстер саны;  
 $f$  – жиілік.

Жиілігі 50 Гц және  $p = 1, n = 3000$  об/мин тең болады.

Турбогенераторлардың роторлары айқын полюсті емес, қоздыру орамасы ойыққа сәйкесті салынады. Орам айналымының үштен екі бөлігін алады. Сол себепті ротор тек қана салыстырмалы екі өзара перпендикулярлы осьтер  $d$  және  $q$  симметриялы болады, олар сәйкесті машинаның бойлық және көлденең осьтері деп аталады. Бойлық ось шартты түрде ротор центрінен өтеді және ротордың үлкен тісін 2.1. суретінде көрсетілгендей ортасынан бөледі.

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---



1 – ротордың үлкен тісі; 2 – ауалық саңылау; 3 – статор орамының өткізгіштері; 4 – ротор орамының өткізгіштері


2.1 - сурет  $\Phi$  ағынының генератордың бос жүрісінде орналасуы

Статор орамы ротор сияқты полюстер санымен орналасады. Машинаның жұмысы кезінде қоздырғыштағы тұрақты ток генератордың қоздыру орамынан өтіп, ротормен бірге айналатын магниттік ағынды-  $\Phi$  құрайды. Орналасқан режимде, яғни өзгеріссіз жүктемемен айналу жылдамдығында генератор білігіне әсер ететін моменттер қосындысы нөлге тең болады. Егер қандай да бір себеппен бұл шарт бұзылса, артық момент (айналатын немесе тежеуіштік) пайда болады және айналу жылдамдығы артады немесе төмендейді. Турбинаның айналу моменті өзінің шамасына теңестіріледі, бірақ ол турбогенератордың тежеуіштік момент белгісіне қарсы деп айтуға болады.

Бу турбинының айналу моменті қысымымен, температурамен, қалақшаға түсетін бу көлемімен және конденсатордағы вакуум тереңдігімен анықталады. Турбогенератор білігіндегі тежеуіштік момент статор және ротор арасындағы саңылауға түйсетін магниттік ағынның, өткізгіштегі токпен әрекеттесуінен пайда болады және турбина білігіндегі моментке қарсы келеді.

Турбогенератордың бос жүрісінде магнит ағыны  $\Phi$  осы ротор полюсінің осымен сәйкес келеді. Олардың арасындағы бұрыш  $\delta$  нөлге тең болады. Біліктегі нәтижелік момент соған сәйкесті шамасы артатын активті қуат  $P_r = 0$ .  $\Phi$  осымен ротор полюсі осының  $d$  арасында бұрыштық сырғу жоқ болса 2.2. суретінде көрсетілгендей дөңгелектің орамдық бөлігі теңдей төрт бөлікке бөлінеді.

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ



2.2 Сурет - Торапқа қосылған генератордың бос жүріс кезіндегі ротор орамасының өткізгішіне әсер ететін моменттер

Тоқ мәні әрбір өткізгіштерде бірдей, сол сияқты әрбір бөліктегі өткізгіштер саны да бірдей болады. Жеке өткізгіштер әртүрлі магниттік индукция аймағында болады В, бірақ әрбір бөліктегі индукция таралуы бірдей.

Осындай шарттарда әрбір бөлікте жеке сол қол ережесі бойынша түзілген күштеу және білікке келетін моменттер, шамалары бойынша тең және жұпталып компенсацияланады. Біліктегі нәтижелік момент және активті қуат нөлге тең.

Жүктеме кезінде  $\Phi$  ағыны мен  $d$  ось арасында бұрыштық жылжу -  $\delta$  пайда болады.

Жылжу кезінде полюс осьтері  $d$  машинаның магнитті ағынының осьіне қатысты  $\Phi$  нөлден тоқсанға дейін  $90^\circ$  деңгелек ротордың орам бөлігі жұпталған теңдей алты симметриялы бөлікке бөлінеді.  $A$  және  $K$  бөлігінде күштеу қарама-қарсы, ал  $C$  және  $D$  бөліктерінде сағат тілі бағытымен айналуға сәйкес келеді.

$L$  және  $M$  бөліктерінде өткізгіштегі тоқтың бағыты ғана емес, өткізгішке қатысты магнит өрісінің бағыты да әртүрлі болады. Сол себепті бұл бөліктерде күштеу және соған сәйкесті біліктегі моменттер бір бағытта әрекет етеді және қосылады.


Магнитті ағынның және ротор орамының бұл аймақтары белсенді әрекет ететін болып табылады. Олар білікке нәтижелік момент түзеді және турбогенератордың осы режимдегі активті қуатын анықтайды.

$d$  және  $\Phi$  арасындағы бұрыш үлкен болған сайын, белсенді әсер ететін аймақтар пішіні үлкен болады (2.3 суретте олар штрихталған).

Осыған қоса, бұл бөліктер жоғары магнитті индукция аймағында болады. Нәтижесінде білікке күштеу мен активті қуат артады.


**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---



2.3 Сурет - Жүктелу режимінде генератордың ротор орамдарының өткізгіштеріне әсер ететін моменттер.

90° бұрыштық сырғымада 2.4. суретте көрсетілгендей барлық орам белсенді әрекет етуші болып табылады.



2.4 Сурет - Максималды момент алу шарты

Осыған сәйкес, біліктегі момент пен активті қуат жоғары болады. Одан да жоғары сырғу кезінде белсенді бөліктер пішіні аз болады, біліктегі момент азаяды. 180° сырғу кезінде момент пен қуат нөлге тең. 270° сырғығанда қайтадан максимумға келеді, бірақ кері бағытта әрекет етеді. Полус осьтерімен ағынның арасындағы сырғу 180...360° болғанда турбогенератордың қозғалтқыш режиміндегі жұмысына сәйкес келеді.

### Бақылау сұрақтары

1. Ротордың айналу жиілік формуласын ата




2.  $\Phi$  ағынының генератордың бос жүрісінде орналасуы бойынша құрылысын түсіндір

### 19 Тақырып Импульстар қалыптастырушылар мен импульстар туралы түсінік

1. Импульстік құрылғылар деп импульстік сигналдарды (импульстерді) өндіруге, құрастыруға, түрлендіріге және бұрмалауланған емес беруге арналған құрылғыларды айтады.


Электрлік импульс дегеніміз әрекет ететін тек қана қысқа уақыт мерзімінде нөлден немесе тұрақты мәннен айырықша болатын кернеу немесе ток. Қысқа уақыт мерзімі электрлік жүйедегі орнатылу процесстердің ұзақтығынан аз немесе салыстырылған. Бір бібінің артынан жүретін импульстер жағдайында әдетте олардың арасындағы мерзімі орнатылу процесстердің ұзақтығынан көп асады. Қарама қарсы жағдайда осы сигналды *синусоидалды емес* кернеу немесе ток деп атайды. Осындай анықтама қатаң деп айтуға болмайды, өйткені өтпелі процесстер шексіз ұзақ өтеді. Бірақ ол жалпы жағдайдағы импульстерді күрделі пішінді кернеуден айыруға мүмкіндік береді.

2. Электрлік импульстердің көп түрлілігін *видеоимпульстерге* (12.1, а суреті) және *радиоимпульстерге* (12.1, б суреті) бөлуге келісілген. Импульстердің осы екі түрінің арасындағы байланысы радиоимпульстің орағытып өтетін видеоимпульс болып табылатындығында. Видеоимпульс толтырылған синусоида жиілігі *толтыры жиілігі* деп аталады. Әдетте видеоимпульстерді және олардың түрлендірілуін қарастырады, өйткені детектирлеуден кейін радиоимпульстер видеоимпульстер болып қалады. Радиоимпульстер көмегімен радиотехникалық тракттарда информацияны беруін жүргізеді. Сондықтан келешекте жай ғана импульстер деп аталған тек қана видеоимпульстер қарастырылады.




12.1 суреті. Видеоимпульс (а) және радиоимпульс (б)

Әр түрлі тағайындалуы бар импульстік құрылғыларда пайдаланатын импульстер пішіндері әр түрлі. Олардың ең көп тараған түрлері 12.2 суретте көрсетілген.




12.2 суреті. Идеалданған импульстердің пішіндері



12.3 сурет-көбірек күрделі және идеалданған импульс

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**




4. Электрондық кілт (ЭК) — бұл электрлік сигналдарды коммутациялауға арналған құрылғы.

Электрондық кілт сандық электроника құрылғылардың және күштік электрониканың өте көп құрылғылардың негізгі элементі болып табылады. ЭК-тің параметрлері және сипаттамалары сәйкес сұлбалардың қасиеттерін өте үлкен деңгейде анықтайды. ЭК параметрлердің және сипаттамаларының сапалық жақсаруы электрондық құрылғылардың радикалды жақсаруына әкеледі және жиі пайдаланатын сұлбалытехникалық шешулерді қайта қарастырумен бірге жүргізіледі.


ЭК-тің негізгі ерекшеліктерін білуі импульсті күштік құрылғыларды құрастыру кезінде маңызды шарты болып табылады. Осы білімдер сандық электроника құрылғыларды құрастыру кезінде де көмектеседі.

5. Коммутациялау сигналдың сипаттамасына байланысты электрондық кілттерді сандық және аналогтік деп бөледі. *Сандық кілттер* қоректену көзінің кернеуін немесе тоғын Коммутациялайды және шығарда сигналдың екі деңгейдің алуын қамтамасыз етеді. Бірі деңгей кілттің ашық күйіне, бірі жабық күйіне сәйкес келеді. *Аналогтік кілттер* крнеудің еркін пішіні болатын аналогтік информациянды сигналдардың қосылуын және ажыратылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар олар қолданатын өлшеуіш құрылғылардың сипаттамалары аналогтік кілттің сигналды беру сапалығына және оның коммутациясы кезіндегі пайда болатын тораптағы кедергілерден тәуелді.

Кілттердің жұмыс істеуін және олардың тәжіребеде қолдануын талдаған кезде келесі параметрлерді білу қажет: 1) кілттің қайта қосу уақытымен сипатталатын *тез әрекеттілік*; 2) оның аймағында кілттің кедергісі лезде өзгереді *шектік кернеуі*; 3) сигналдың минималды құламасы нәтижесінде болатын кілттің тоқтаусыз қайта қосу әрекеті деп түсінетін, *сезімталдық*; 4) электрондық кілттің кедергі импульстерінің әсер етуіне сезімталдығымен сипатталатын *кедергіге бикемділігі*; 5) ашық күйдегі кілттегі *кернеудің түсуі* және жабық күйдегі *жылыстау токтары*; 6) ашық және жабық күйдегі *кілттің кедергілері*.



12.5 сурет- қарапайым кілттің сұлбасы (а), оның шықпалық (б) және кірмелік сипаттамалары (в)



12.6 сурет – аналогтық сигналдарды коммутациялайтын кілттің сұлбасы (а), және транзисторды калыпты қосылғанда оның кірмелік сипаттамалары (б)

### Бақылау сұрақтары

1. Импульстік құрылғылар деген не?
2. Видеоимпульс және радиоимпульс сұлбаларын көрсет
3. Электрондық кілт деген не?
4. Кілттердің жұмыс істеуін және олардың тәжіребеде қолдануын талдаған кезде қандай параметрлерді білу қажет

## 20 Тақырып Мультивибраторлар, бір реттік вибраторлар

Импульстік техникада релакциондық генераторлар класына жататын тікбұрышты импульстардың генераторлары кеңінен қолданылады. Баяу өзгерістер секірмелі өзгерістермен араласып келіп отыратын тербелістерді релакциондық деп атайды. Мұндай тербеліс болып, жекелей алғанда, тікбұрышты және аратәріздес импульстар табылады.

Автотербелістік режимдегі генератор тербелісті үздіксіз генерациялайды. Күту режимінде генератор өтуімен бір импульс жіберетін сигналдың түсуін «күтеді».

Электр тербелісін жүзеге асыратын формасы бойынша тікбұрышқа жақын релакциондық генераторларға мультивибраторлар жатады.

Мультивибраторларды монолиттік интегралдық микросұлбалар түрінде шығарады, операциондық күшейткіштерде, сандық интегралдық сұлбаларда, сонымен қатар дискреттік компоненттерде орындайды; соңғы жағдайда олардың активті элементтері болып әдетте транзисторлар табылады.

### Транзисторлық мультивибраторлар

Тікбұрышты импульстар жиіліктің кең спектріне ие. Бұнымен тербелістердің көпшілігін білдіретін мультивибратордың атауы анықталады.


Мультивибратордағы процестер жайлы көрнекілік көріністі олардың сұлбаларын дискреттік компоненттерде қарастырудан алуға болады.

**Автотербелістік мультивибратордың негізгі сұлбасы.** Мультивибратордың әрекеті келесі жағдайларға негізделген. Тікбұрышты импульстар транзистордың коллекторында түзіледі: жазық шың  $\square$  транзистор жабық болғанда және оның коллекторы қатысты түрде өте жоғары (абсолюттік мәні бойынша) потенциалға ие болса; импульстар арасындағы пауза  $\square$  транзистор қаныққан және оның коллекторының потенциалы өте кіші болған кезде. Транзистордың көрсетілген жағдайларының ұзақтылығы сұлбаның периодты түрде зарядталып және зарядсызданатын қабілетке ие конденсаторларындағы кернеулермен анықталады. Импульстың күрделі фронттары оң кері байланыс пен сұлбадағы транзисторлардың күшейткіштік қасиеттерінің есебінен бір жағдайдан

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

екіншісіне көшкін тәрізді өтумен қамтамасыз етіледі; олардың бірігіп әрекет етуі потенциалдың әрбір транзистор электродындағы потенциалы таңбасы бойынша алдыңғысымен сәйкес келетін және оны мәні бойынша асып кетуіне алып келеді.

Негізгі сұлба бойынша жиналған мультивибратор (6.20, а - сурет) транзисторлық кілт-инверторларда тұрғызылған екі каскадтық резистивтік күшейткіш болып табылады.



а □ сұлба; б □ жұмыстың уақыт диаграммалары  
6.20 - сурет □ Автотербелістік мультивибратордың негізгі сұлбасы

Оң кері байланыс сұлбада бір кілттің шығысы екінші кілттің кірісімен байланысатындығының есебінен болады. Егер эмиттерге қатысты VT1 транзисторының базасының потенциалы, мысалға, терісірек болса, онда VT1 коллекторының (және VT2 базасының) потенциалы көбірек оң болады, ал VT2 коллекторының (және VT1 базасының) потенциалы – терісірек болады. Осылайша, потенциалдың біріншілік өсуіне кері байланыстың ілмегі бойынша бастапқы нүктеге түсетін сол таңбаның өсуіне қосылады. Оң кері байланыстың тізбегі тұйықталады және екі транзистор да ашық және күшейткіштік режимде жұмыс жасаған кезде қалыпты жұмыс жасайды.

Мультивибратордағы физикалық процестер. Мультивибратордың жұмысын қарастыруды VT2 транзисторы қаныққан, C2 конденсаторы (оның кернеуінің UC2 полярлығы 6.20, а - суретте көрсетілген) зарядсызданған және ондағы кернеу нөлге жақындаған кездегі сәттен бастап бастаймыз.

UC2 кернеумен транзистор VT1 жабық, себебі сұлба бойынша сол жақтағы қоршау C2 VT1 базасымен тікелей байланысқан, ал оң жақтағысы VT2 қаныққан транзистор арқылы VT1 эмиттеріне қосылған болады. Мұндай жағдайға сәйкесінше UB2=0, UK2=0 уақыт диаграммалары сәйкес келеді (6.20, б - сурет t1 уақыт моментіне дейін).

Түзілген импульстардың әрбір жалғасу периодын кезеңдер қатарына бөлуге болады.

Импульс фронтының түзілуі. C2 зарядсызданатын конденсатордағы UC2 кернеу шамамен нөлге тең болған кезде транзистор VT1 ашылады.

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Бірауқытта ашылған транзисторлар кезінде оң теріс байланыстың тізбегі тұйықталады – сұлбада көшкін тәріздес процесс үшін шарт құрылады. VT1 транзисторының ашылуы оның коллекторының теріс потенциалының кемуіне алып келеді. C1 конденсаторындағы кернеу лезде өзгере алмағандықтан бұл кернеудің оң секірмесі толығымен VT2 базасы мен эмиттері арасында қолданылады, бұл оның тізбегіндегі тоқтың азаюын шақырады. Осының нәтижесінде VT1 коллекторының потенциалы терісірек болады – кернеудің теріс секірмесі C2 конденсатор арқылы VT1 транзисторының базасына беріледі, бұл көбірек ашылуға алып келеді және т.б.

Базадағы әрбір кейінгі кернеудің секірмесі алдыңғысына қарағанда үлкен болғандықтан (транзисторлардың күшейткіштік қасиеттерінің есебінен) сипатталған процесс көшкін тәрізді өседі және микросекундтар бөлшегімен саналған аз уақыттың ішінде VT2 жабық болады. Бұл моменттен бастап оң кері байланыстың тізбегі үзіледі және көшкін тәрізді процесс тоқтайды. Сұлба параметрлері VT1 ашылатын транзистор қанығу режимінде болатындай етіп таңдалған. VT2 транзисторының жабылуына UK2 қисығының ab бөлігі сәйкес келеді (6.20, б - сурет).

Көшкін тәріздес процестің кезінде C2 конденсаторындағы кернеу өзгеріп үлгермейді. VT2 транзисторының жабылғаннан кейін ғана бұл конденсатор тізбек бойынша i3 тоғымен зарядтала бастайды: +ЕК □ «жер» □ эмиттер □ VT1 қаныққан транзистордың базасы □ C2 □ RK2 □ (-ЕК). Осының есебінен VT2 коллекторындағы кернеу UK2 = □ (ЕК □ i3RK2) орнатылған мәнге біртіндеп жақындайды (UK2 қисығы bc аумағы сурет 6.20, б көрсетілген). C2 конденсаторы зарядталған кезде (i3=0), коллектордағы кернеу UK2 ≈ □ ЕК мәнін қабылдайды. Осымен импульс фронтының қалыптасуы аяқталады.

Импульстың жазық шыңының қалыптасуы. t1 уақыт моментіне дейін бұрын жабық болған VT1 транзисторының коллекторына байланысқан C1 конденсатор UC2 ≈ ЕК кернеуіне дейін зарядталды (VT2 жабық транзисторының коллекторына байланысқан C2 конденсаторының зарядтылығына аналогты). VT1 транзисторы қаныққаннан кейін бұл конденсатордағы кернеу VT2 транзисторының базасы мен эмиттерінің арасына қойылған болады және оны жабық күйінде ұстап тұрады. Сондықтан да UK2 кернеуі өзгеріссіз қалады - VT2 коллекторында импульстың жазық шыңы қалыптасады.

VT1 қаныққан транзисторында конденсатор C1 тізбек бойынша зарядсыздануға мүмкіндік алады: +ЕК □ «жер» □ VT1 □ C1 □ RB2 □ (-ЕК). Ондағы кернеу нөлге жақын болған кезде VT2 транзисторы ашылады және сұлбада көшкін тәріздес процестер үшін шарт құрылады. Мұнда (t2 кезінде; 6.20, б - сурет) жазық шыңның қалыптасуы аяқталады.

Импульстардың қимасының қалыптасуы. Басталған көшкін тәріздес процесс енді тек қана VT1 коллекторында кернеу абсолюттік мәні бойынша жоғарыласа, ал VT2 коллекторындағы кернеу кему айырмашылығымен ғана сипатталғанға аналогты ағып өтеді. Нәтижесінде VT1 транзисторы жабылады, ал VT2 транзисторы қанығады □ VT2 коллекторында импульстардың қимасы түзіледі (UK2 қисығының de учаскісі 6.20, б - сурет).

Іркіліс. VT2 транзисторының қанығуынан кейін тізбек бойынша C2 конденсаторының зарядсыздануы жүзеге асады: + Ек □ «жер» □ VT2 □ C2 □ RB1 □ (-ЕК) (аналогты түрде сұлбаның сәйкес элементтері арқылы C1 конденсаторы ертерек зарядсызданады). UC2 кернеуі нөлге жақындамайынша VT1 транзисторы жабық болады, ал VT2 транзисторы қаныққан. VT1 ашылғаннан кейін VT2 коллекторындағы кезекті импульстың қалыптасуы басталады. Интервал t2 □ t3 (6.20, б - сурет) □ импульстар арасындағы іркіліс.

Сұлбаның көрсетілген жағдайы (транзистор VT1 жабық, транзистор VT2 қаныққан, конденсатор C2 зарядсыздануда) мультивибратордың жұмысының қарастырылуы басталған жағдаймен сәйкес келеді.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

$t_2 \square t_3$  интервалында  $C_2$  конденсаторының зарядсыздануымен қатар келесі тізбек бойынша  $C_1$  конденсаторының зарядталуы жүзеге асады:  $+E_K \square$  «жер»  $\square$  эмиттер  $\square$  база  $VT_2 \square C_1 \square (-E_K)$ . Аналогты түрде  $VT_1$  транзисторы қаныққан кезде, ал  $VT_2$  транзисторы жабық болған кезде  $C_2$  конденсаторы бұрынырақ зарядталды.

Мультивибратордың қарастырылған жұмысынан  $VT_1$  транзисторы қаныққан кезде және  $C_1$  конденсаторы зарядсызданғанда,  $VT_2$  транзисторы жабық болатындығы;  $VT_2$  транзисторы қаныққан кезде және  $C_2$  конденсаторы зарядсызданғанда  $VT_1$  транзисторы жабық болатындығы шығады.


Осылайша,  $VT_2$  коллекторында импульстың қалыптасуы  $VT_1$  коллекторындағы импульстар арасындағы іркіліске сәйкес келеді және керісінше, ал  $VT_2$  базасындағы кемітуші потенциал  $VT_1$  базасындағы нөлдік потенциалға шамамен сәйкес келеді және керісінше. Бұл 6.20, б - сурет көрсетілген, мұнда  $U_{B2}$  және  $U_{K2}$  уақыт диаграммаларынан басқа  $U_{B1}$  және  $U_{K1}$  сәйкес ауытқыған диаграммалары келтірілген.

Конденсатордың зарядсыздануы (мысалы,  $C_1$ )  $VT_1$  транзисторының көшкін тәріздес жабылуының арқасында үзілмесе, онда конденсатор қайта зарядталуы мүмкін еді, яғни ондағы кернеу ( $VT_2$  транзисторының базасында) полярлығын өзгертуі қажет еді және мәнді экспоненциальды жетеді —  $E_K$  (6.20, б - сурет пунктир қисықтар).

Қарастырылып отырған процестердің ерекшеліктері болып сонымен қатар ашылатын транзистордың негізіндегі кері лақтырыс табылады. Осылайша,  $VT_2$  транзисторының ашылуы кезінде (мысалы, 6.20, б - сурет моменті) ол  $VT_1$  жабылатын транзисторының коллекторынан теріс ауытқудың  $C_1$  конденсаторы арқылы беруге негізделген, ал  $VT_1$  транзисторының ашылуы кезінде -  $VT_2$  жабылатын транзисторының коллекторынан теріс ауытқуының  $C_2$  конденсаторы арқылы берумен.

Түзетуші диодпен мультивибратор. Мультивибратордың негізгі сұлбасы (6.20, а - сурет) пішіні тікбұрыштыдан ерекшеленетін импульстарды генерациялайды: теріс импульстың беткі көрінісі жатық болады. Бұл ауытқудың себебі болып  $C$  конденсаторының  $R_K$  резисторы арқылы зарядталуы табылады, осының себебінен коллектор потенциалы  $U_K \approx -E_K$  мәніне біртіндеп жақындайды.

Импульстар пішінінің байқалатын жақсаруын түзетуші диодпен мультивибратор сұлбасы қамтамасыз етеді (6.21, а - сурет).  $C_1$  ( $C_2$ ) конденсаторының зарядының тоғы бұл жерде  $R_{K1}$  ( $R_{K2}$ ) КОЛЛЕКТОРЛЫҚ РЕЗИСТОРЫ АРҚЫЛЫ ЕМЕС, АЛ  $R_1$  ( $R_2$ ) РЕЗИСТОРЫ АРҚЫЛЫ ТҰЙЫҚТАЛАДЫ, БҰЛ  $VD_1$  ( $VD_2$ ) ДИОДЫ АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ. Бұл сұлбада диодтар (біржақты өткізгіштікке ие) көшкін тәріздес процестердің дамуына қарсы тұрмайды.



а)

а  $\square$  сұлба, б  $\square$  импульс пішіні

6.21 - сурет  $\square$  Түзетуші диодпен мультивибратор



б)

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

VD1 жабық диоды C1 конденсаторының зарядының тоғын RK1 резисторына өткізбейді. Осының арқасында жабық транзистордың коллекторындағы кернеуі сұлбаның аударылуынан кейін негізгі сұлбаға қарағанда -ЕК –ге жылдамырақ жақын орнатылады (6.21, б - сурет). VD2 диодының VT2 транзисторының коллекторындағы түзілген импульстар пішініне әсер етуі аналогты. Одан басқа, сақтайтын конденсаторлардың соңына дейін зарядталуы басқа резисторлар арқылы жүзеге асырылады, сұлба жұмысы (сурет 6.20, а және 6.21, а) ерекшеленбейді.


**Күтуші мультивибратор.** Мультивибратордың жұмысының автотербелістік режимі үшін тұрақты жағдайдың болмауы сипатты, осының нәтижесінде сұлба импульстарды үздіксіз генерациялайды.

Кей жағдайда уақыттың белгілі мерзімдерінде дара импульстарды алу қажет. Мұндай мәселені шешу үшін мультивибраторға бір тұрақты жағдайды қамтамасыз ету қажет. Әдетте оның нәтижесінде сұлба мұндай жағдайдан өздігімен шыға алмайтын мультивибратордың иықтарының бірінде күшейткіш элементті жабу арқылы алады. Бұл жағдайда генерацияның пайда болуы үшін сыртқы іске қосушы импульс қажет. Сұлба мұндай импульсты «күтетіндіктен», мультивибраторды *күтуші* деп атайды. Оны сонымен қатар, *біримпульсты* вибратор (әрбір іске қосылуы кезінде тек бір импульс жүзеге асырылады) және *тежелген* мультивибратор деп атайды.

Іске қосушы импульстың мәні жабық күшейткіш элементті сәл ашуға келтіріледі, яғни көшкін тәрізді процестің пайда болуына жағдай туғызу. Сондықтан да іске қосушы импульс белгілі өрістілікке, сонымен қатар сәйкес амплитуда мен ұзақтылыққа ие болуы қажет.

Қалыптасуы кезінде аударылғаннан кейін сұлба тұрақты (бастапқы) жағдайға өздігінен және көшкін тәріздес қайтатын тұрақсыз жағдайда болады, ал содан кейін одан келесі іске қосушы импульспен шығарылады.

Күтуші мультивибраторлар тежеу элементтері ретінде қолданыла алады. Шын мәнінде, егер күтуші мультивибратормен қалыптасқан импульстарды дифференциалдаса, ал содан кейін өрістілігі іске қосушы импульстардың өрістілігімен сәйкес келетін импульстарды қиятын болсақ, онда алынған тізбелілік іске қосушылардың тізбелілігіне қатысты тежелген болып шығады. Тежелу уақыты  $t_3$  мультивибратордың тұрақсыз жағдайына келуіне сәйкес келеді. 6.22 - суретте кернеудің уақыт диаграммалары бейнеленген: транзистор коллекторларында және шығыстық кернеуде шектегіштен кейін іске қосушы.






**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

6.22 - сурет □ Кернеудің уақыт диаграммалары

Күтуші мультивибраторлардың бірнеше түрлері бар. Коллекторлық-базалық байланыспен күтуші мультивибраторлар жиірек қолданылады. Мұндай мультивибратордың сұлбасын (6.23, а - сурет) автотербелістік мультивибратордың сұлбасынан алу оңай (6.20 - сурет), егер оған +ЕБ ауытқу көзін енгізсе.

Сұлбаның бастапқы жағдайы бірімәнді: VT1 транзисторы +ЕБ ауытқу көзімен жабылған, VT2 қаныққан. Сонымен қатар C1 конденсаторы келесі тізбек бойынша зарядталу мүмкіндігіне ие: +ЕК □ «жер» □ T2 транзисторының эмиттерлік өтуі □ C1 □ RK1 □ (ЕК1).

Импульсты генерациялау үшін сұлбаны тұрақты жағдайдан шығару қажет. Осы мақсатпен VT1 транзисторының базасына Ср бөлуші конденсаторы арқылы теріс іске қосушы импульс беріледі. Екі ашық транзистор кезінде сұлбаның аударылуына алып келетін көшкін тәріздес процесс дамиды: VT1 транзисторы ашылады, ал VT2 жабылады. Енді C1 конденсаторы (VT1 ашық транзисторы арқылы) VT2 транзисторының базасына қосылған болады және оны жабық жағдайда ұстап тұрады. C1 конденсаторының келесі тізбек арқылы зарядсыздануының (қайта зарядталуының) мөлшері бойынша: + ЕК □ «жер» □ VT1 ашық транзисторы □ C1 □ RB2 □ (-ЕК) □ VT2 транзисторының базасының потенциалы нөлге дейін кемиді және ол ашылады. Осы кезден бастап нәтижесінде VT1 транзисторы жабылатын, ал VT2 транзисторы ашылатын жаңа көшкін тәріздес процесс басталады. C1 конденсаторының зарядкасының аяқталуы бойынша RK1 резисторы арқылы сұлба бастапқы тұрақты жағдайға оралады.



6.23 - сурет □ Коллекторлық-базалық байланыстармен күтуші мультивибратор

## КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

Берілген сұлбада  $VT1$  транзисторы жабық жағдайда  $C2$  конденсаторының кернеуімен емес, ал  $+EБ$  көзінің кернеуімен ұсталады. Сондықтан да  $VT2$  коллекторының  $VT1$  базасымен байланысын  $R$  резисторы арқылы жүзеге асыруға болады. Мұндай ауыстыру кезінде  $VT2$  транзисторының коллекторынан  $VT1$  транзисторының базасына кернеудің тиімді ауытқуын қамтамасыз ету үшін  $R$  резисторын үлкен емес сыйымдылықты  $C$  конденсаторымен блоктайды (6.23, б - сурет).


**Синхронды мультивибратор.** Айнымалы кернеудің автотербелістік жүйеге әсері кезінде генерацияланушы тербелістің жиілігі өзгертін және әсер етуші кернеудің жиілігіне тең немесе еселік болатын режим мүмкін болады. Мұндай әсерлі синхронизация деп атайды. Ол бірнеше генератордың жұмысының қатаң уақыттық келісімі үшін қажет.

Қалған барлық генераторлардың жиіліктерін анықтайтын синхрондаушы генератор релакциондық сияқты синусоидальқ тербелістің генераторы болады, әдетте кварцтық тұрақтанумен. Соңғы жағдайда синхронизация синхрондалушы генератордың тербеліс жиілігінің тұрақтылығын жоғарылатады.

Күрделі фронтпен қысқа мерзімдік синхроимпульстарды қолдану синхрондалушы генератор мен синхрондаушы сигналдың қатаң уақыттық келісімін қамтамасыз етеді.

Мультивибратордың негізгі сұлбасының синхрондалуы кезінде жүзеге асқан процестерді қарастырамыз.

Әдетте синхроимпульстар база тізбегіне енгізіледі (6.24, а - сурет). Олардың түсуіне дейін мультивибратор  $T$  периодымен тербелісті генерациялайды. Транзистордың базасындағы оң кернеу одан да үлкен шамаға ие  $t1$  мезгілінде бірінші теріс синхроимпульс түсетін болсын (6.24, б - сурет). Сонымен қатар төмендеген кернеу транзистордың ашылу деңгейінен де жоғары және сұлбаның жағдайы бұрынғы қалпында сақталады:  $VT1$  транзисторы жабық күйінде қалады,  $VT2$  транзисторы  $\square$  ашық, ал  $C2$  конденсаторы зарядсыздануын жалғастырады. Аналогты түрде екінші синхроимпульс та әрекет етеді. Үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы импульстар  $VT1$  транзисторы ашық болған кезде оның базасына түседі және сондықтан да сұлбаның аударылуын шақырмайды. Тек қана  $t2$  мезгілінде жетінші импульстың әсерінен  $VT1$  жабық транзисторының базасындағы кернеу нөлден төмен болады және ол ашылады. Пайда болған ток  $iK1$   $VT1$  коллекторының потенциалының жоғарылауын негіздейді. Нәтижесінде  $VT2$  базасына  $iK2$  тоғын кемітетін кернеудің оң секірмесі беріледі және т.с.с.



Осылайша, жетінші синхроимпульс сұлбаның аударылуын оның өздігінен аударылу уақытына қарағанда  $\Delta t$  уақытқа ерте шақырады.


$VT1$  транзисторының ашық жағдайының ұзақтылығы өзгеріссіз қалғандықтан (ол бұрынғысынша  $C2$  жылдамдығымен анықталады) келесі өздігінен аударылатын сұлбалар ( $t3$  кезінде; 6.24, б - сурет)  $\Delta t$  уақытқа ерте жүзеге асады. Нәтижесінде  $VT1$  транзисторының базасындағы кернеу сұлба қайтадан уақытынан бұрын аударылатын сегізінші импульстың түсу мерзімінде төменгі деңгейге жетеді. Аналогты жағдай сұлбада тоғызыншы, оныншы және келесі барлық импульстардың келу кезінде түседі, яғни сұлба синхрондалу режимінде жұмыс істей бастайды. Сонымен қатар,  $VT1$  транзисторының жабық жағдайының ұзақтылығы және тербеліс периоды толықтай алғанда  $t2$  уақытынан бастап түскен синхроимпульстардың жиілігімен анықталады.

Тұрақты синхронизация синхроимпульстардың ілесу жиілігі  $f_{\text{син}}$  мультивибратордың өзіндік жиілігінен  $f$  үлкен болған кезде жүзеге асады. Әдетте  $f_{\text{син}} = (1,2 \dots 1,4)f$

### 6.5.2 Интегралдық мультивибраторлар

Интегралдық автотербелістік мультивибратордың құрылымы (6.25 - сурет) дискреттік элементтердегі сұлбаны қайталайды. Уақыт беруші тізбектердің  $C1$  және  $C2$  конденсаторлары  $\Delta t$  аспалы. Оларды ауыстыра отырып шығыстық импульстардың ұзақтылығын реттеуге болады. Кей жағдайда бұл конденсаторлар микросұлбалардың ішінде орналасады және параллельді аспалы конденсаторларды қосу үшін шығыстарға ие.

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**




6.25 - сурет □ Интегралдық автотербелістік мультивибратордың құрылымы

$VD1, VD2$  диодтары □ түзетуші. Тағайындалуы бойынша олар  $VD1, VD2$  (6.21, *a* - сурет) диодтарына аналогты. Осылардың арқасында  $C1, C2$  конденсаторларының зарядтық тоғы  $R_{K1}, R_{K2}$  коллекторлық резисторлары арқылы емес, ал  $R7, R8$  резисторлары арқылы жүреді, осымен импульстың алдыңғы фронтының ұзақтығының қысқаруына қол жеткізіледі.

$VD3, VD4$  диодтары және  $R1, R2$  және  $R4, R5$  сәйкес резисторлары транзисторлардың қанығуына қарсы тұратын теріс кері байланыс түзеді және сонымен олардың қайта қосылу уақытын қысқартады.

Сұлбада  $VT1$  және  $VT2$  транзисторларының  $VD5, VD6$  диодтарымен және  $R3, R6$  резисторларымен эмиттерлік-базалық өтуінің қорғанысы қарастырылған.  $R3, VD5$  ( $R6, VD6$ ) элементтері кернеуді бөлгішті құрайды. Коллектордан конденсатор арқылы берілетін теріс ауытқу кезінде диод ашық □ кернеудің үлкен бөлігі резисторда бөлінеді, ал аздаған бөлігі – тура ауытқыған диодта бөлінеді. Бұл элементтер болмаған жағдайда теріс ауытқулар транзистордың эмиттерлік-базалық өтуін бұзады.

6.26 - суретте жиынтығы автотербелістік мультивибраторды құрайтын  $C1$  және  $C2$  аспалы уақыт конденсаторлармен 218ГГ1 микросұлбасының суреті көрсетілген.



6.26 - сурет □ Аспалы уақыт көрсетуші конденсаторлармен авто тербелістік мультивибратордың 218ГГ1 микросұлбасы

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

## Бақылау сұрақтары

1. Автотербелістік мультивибратордың негізгі сұлбасын көрсет
2. Күтуші мультивибраторлар деген не? Олардың түрлерін ата
3. Синхронды мультивибраторлар деген не?
4. Синхронды мультивибраторлар сұлбасын көрсет

## 3 бөлім Тұрақты ток машинасының түрлері және электр жетектері

### 21 Тақырып Электрлік жетектерге қойылатын жалпы талаптар.

Электрлік жетекті қолданудың негізгі мақсаты – жұмыстық машинаның технологиялық үрдісті берілген тапсырмалық әнімділікке, сапалық кәрсеткішке сәйкес жоғары экономикалық және энергетикалық тиімділікпен орындауын қамтамасыз ету. Электрлік жетек берілген функцияларды келісілген шартпен анықталған уақыт аралығында орындау қажет. Егер ол орындалмаса, онда оның барлық басқа сапасы қажетсіз болады, сондықтан сенімділік талабын бірінші қарастырамыз. Екінші жалпы кәрсеткіш дәлдік деп аталады. Ол қозғалысты басқару сапасын сипаттайды, сондықтан электр жетегінің негізгі функциясы болып саналады. Жетек қандайда бір қозғалыстың кәрсеткішінің берілген мәннен өзгеше болмауын және берілген мәннен аспауын қажетті дәлдікпен орындауы керек. Мысалы, лифт кабинасын тоқтатудың дәлсіздігі  $\pm 1$  мм аспауы керек. Электр жетегі сымның немесе жіптің оралуы кезіндегі тартылу күшіне тәуелсіз жағдайда транспортер лентасының қозғалысын берілген жылдамдық деңгейінде ұстап тұру қажет, сонымен қатар жылдамдықтың ауытқуы рұқсат етілген ауытқудан аспауы керек. Үшінші кәрсеткіш әртүрлі сыртқы әсерлердің әрекетіне байланысты электрлік жетек жүйесінің қимылдау (әрекет ету) шапшаңдығы, бұл кәрсеткіш екінші кәрсеткішпен тығыз байланысты. Мысалы, радиотелескоп антенасының электрлік жетегі желдің әсерінен белгіленген орынжағдайдан ауытқуды өте тез түзетуі керек. Шапшаңдық пен дәлдіктің арасындағы байланысты мына мысалмен кәрсетуге болады: егер белгілі бір параметр өте тез өзгерсе, онда жетек оның өзгерісін тез қабылдап, әндеп, тиісті әрекетті тез жасауы керек, әйтпесе берілген мән мен нақты мән арасындағы айырмашылық көбейіп кетеді және рұқсат етілген аумақтан шығады. Шапшаң әрекет ететін жүйеде динамикалық үрдістер уақыт тәуелді түрде өтетін өзгерістермен байланысты. Бұл байланыс тәртінші кәрсеткіштің – динамикалық үрдістердің сапасын анықтайды. Бұл кәрсеткіш динамикалық үрдістердің уақыт бойынша өтуін сипаттайтын заңдылықпен әрнектеледі. Мысалы, лифтіде жақсы жұмыс жасайтын жетек болғанда қозғалыстың үдеуі мен тоқтауы сезілмейді, егер нашар жұмыс жасайтын жетек болса, онда динамикалық үрдістер кезінде қолайсыз жағдайлар орын алады. Қазіргі уақытта ең маңызды саналатын бесінші кәрсеткіш энергетикалық тиімділік деп аталады. Энергияны беру және түрлендірудің кез келген үрдістері кезінде шығындар болатындықтан, осы шығындардың басым бөлігі қандай екендігін білу қажет. Электр жетектері үшін бұл кәрсеткіш электр энергиясының шығынымен анықталады. Мысалы, станоктың электр жетегінің энергетикалық тиімділік анықтау үшін 1 тонналық дайын әнімдер үшін қанша электр энергия шығындалатындығын білу қажет. Энергетикалық тиімділікті ПӘК бағалайды. ПӘК пайдалы шығындалған 12 энергияның үрдісті орындауға берілген энергияның толық шығынына қатынасы арқылы анықталады. Үлкен шығындар дегеніміз – электрлік ресурстар мен адамдардың еңбектерінің босқа шығындалуы және қоршаған ортаға зиян тигізу. Алтыншы кәрсеткіш – электрлік жетектің электрмен қамтамасыз ету жүйесімен және өте жоғары деңгейлі ақпараттық жүйемен сәйкестігі. Сәйкестік мәселесі соңғы кездері электр жетегінің құрамына қоректендіру желісіне және электронды басқару құрылғысына кері әсерін тигізетін жоғары гармоникаларды түзететін жартылай өткізгішті түрлендіргіштердің енуіне байланысты қарастырыла бастады. Жетінші кәрсеткіш жұмсалған ресурс мөлшері (ресурстық сыйымдылық) деп аталады. Оған әнім шығару үшін жұмсалған материал мен энергия мөлшері, сонымен қатар дайындау, монтаждау,

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

тасымалдау және жәндеу үшін жұмсалған еңбек мөлшері жатады. Бұл көрсеткіш өте күрделі және ауқымды, қолданылған технологияның деңгейімен, экономикалық жағдайлармен және кәштеген басқа факторлармен байланысты. Мысалы, электр жетегінің негізгі элементі болып саналатын, қуаты 1-10 кВт қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштардың салмағының өзгеруін қарастырайық. Табиғи ресурстары аз, бірақ технологиялық деңгейі жоғары Жапонияда 1950 жылдан 1986 жылға дейінгі аралықта қолданылатын материалдарының қасиеттерінің жақсаруы мен оларды әндеу сапасының жоғарлауы, тиімді конструкциялық шешімдерді қолдану нәтижесінде мұндай қозғалтқыштардың салмағы орташа есеппен 2,5 есе төмендеді. Қазіргі кезде энергияның бағасы жоғарлағандықтан және материалдың бағасы көтерілгендіктен энергияны үнемдейтін қозғалтқыштарының әндірісі қарқын алды, сондықтан олардың үлесі 40-50% дейін көтерілді. Қойылатын талаптарды толық қанағаттандыратын электрлік жетекті ойлап құрастыру, жобалау кезінде электрлік қозғалтқыш пен басқару құрылғысының қасиеттері мен мүмкіндіктері жұмыстық машинаның жетектік сипаттамаларымен өзара сәйкестендірілуі қажет. Жетектік сипаттамалар деп әндірістік үрдістің және машинаның жұмыс режимдерін барлық ерекшеліктерін қамтитын сипаттамалар тобын айтады. Оларға технологиялық, кинематикалық, энергетикалық, механикалық, жүктемелік және инерциялық сипаттамалар жатады. Электрлік жетектердің міндеттері қатарына жұмыстық машиналардың атқарушы органдарын қажетті қозғалыс түрімен (айналмалы, ілгерлемелі, кері-ілгерлемелі) қамтамасыз ету, оның жылдамдығын және үдеуін реттеу (тұрақтандыру), сонымен қатар, технологиялық үрдістерді орындауға қатысатын құрылғылардың жұмыстық режимдерін (жүргізіп жіберу, реверстеу, тежеу, жылдамдықты реттеу, апаттық жағдайлардан қорғау және блокировка) автоматтандыруды қамтамасыз ету жатады.

Электрлік жетектерінің өзіндік ерекшеліктерін атап өтейік:

- 1) Электр қозғалтқыштарын әртүрлі қуатқа және жылдамдыққа арнап жасау мүмкіндігі. Қазіргі кезде электрлік жетектердің қуаттарының диапазоны 13 ваттың жүздеген бөлігінен ондаған мың киловатқа дейінгі аралықта, ал айналу жылдамдығының диапазоны өте кең ауқымды қамтиды.
- 2) Әртүрлі жағдайда жұмыс істей алатын электрлік жетек жасау мүмкіндігі: агрессивті сұйық пен газы бар ортада, космостық кеңістік жағдайында, төменгі және жоғарғы температураларда және т.б. 3
- 3) Қарапайым әдістердің көмегімен жұмыстық машиналардың орындаушы мүшелерінде әртүрлі және күрделі қозғалыс түрлерін іске асыру, сондай-ақ қозғалыс бағытын және жылдамдықты, үдеуді өзгерту мүмкіндігі.
- 4) Әндірістік және технологиялық үрдістерді автоматтандырудың жеңілдігі, электр жетегін әндірісті басқаратын автоматтандырылған ортақ жүйеге қосудың қарапайымдылығы.
- 5) Электрлік жетектің ПӘЖ жоғары болуы, жұмыс істеу сенімділігі, қолдануға қолайлы болуы, қоршаған ортаны ластамауы.

## Бақылау сұрақтары

1. Электрлік жетекті қолданудың негізгі мақсаты неде?
2. Лифт кабинасын тоқтатудың дәлсіздігі неше мм аспауы керек?
3. Электрлік жетектерінің өзіндік ерекшеліктерін атап өтіңіз

## 22 Тақырып Электрлік жетектердің механикасының негіздері.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Электрлік жетектерді дұрыс жобалау және эксплуатациялау үшін электрлік қозғалтқыштар мен олар қозғалысқа келтіретін жұмыстық машиналардың *механикалық сипаттамаларын* жақсы білу қажет. Өйткені жетек пен машинаның жоғары техико-экономикалық көрсеткіштеріне бұл сипаттамалардың *әзара сәйкестігін* қамтамасыз еткен жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Жұмыстық машинаның немесе өндірістік механизмнің *механикалық сипаттамасы* деп оның атқарушы органының айналмалы (немесе ілгерлемелі) қозғалысының бұрыштық  $\omega_{ao}$  (сызықтық  $v_{ao}$ ) жылдамдығының оның статикалық кедергілерінің моментіне  $M_{ao}$  (күшіне  $F_{ao}$ ) тәуелділігін айтады. Бұл сипаттамаларды қозғалтқыштың білігіне келтіру операциясын

орындау нәтижесінде  $\omega = f(M_k)$  түріндегі тәуелділік аламыз. Мұндағы  $\omega$  -

қозғалтқыштың білігіне келтірілген жылдамдық, ал  $M_k$  – қозғалтқыштың білігіне келтірілген механизмнің статикалық кедергілерінің (жүктеменің) моменті.

Машинаның (механизмнің) статикалық кедергілерінің моменті деп оның тұрақталған жұмыс режимі кезіндегі (яғни үдемелі қозғалыс болмаған кездегі) моменттің айтады. Бұдан былай бұл моментті кедергілер моменті немесе жүктеме моменті деп атаймыз. Үдемелі қозғалыс болған кезде, статикалық моменттен басқа, динамикалық момент пайда болады.

Өндірістік механизмдердің механикалық сипаттамаларын математикалық жолмен әрнектеу үшін мына эмпирикалық формула қолданады:

$$M_k = M_0 + (M_{k,ном} - M_0)(\omega/\omega_{ном})^x, \quad (2.1)$$

мұндағы  $M_k$  – жылдамдық  $\omega$  болған кездегі кедергілер моменті;

$M_{k,ном}$  – номиналдық жылдамдық  $\omega_{ном}$  кезіндегі кедергілер моменті;

$M_0$

– механизмнің қозғалмалы бөліктеріндегі үйкеліс кедергісінің

моменті;

$x$  – жылдамдық өзгерген кезде кедергілер моментінің өзгеруін сипаттайтын көрсеткіштің дәрежесі.

Өндірістік механизмді қозғалысқа келтіруге қажетті қуаттың  $P_k$  жылдамдыққа тәуелділігін жуықтап (яғни  $M_0$  есепке алынбаған жағдайда) сипаттау үшін келесі математикалық  $P_k = M_k \omega = M_{k,ном} (\omega/\omega_{ном})^x \omega = M_{k,ном} \frac{\omega^x}{\omega_{ном}^x}$  колданылады:

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Әртүрлі әндірістік механизмдердің механикалық сипаттамалары әртүрлі болып келеді. (2.1) формуланы қолдану арқылы анықталған механикалық сипаттамалардың ерекшеліктеріне байланысты әндірістік механизмдерді мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

1) Кедергілерінің моменті  $M_k$  жылдамдыққа тәуелді емес механизмдер сипаттамалар жүк кәтергіш крандар мен лебедкаларға, бір қалыпты жүктелген транспортерлер мен конвейерлерге, поршенді сорғыштарға және т.б. механизмдерге тән. Бұл топқа кедергісінің негізгі моменті үйкеліс моменті болатын механизмдерді де жуықтап жатқызуға болады.

Бұл жағдайда  $x=0$  болғандықтан қуат  $P_k = M_{k,ном} \omega$  әрнегі арқылы

анықталады. Демек, бірінші топтың механизмдері үшін қажетті қуат жылдамдыққа тура пропорционал (2.1 сурет, 1 сызық).

2) Кедергілерінің моменті  $M_k$  жылдамдыққа тәуелді сызықты заңдылықпен әсетін механизмдер (1 сурет, 2 сызық). Бұл жағдайда  $x=1$ , ал  $M_k$  сызықты заңдылық бойынша әседі:

$$M_k = M_0 + \left( \frac{M_{k,ном} - M_0}{\omega_{ном}} \right) \omega = M_0 + k\omega. \quad (2.3)$$

Мұндай сипаттама сыртқы тұрақты жүктемеге жұмыс жасайтын, тәуелсіз қоздырылатын тұрақты ток генераторына тән.

Ал  $x=1$  болғандықтан қажетті қуат:

$$P_k = (M_{k,ном} / \omega_{ном}) \omega^2. \quad (2.4)$$

Демек, екінші топтың механизмдеріне қажетті қуат жылдамдықтың квадратына тура пропорционал болады (2.2 сурет, 2 сызық).

3) Кедергілерінің моменті  $M_k$  жылдамдыққа тәуелді сызықты емес заңдылықпен әсетін механизмдер (1 сурет, 3 сызық). Бұл жағдайда  $x > 1$  және

$$M_k = M_0 + \left( \frac{M_{k,ном} - M_0}{\omega_{ном}^x} \right) \omega^x = M_0 + k' \omega^x. \quad (2.5)$$

Мұндай сипаттама желдеткіштерге, ортадан тепкіш сорғыштарға, сепараторларға және т.б. механизмдерге тән. Егер  $x=2$  болса, онда сипаттама желдеткіштік деп аталады, әйткені желдеткіштіктің кедергісінің моменті  $M_k$  жылдамдықтың квадратына тәуелді.

$x=2$  болғандықтан:



(2.6)

Үшінші топтың механизмдеріне қажетті қуат жылдамдықтың кубына пропорционал өзгертіндігін көреміз (2.2 сурет, 3 сызық).


4) Кедергілерінің моменті  $M_k$  жылдамдыққа тәуелді сызықты емес

заңдылықпен кемитін механизмдер (1 сурет, 4 сызық). Бұл жағдайда  $x = -1$ , сондықтан момент  $M_k$  жылдамдыққа  $\omega$  кері пропорционалдық заңдылық бойынша өзгереді, ал қуат жылдамдыққа тәуелді өзгермейді (2.2 сурет, 4 сызық):


$$M_k = M_0 + \left( \frac{M_{k,ном} - M_0}{\omega_{ном}^{-1}} \right) \omega^{-1} = M_0 + \frac{k''}{\omega}; \quad (2.7)$$

$$P_k = M_{k,ном} \omega_{ном} = const. \quad (2.8)$$

Мұндай сипаттама кейбір токарлық, фрезерлік және басқадай металл кескіш станоктарға, астықтық норияға және т.б. механизмдерге тән.



2.1 сурет – Өндірістік механизмдердің әртүрлі топтарының механикалық сипаттамалары



2.2 сурет - Өндірістік механизмдердің әртүрлі топтарына қатысты қуаттың жылдамдыққа тәуелділігі

### Бақылау сұрақтары

1. Механикалық сипаттамалар деген не?

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

2. Өзара сәйкестік деген не?

3. Өндірістік механизмдерді негізгі неше топқа бөлуге болады және оларды ата

## **23 Тақырып Технологиялық қондырғыларды жобалау негіздері.**

Бұйым - кәсіпорында шығарылған кез-келген зат немесе заттар жиыны. Бөлшек – құрастыру операциясын қолданбай атауы мен маркасы бірдей материалдан жасалынған бұйым. Мысалы, бұрама, сомын, білік, құйылған тұрқы. Жиналмалы бірлік немесе бөлік – құрастыру операциясы (мүшелеу, дәнекерлеу, т.б) қолданылатын, құрама бөліктер жиынынан тұратын бұйым. Торап - басқа құрама бөліктермен бірлесе отырып, белгілі бір операцияларды орындауға негізделген жиналмалы бірлік. Машина – адамның физикалық және ақыл-еңбегін жеңілдету үшін механикалық қозғалысты энергияға айналдыратын құрылғы. Механизм – бір қозғалысты келесі бір қозғалыс түріне айналдыратын бөлшектер жүйесі. Қондырғының құрамына кіретін механизмдер функционалдық белгілері бойынша таратқыш, атқарушы, басқарушы, бақылау және реттеу, берілім (подача), транспорттау және сараптау болып бөлінеді. Механизмнің негізгі элементтері буындары мен кинематикалық жұптары. Механизм буыны – бір немесе бірнеше қатты бекітілген бөлшектер, мысалы білік пен тісті доңғалақ. Кіреберіс және шығаберіс буындары болып ажыратылады. Кіреберіс буындары деп басқа звенолардағы қозғалыстарды өзіне қабылдап алатын буынды айтады. Шығаберіс буындар деп механизм қозғалысын жүзеге асырушы буын. Кіреберіс және шығаберіс буындарының аралығында аралық буындар орналасуы мүмкін. Әрбір сәйкес жұмысшы буындар жұбында күш ағынының бағытына қарай жетекші және жетектегі буындар ажыратылады. Кинематикалық жұп – салыстырмалы қозғалысты шектейтін екі жанасатын денелердің біріктірілуі. Функционалдық сипатына қарай кинематикалық жұптар айналмалы, үдемелі қозғалыс және т.б түрлерге бөлінуі мүмкін. Кинематикалық шынжыр – кинематикалық жұптармен біріктірілген буындар жүйесі. Жетек – қондырғылар мен механизмдерді қозғалысқа келтіретін құрылғы. Жетек күштік агрегаттан, энергия таратушы және аппаратураны басқару механизмдерінен тұрады. Күштік агрегат энергияның бір түрін механизм жұмысына қажетті механикалық энергияға айналдыру қызметін атқарады.

### **2.2 Технологиялық қондырғыларды құрастыру (конструирование) ережелері мен жалпы қағидалары**

Құрастырудың негізгі тапсырмасы болып автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу өндірісінің барлық талаптарына сай келетін, экономикалық әсері бар, жоғары технико-экономикалық және пайдалану (эксплуатационный) көрсеткіштерге ие болатын, технологиялық қондырғылардың бір объектісін құрастырып шығару табылады. Технологиялық қондырғылардың объектілерін құрастыру кезінде келесідей қағидаларды басшылыққа алу керек: - техникалық тапсырма нәтижелі құжат ретінде қарастырылады, тапсырмадан тапсырыс берушінің келісімінсіз ауытқуға жол берілмеуі тиіс; - жасалынып отырған конструкциядағы барлық детальдар мен жиналмалы немесе құрастырылмалы бірліктер талап етілетін сенімділік, нақтылық, қаттылық, беріктілік және көркемділік дәрежелері бірдей болуы қажет; - құрастырылатын бұйым аз габаритті өлшемдерін, құрастыру ыңғайлылығын, реттелуін, жөндеу жұмыстары кезінде бөлшектердің ауыстырылуын қамтамасыз ететін оңтайлы жайғастырылған жиналмалы бірлікпен жабдықталуы керек; - технологиялық қондырғылардың жаңа объектісін жасау кезінде конструкциялық сабақтастық пен модульді қағидаларды сақтау керек. Конструкциялық сабақтастық - жобалау кезінде машинажасаудың берілген профилінде және қатарлас саладағы алдыңғы (предшествующего) тәжірибелерді қолдану, жобаланып отырған агрегатқа қолданыстағы конструкциялардың барлық пайдалы

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

жақтарын кірістіру. Модульді қағида (блочность) бұл жекленіп жасалынған торапшығырлардың (узел-блок) бір – бірімен жылдам шешілетін жалғастырғыштармен қосылған ұйыстыру түсініледі. -конструкцияланатын технологиялық қондырғының объектісі біртектестіру мен стандарттаудың талаптарына сай келуі тиіс. Біртектестіру (унификация) – атқаратын функциялық қызметтері бірдей көптүрлі, типті бұйымдарды оңтайлы жолмен қысқарту. Стандарттау - бұйымдарға және өндірістік өнімдерге бірегей және міндетті түрде орындалуы қажет талаптарды орнату және қолдану. Біртектестіру мен стандарттау арнайылатылған кәсіпорындарда сериялық және массалық детальдар мен жиналмалы бірліктерді шығаруды ұйымдастырады. Бұл еңбек көлемі мен жасап шығару бағасын төмендетуге, деталь сапасын және жұмыс ұзақтылығын арттыруға, конструкциялау уақытын азайтады және технологиялық қондырғылардың жаңа объектілерін игеруді, детальдардың ауыстырылуын шарттайды. Конструкцияның технологиялылығын жүзеге асыру маңызды болып табылады. Технологиялылық түсінігінің астарында біруақытта сапасын, нақтылығын арттыратын және бөлшектерді алмастырылатындай етіп озық өңдеу әдістерін қолдана отырып, үнемді, жылдам және өнімділікті қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылардың объектілерін жасау жатыр. Сонымен қатар бұл түсініктің астарын келесі түсініктерді де енгізуге болады: жинау технологиялылығы, ыңғайлы және үнемді жөндеу жұмыстарын. Технологиялық қондырғыны конструкциялау кезінде конструктор құрастырудың жалпы ережелерін, қолданыстағы келісілген стандарттар мен нормативтерді және өндіріс қондырғыларының қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс. Төменде келтірілген ережелер конструкциялаудың жалпы ережелері болып табылады: қондырғыны құрастырғанда күрделі жөндеуді толығымен ысырып, оның орнына ауыстырмалы тораптармен жиналатын қалпына келтіруші жөндеу жұмыстарын қолдану арқылы жөндеусіз пайдалануды қолдану; детальдың тұрқысының беткі бөлігін үйкелмелі етіп жасаудан аулақтау. Жөндеу жұмыстарын жеңілдету үшін үйкеліс беттерін жекелеген және оңай ауыстырылатын бөлшектерде орындау керек. әрі қарай тіркесімдік немесе агрегаттық қағидасын ұстану керек, бөлшектерді тәуелсіз агрегат ретінде конструкциялау; конструкцияны жинау кезінде қосымша реттеуді қажет етпейтіндей бекіткі элементтерді қолдануды қарастыру; Салмағын арттыруды талап етпейтін әдістерді қолдана отырып (қаттылық қабырғасы, оңтайландырылған форма, кернеу концентраттарын төмендету және т.б.) детальдардың жоғары қаттылығы мен беріктілігін қамтамасыз ету; Мүмкіндігінше торапқа серпімді элементтер енгізу. Бұл элементтер сырттан келген соққы мен динамикалық жүктемелерді өзіне қабылдайды; Ашық механизмдер мен берілістерді ысыру; Оймалы қосылуларда өздігінен бұрап босатылудың болмауын қарастыру; Тотығып мүжілуді алдын алу; Технологиялылық, біртектестіру, стандарттау, металл көлемін азайту, қалыптасқан өлшемін азайту есебінен конструкцияның бағасын азайту; Мүмкіндігінше қайталанба қозғалыстарын айналмалы қозғалыс түріне ауыстыру; Жобаланатын объектінің бетін мейлінше қарапайым және тегіс етіп жасау. Бұл бірмезгілде техникалық эстетика талаптарын сақтай отырып күтіп-баптауды қамтамасыз етеді; Бақылау және басқару ыңғайлы болуы үшін басқару және қадағалау құралдарын бір жерге шоғырландыру; Тораптар мен механизмдерді техникалық қызмет көрсетуге қол жетімді болатындай, бақылауға, қадағалауға ыңғайлы етіп жасау; Қызмет көрсетуші қызметшілердің қауіпсіздігіне кеіл беру (операцияны автоматтандыру, қорғаныс дуалын орнату, сақтандыру және т.б). Технологиялық қондырғы пайдалану құжаттамасына сай клетіндей пайдалануға бергенде, оны дербес пайдалану кезінде және технологиялық кешен құрамында пайдаланылғанда, монтаждау немесе демонтаждау жұмыстарын жүргізуші жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Технологиялық қондырғыны жобалау кезінде келесі талаптарды ескеру керек: конструкциялық қондырғының материалы берілген жұмыс режимі кезінде және қарастырылған пайдалану шарттары кезінде жұмысшының денсаулығына зиянсыз болуы керек және өрт шығу және атылу

## КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

қауіпін тудырмауы тиіс. Қондырғы қирату жүктемелерін алдын алатын құрылғымен қамтылуы тиіс немесе бөлшектің қирау кезінде жарақат алу қауіпі бар жағдайларды алдын алуға арналған қорғаныстар орнатылуы тиіс; Қондырғының және оның жекленген бөліктерінің конструкциясы пайдалану және монтаждаудың барлық жағдайларында олардың құлап кету, аударылу және өздігіне жылжуы немесе ығысуын ысыруы тиіс. Қажет болған жағдайда арнайылатын құрал мен конструкция элементтерін бекіту методы (мысалы, автомобильді көтергіштері конструкциясында міндетті түрде жүктің өздігінен түсіп кетуіне жол бермейтін қондырғысы болуы керек) қарастырылуы керек; Қондырғы конструкциясы және оның жекелеген бөліктері жұмысшылар үшін қауіпті саналатын заттарды (құрал-саймандар, өңделген бөлшектер, майда жаңқалар, т.б), сонымен қатар майлау, суыту және тағы басқа жұмыс сұйықтықтарын сыртқа лақтырып шығармауы керек; Қондырғының жарақат көзі болып табылатын қозғалмалы және ыстық бөліктері қоршалуы тиіс немесе жұмысшы оған тимейтіндей орналастыру керек; Қорғаныш қабатының конструкциясы оның жұмысшының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп тұрған орнына өздігінен жылжуын болдырмауы тиіс, орнынан қозғалту тек арнайы құрал – сайман арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Егер қорғаныш қабатының орналасуы қорғау функцияларын қамтамасыз ете алмаса, технологиялық қондырғыны автоматты түрде біртұтастандыру функциясын қолдану ыңғайлы; Қысқыш, іліп алу, көтеру және тиеу қондырғылары мен олардың жетектерінің конструкциясы энергия беруді толық және өздігінен жартылай тоқтатқан жағдайда қауіпті жағдай туғызбау. Сонымен қатар энергия беруді қалпына келтіру кезінде бұл құрылғылардың өздігінен орын ауыстырмауын болдырмау; Қондырғы элементтерінде жұмысшыны жарақаттау қауіпі бар үшкір қырлары, жиектері, қылтанақ және тегіс емес беттері болмауы тиіс; Шу, ультрадыбыс, діріл, қауіпті заттардың қайнар көзі болып табылатын қондырғыларда болуы мүмкін зияны заттардың белгіленген нормалардан аспайтындай етіп орындалуы тиіс; Технологиялық қондырғы жергілікті жарықтандырумен қамтылуы тиіс. Егер жарықтандырылған болмаса жұмысшының көру мүшесіне зиян келтірілуі мүмкін немесе басқа да қауіп-қатер түрлері туындауы мүмкін. 2.3 Технологиялық қондырғыларды жобалау кезеңдері. Жобалау ережелері мен конструкторлық рәсімдеу құжаттамасы стандартталған. МЕСТ 2.103-68 «Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Зерттеу кезеңдері.» сәйкес өндірістің барлық түріне арналған бұйымдардың конструкциялық құжаттамасын жасау үшін келесі бес кезең орнатылған: техникалық тапсырма, техникалық ұсыныс, эскиздік жоба, техникалық жоба, конструкторлық жұмыс құжаттамасын жасау. Техникалық тапсырма – конструкторлық құжаттаманы жасау кезінде жобалаушы басшылыққа алатын біріншілікті негізгі құжат болып табылады. Техникалық тапсырмада жасалынатын бұйымның негізгі арнауы, техникалық және тактикалық-техникалық сипаттамасы, сапа көрсеткіштері, технико-экономикалық және арнайы қойылатын талаптары анықталады. Техникалық тапсырма жасау барлық дерлік күрделі бұйымдарды және технологиялық қондырғыларды жасаудағы бастапқы этап болып табылады. Техникалық тапсырманы орындаушы конструкторлық шешімдердің ілгерілеуші негізі болып табылатын бұйымды пайдалану шарттарын, аналогтарының конструкциялық ерекшеліктерін және техникалық сипаттамасын жіті білуі қажет. Техникалық тапсырма болашақ бұйымының негізгі сипаттамаларын айқындайтындығына қарамастан, ол жобалаушының берілген тапсырманың оптимальды шешімін табу жолындағы ізденістерін бөгемеуі тиіс. Техникалық ұсыныс – МЕСТ 2.118-73 «Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Техникалық ұсыныс» құжаттамасына сәйкес техникалық тапсырмада көрсетілмей қалған бұйымға қойылған қосымша және нақтыланған талаптарды көрсету мақсатында жасалынады. Техникалық ұсыныста техникалық тапсырыс берушіге жауабы көрсетіледі және орындаушы орындалуына кепілдік беретін бұйымға қойылатын талаптар нақтыланады. Техникалық ұсыныста орындалатын жұмыс тізімі техникалық тапсырмаға негізделеді және жалпы жағдайда келесі құрамда болады: қойылатын тапсырманың мүмкін

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

болатын шешімдерінің нұсқалары, патенттік тазалыққа тексеру, өнертабысқа сұраныстың дұрыс рәсімделуі, негізгі сапа көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау (сенімділік, үнемділік, эстетикалық, т.б), оптимальды нұсқасын тандап алу. Түсіндірме жазудың соңында техникалық ұсынысты жасау кезінде пайда болған жасалынатын бұйымға қойылатын қосымша талаптар орналастырылады. Техникалық ұсыныс эскизді жобаны жасауға негіз болып табылды. Эскизді жоба – конструкциялық шешімнің қағидалары, жасалынатын бұйымның жұмыс принципі мен қондырғыларының жалпылама сипаты, арнаулы, негізгі параметрлері мен габариттік өлшемдерін көрсететін конструкторлық құжаттардың үйлесімді біріктірілуі. Эскизді жоба сәйкес техникалық тапсырмамен қарастырылған жағдайда жасалынады. Эскизді жоба жасауда жалпы жағдайда келесі жұмыстар кіреді: - мүмкін болатын шешімдердің конструкторлық жобалау нұсқаулары, - негізгі сапа көрсеткіші бойынша нұсқаларды салыстыру; - оптимальды нұсқасын тандау, техникалық тапсырма мен ұсыныста көрсетілген бұйымға қойылатын талаптарды нақтылау немесе бекіту; - басқа мекемелерде жасалынып жатқан берілген бұйым мен оның материалына қойылатын техникалық тапсырмаларды тізімдеу. Эскиздік жоба кезеңдерінде техникалық ұсыныста көрсетілген жұмыстар басқа қосымша ақпарат бермесе қайталанбайды. Техникалық жоба – ақырғы техникалық шешім, жасалынатын бұйымның құрылысы туралы толық ақпарат береді, жұмыстық құжаттама жасауға арналған мәліметтерден тұратын конструкторлық құжаттамалардың үйлесуі. Техникалық жоба МЕСТ 2.120-73 «Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Техникалық жоба.» сәйкес техникалық тапсырмада көрсетілсе ғана жасалады. Техникалық жобалау келесі жұмыстардың орындалын қарастырады: - бұйым мен оны құраушы бөліктерінің конструкторлық шешімдерін жасау; - техникалық тапсырмада көрсетілген және технико-үнемділік көрсеткіштерін растайтын қажетті есептеулерін орындау; - конструкцияны технологиялыққа өңдеу; - сатып алынатын бұйымның атауын немесе номенклатурасын айқындау және қолданыс аясын анықтау; - габариттік, орналастыру және тіркеу, байланыстыру өлшемдері туралы тапсырыс берушімен келісу; - бөлшектер мен жиналмалы (құрастырма) бірліктерінің сызбасын жасау. Тапсырманы орындауды жылдамдату үшін бұйымды шығару мақсатында арнайылатылған қондырғыларғы жіберу қажеттігі туындаса; - жұмыстық құжаттамасын жасау кезеңдерінде орындалуы тиісті жұмыстар тізімін жасау. Техникалық жоба жұмыстық конструкторлық құжаттама жасауға негіз болады. Жұмыстық конструкторлық құжаттама жасау негізінде бұйым зерттеледі, жобалық кезеңдер базасында жүзеге асады (техникалық тапсырма, техникалық ұсыныс, эскиздік және техникалық жоба). Жұмыстық конструкторлық құжаттама жасау өндірістің технологиялық дайындығымен тығыз байланысты және зерттеу дәлдігін анықтады, беткі бөлігінің кедір-бұдырлығы, базаны тандау, өлшемдерін қою, беріктілік пен ғұмырлылыққа тексеру есебін жүргізу, өзіндік құны мен үнемділік әсерін есептеуді қарастырады.

## Бақылау сұрақтары

1. Бұйым, бөлшек, торап деген не?
2. Техникалық жоба деген не?
3. Технологиялық қондырғыларды құрастыру (конструирование) ережелері мен жалпы қағидаларын ата

## 24 Тақырып Тұрақты ток машинасының түрлері және негізгі сипаттамалары

Электр машинасының әрекеті электр магниттік құбылысын пайдалануға негізделген, механикалық энергияны электрге немесе электр энергиясын механикалыққа немесе электр

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

энергиясын басқа түрдегі токтың электр энергиясына, басқа кернеуге, басқа жиілікке түрлендіруге арналған.


Механикалық энергияны электрге түрлендіретін электр машинасы генератор деп аталады. Барлық электрлік энергия электрстансыларда орнатылған айнымалы токтағы (синхронды) генераторлармен өндіріледі. Электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіру қозғалтқыштармен іске асырылады. Кез келген электрлік машинаны генератор негізінде және электрлік қозғалтқыш негізінде пайдалануға болады. Электрлік машиналардың түрлендіретін энергияның бағытын өзгерту қасиеті қайтымдылық деп аталады.

Егер тұрақты магниттердің полюстерінің магнит өрісіне немесе электрмагниттердің (В.1 сурет)  $N$  және  $S$  өткізгіш орнатса және оған сыртқы қандай да бір күшпен  $F_1$  оны айналдырса, онда ЭҚК пайда болады

$$e = Blv \sin \alpha = Blv,$$

мұнда:  $B$  - өткізгіштің тұрған жеріндегі магниттік индукция;  $l$  - өткізгіштің ұзындығы (оның магнит өрісінде тұрған бөлігі);  $v$  - өткізгіштің магнит өрісіндегі ығысу жылдамдығы;  $\alpha$  - магниттік индукция және өткізгіштің ығысу жылдамдығы арасындағы векторлар бұрышы (қарастырылып отырған жағдайда  $(\alpha = \pi / 2, \sin \alpha = 1)$ ).

Өткізгіште индукцияланатын ЭҚК бағыты, оң қол ережесімен анықталады (көременнен сызба жазықтығының артына). Егер өткізгіш қандай да бір энергияны тұтыну кедергісіне тұйықталса, онда пайда болған тізбекте ЭҚК әсерінен  $I$  ток жүреді, оның бағыты ЭҚК бағытына сәйкес келеді. Нәтижесінде өткізгіш тогымен полюстердің магниттік өрісімен өзара әрекетінен электрмагниттік күш пайда болады  $F_{эм} = lBI$ , оның бағыты сол қол ережесімен анықталады. Бұл күш  $F_1$  күшіне қарсы бағытталған және  $F_{эм} = F_1$  болғанда өткізгіш тұрақты жылдамдықпен ығысады. Сонымен өткізгішті ығыстыруға жұмсалатын механикалық энергия, сыртқы тұтынушылардың кедергісіне берілетін түрленген электр энергиясында, машина генераторлық режимде жұмыс істейтін болады.



1 сурет – Электр машинасының әрекет ету принципі

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

Егер сыртқы қорек көзіндегі электр энергиясын өткізгішке жіберсе, онда өткізгіштегі токпен және полюстердегі магнит өрісімен өзара әсерлесіп, нәтижесінде электрмагниттік күш тудырады  $F_{ЭМ}$ , сол күштің әсерінен өткізгіш магнит өрісінде қандай да бір механикалық энергияны қабылдағыш кедергілерін жеңе отырып, машина қозғалтқыш режимінде жұмыс істейтін болады. Сонымен электрмагниттік индукцияның және электрмагниттік күштердің заңдарын жалпылама түрде электрлік машина генераторлық режимде және қозғалтқыштық режимде де жұмыс істей алады.

Электр машиналары тұрақты және айнымалы токтардағы машиналар деп бөлінеді. Айнымалы токтағы машиналарда айналатын магнит өрісі пайда болады, айналу жиілігі желідегі токтың жиілігіне байланысты.

Кез келген электрлік машина негізгі екі бөліктен тұрады: қозғалмайтын – статордан және айналатын – ротордан.

Айнымалы токтағы машинаны бір фазалы және үш фазалы, әрекет ету принципіне қарай синхронды және асинхронды деп бөлуге болады. Синхронды машиналарда энергияны түрлендіру үрдісі магнит өрісінің айналу жиілігіне тең ротордың айналу жиілігіндегі синхронды жылдамдықта өтеді. Генераторлар негізінде синхронды машиналар кеңінен қолданылады және барлық өндірілетін электр энергиясы осы типтегі генераторлармен шығарылады. Синхронды қозғалтқыштарды пайдалану арнайы тағайындаудағы (жиіліктің тұрақтылығы,  $\cos\varphi$  жоғарылату және т.б.) азғантай топпен шектелген. Асинхронды машиналарда энергияны түрлендіру үрдісі магнит өрісінің айналу жиілігіне тең емес ротордың айналу жиілігіндегі синхронды емес (асинхронды) жиілікте өтеді. Бірқатар маңызды ерекшеліктеріне қарай асинхронды машиналарды қозғалтқыштар негізінде пайдаланылатын ең көп таралған электр машинасының типі болып табылады.

Айнымалы токтағы синхронды және асинхронды машиналардан басқа жылдамдықты кең шектерде үнемді реттеуге келтіретін айнымалы токтағы қозғалтқыштар негізінде коллекторлы машиналар пайдаланылады және олардың реттеудегі сипаттамалары тұрақты токтағы қозғалтқыштардың сипаттамасына жақын.

Электр энергияны басқа ток түріндегі (басқа кернеуге, фазылар санына, жиілігіне) электр энергиясына түрлендіретін электрлік машиналарды түрлендіргіштер деп атайды. Электромеханикалық сигналдарды реттегіш және күшейткіш негізінде пайдаланылатын электр машиналарды, яғни электр машиналардың реттегіштері және күшейткіштері деп аталады.

Электрлік машиналардың физикалық құбылыстарының күші ортақ болатын, бір кернеудегі айнымалы токты басқа кернеудегі айнымалы токқа статистикалық электрмагниттік түрлендіргіштері болатын трансформаторлар жатады. Трансформаторлардың жұмыс принципі тұйықталған болат магнит өткізгішке орнатылған екі (немесе үш) орамалардың арасындағы өздік индукция құбылыстарын пайдалануға негізделген. Трансформаторларды электр энергиясын алыс арақашықтыққа тасымалдауда және оны тұтынушылар арасына таратуда және түрлендіргіштік, өлшегіштік, қорғаныстық және басқа құрылғыларда пайдаланылады.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## Электрлік машиналар және трансформаторлар үшін пайдаланылатын материалдар

Электр машиналарды және трансформаторларды жасағанда пайдаланылатын материалдарды активті, оқшауламалық және қиыстырмалық деп бөлуге болады.

Активті материалдарға электр машиналардың және трансформаторлардың жұмыс кезіндегі электрмагниттік үрдістердің қалыпты өтуін қамтамасыз ететін бұндай материалдарға магниттер және өткізгіштер жатады. Өткізгіштік материалдарға, біріншіден, меншікті кедергісі аз мыс жатады. Мыстан түйіспелік сақинаны және коллекторлық пластина пайдаланылады. Электр машиналардың және трансформаторлардың орамалары мыстан, алюминийден, дөңгелек және тік бұрышты кесіндідегі сымдардан жасалады.

Электр машиналардың және трансформаторлардың өзекшелеріне деген магнитті материалдардың негізіне әртүрлі маркадағы (Мемст 802-58) электротехникалық болат пайдаланылады, әріптері және сандары келесілерді білдіреді: Э – электротехникалық болат, әріптен кейінгі бірінші сан – болаттың қоспалық дәрежесі (1 – аз қоспаланған, 2 – орташа қоспаланған, 3 – жоғары қоспаланған, 4 - өте жоғары қоспаланған); екінші саны – болаттың кепілденген электрмагниттік қасиеті (1 – қалыпты, 2 – төмендетілген және 3 – 50 Гц жиіліктегі болаттың меншікті шығының аздығы; 4 – 400 Гц жиіліктегі қалыпты меншікті шығыны; 5 – қалыпты және 6 – 0,01 А/см-ден төмен өрістегі магнит өтімділігінің жоғарлығы; 7 – қалыпты және 8 – 0,1 - ден 1 А/см-ге дейінгі өрістегі магнит өтімділігінің жоғарлығы; 0 – суықтай илемделген болат); саннан кейінгі А әрпі - өте төменгі меншікті шығындар. Мысалға, Э330А болаттың жоғары қоспаланғанын, суықтай илемделгенін, ерекше төменгі меншікті шығындарын білдіреді.

Болаттың магнит өткізгішіндегі шығындар құйынды токтарға және гистерезиске деген шығындардан қосылады. Трансформаторлардың және электр машиналардың магнит өткізгішіндегі құйынды токтарды азайту үшін бір-бірінен оқшауланған жекеленген пластинкалардан жасалады. Оқшауламалық қабатшалар құйынды токтарға үлкен кедергі келтіріп, әрекет ету сферасын шағын телімдерге шектеп, онысымен электр энергиясының шығынын азайтады. Сонымен қатар, магниттік өткізгіштегі құйынды токтарды төмендету үшін қоспалығы жоғары болаттың табақшаларынан құрастырылады, жай болатқа қарағанда меншікті электрлік кедергісі жоғары.

Гистерезиске және құйынды токтарға деген шығындар

$$P_{\sigma} = pG_{\sigma},$$

мұнда  $P$  - меншікті шығындар еселігі, болатқа, болат табақшалардың қалыңдығына, жиілікке және максималды магнит индукциясына байланысты, Вт/кг;  $G_{\sigma}$  - магниттік өткізгіштің массасы.

Суықтай илемделген болат ыстықтай илемделгеннен тек азғантай шығындарымен ғана емес, магнит өтімділігінің жоғарлығымен ерекшеленеді, шамасы магнит сызықтарының бағытына байланысты. Суықтай илемделген болаттың илемделу бағытындағы бағытта магниттік өтімділігі жоғары, илемделуі перпендикуляр бағытта магниттік өтімділігі ыстықтай илемделген болаттың магниттік өтімділігінен төмен. Сондықтан электрлік машиналардың және трансформаторлардың магниттік өткізгіштерінің орындалуын, яғни



## КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

олардың магнит ағыны болат табақшалардың және таспалардың илемдерінің бағыты бойында тұйықталуы қажет. Магнитті өтімділігі жоғары болатты пайдалану магниттік индукцияны жоғарлатуға және магнитті өткізгіштің кесіндісін және оның массасын төмендетуге мүмкіндік береді.

Оқшауламалық материалдар. Бұл - электрлік машиналардың және трансформаторлардың ең негізгі элементтерінің бірі, яғни олардың жұмыс сенімділігінің деңгейі оқшауламаның сапасына байланысты. Эксплуатациялау жағдайындағы әртүрлі температураның өзгерісінде оқшаулама электрлік машиналардың және трансформаторлардың сенімді жұмысын қамтамасыз ету керек. Оқшауламалық материалдар (Мемст 8865-70) қыздыруға беріктігіне байланысты келесі температураның шектік кластарына бөлінеді: У – 90<sup>0</sup>С, А – 105<sup>0</sup>С, Е – 120<sup>0</sup>С, В – 130<sup>0</sup>С, F – 155<sup>0</sup>С, Н – 180<sup>0</sup>С, С – 180<sup>0</sup>С.

У – класына дымқылданбаған және сұйық оқшауламаға батырылмаған талшықты целлюлозадан немесе жібектен жасалған электрооқшауламалық материалдар және жұмсару температурасы 90-100<sup>0</sup>С-ден төмен емес полимерлі органикалық оқшауламалар (полиэтилен, полистирол және т.б.) жатады. А – класына дымқылданған немесе сұйық оқшауламаға батырылған, майлы немесе полиамидті лактар негізіндегі эмальсымдардың оқшауламасы, ағаш және қатпарлы ағаш пластиктері целлюлозадан немесе жібектен жасалған талшықты электрлік оқшауламалық материалдар жатады. А класындағы материалдарға сіндірілетін заттар ретінде трансформатор майы, майлы лактар, битум құрамалары жатады. Е класына құйма құрамдас, поливинилацеталті, полиэфирлі, эпоксидті және полиуретановты негізіндегі эмальды өткізгіштердің оқшауламасы және синтетикалық материалдар жатады. В класына лактармен немесе қызуға шыдамдылығы жоғары шайырмен сіндірілген органикалық емес (слюда, асбест, талшықты шыны) оқшауламалардың негізінде жасалған электр оқшауламалық материалдар, және де органикалық емес толтырғышты пластмассалар жатады. F класына лактармен немесе шайырмен сіндірілген, модификацияланған кремнийорганикалық жалғаулардағы органикалық емес оқшауламалардың негізінде жасалған электрлік оқшауламалық материалдар жатады. Н класына кремнийорганикалық лактармен немесе шайырмен сіндірілген органикалық емес электрлік оқшауламалар жатады. Бұндай материалдардың құрамында қыздыруға беріктігі 180<sup>0</sup>С төмен органикалық материалдармен байланысы жоқ. С органикалық байланыстыратын құрылғыны пайдаланбай дайындалған органикалық емес материалдарға жатады.

Электр машиналардың және трансформаторлардың орамдарының қиыстырмасы, яғни қыздыру температурасы сәйкес кластағы оқшауламаға арналған шектігінен аспайтындай оларды жақсы суытумен қамтамасыз ету қажет. Электр машиналардың және трансформаторлардың оқшауламасы қалыпты жұмыс кезінде айнымалы электр өрісінен, қысқа уақыттағы асқын кернеуден, эксплуатациялау жағдайынан, жинау үрдісінде пайда болатын механикалық әсерлерден, эксплуатациялау жағдайында және қысқа тұйықталулардан болатын ұзақ әсерлерге шыдауы қажет.

Қиыстырмалық материалдар. Оларды электр машиналардың және трансформаторлардың, яғни негізгі түрде механикалық әсерлерді беруге және қабылдауға қызмет ететін бөліктерін және детальдарын жасауға пайдаланылады. Электр машиналарында шойын, болат, түсті металдар және олардың қорытпалары және пластмассалар қолданылады. Қазіргі уақытта шойынды (қарапайымдылығы, созымдылығы) магниттік қасиеттерінің төмендігіне байланысты магнитті өткізгіштер үшін жиі қолданылмайды, болаттың (құйылғанын, созылғанын) тұрақты токтағы машинаның

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

станинасының магниттік өткізгіштері, синхронды машиналардың роторлары және т.б. үшін қолданылады.

*Электрлік машиналардың және трансформаторлардың қызуы және салқындауы.*

Электрлік машиналардың және трансформаторлардың жасаушы зауыт арнаған жағдайындағы жұмыс режимін номинал деп аталады. Бұндай режим номинал шамалармен сипатталады, машиналардың және трансформаторлардың зауыттық шитінде көрсетіледі. Негізінен электрлік машиналары және трансформаторлары ұзақ жұмыстық режимге арналған, яғни олардың кейбір бөліктері қоршаған ортаның температурасынан асатын арнайы, бірақ жалпы одақтық стандарттардан аспайтын температурада жұмыс істей алады.

Электрлік машиналардың және трансформаторлардың жұмысы кезінде оларды түрлендіретін энергия шығындары пайда болады. Бұл шығындар келесі түрлерден қосылады:

а) электрлік (орамадағы шығындар), орамадағы сымдармен, коллектордағы өтпелі түйіспелерімен немесе түйіспелі сақиналардағы кедергілерімен жүретін токтардың қыздыруы;

б) машиналардың немесе трансформаторлардың ферромагниттік бөліктеріндегі пайда болатын гистерезисті;

в) машиналардың және трансформаторлардың айнымалы магнит өрісінде тұрған бөліктеріндегі құйынды ток шығындары, негізінен гистерезиске және құйынды ток шығынымен бірге бағаланады, болаттағы шығындар болатын маркасына, табақшалардың немесе таспалардың қалыңдығына, оқшауламаның сапасына, қайта магниттелу жиілігіне және магниттік индукциясына байланысты;

г) машинаның айналатын бөліктеріндегі айгөлектерде, коллектордағы шеткаларда немесе түйіспелік сақиналарда жүретін қажалулардан болатын механикалық шығындар;

д) машинаның білігінде орналасқан желдеткішті айналдыр шығындар

## **Бақылау сұрақтары**

1. Электр машинасының әрекет ету принципі сұлбасын түсіндір
2. Гистерезиске және құйынды токтарға деген шығындар формуласын айт
3. Электрлік машиналардың және трансформаторлардың жұмысы кезінде оларды түрлендіретін энергия шығындары пайда болады, Оларды ата

## **25 Тақырып Айнымалы ток электр машинасы, үш фазалы асинхронды қозғалтқыш**

Электр машиналары электр станцияларында, өндірісте, транспортта, авиацияда, автоматты басқару және реттеу жүйелерінде тұрмыста кеңінен қолданылады. Олар механикалық энергияны электр энергиясына және керісінше электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіреді.

# КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

*Механикалық энергияны электр энергиясына түрлендіретін машина генератор (өндіргіш) деп аталады.*

*Электр энергиясын механикалық энергияға қозғалтқыш (двигатель) арқылы түрлендіреді.*

Кез келген электр машинасын әрі генератор, әрі қозғалтқыш ретінде пайдалануға болады. Оның екі жақты энергия түрлендіргіш қасиеті *машинаның қайтымдылығы* деп аталады. Ол бір текті токтың электр энергиясын (жиілік, айнымалы токтың фазалар саны, тұрақты ток кернеуі) екінші текті токтың энергиясына түрлендіруге де қолданылады. Мұндай электр машиналарын *түрлендіргіштер* деп аталады.

Жұмыс жасайтын электр қондырғысының ток тегіне байланысты электр машиналары тұрақты және айнымалы ток машиналары деп екіге бөлінеді. Айнымалы ток машиналары бір фазалы және көп фазалы болып келеді. Үш фазалы синхронды және асинхронды машиналар және айналу жиілігін кең көлемде үнемді реттеуге мүмкіндік беретін коллекторлы айнымалы ток машиналары да кеңінен қолданылады.

## *Асинхронды қозғалтқыштың жұмыс жасау принципі*

Электр қозғалтқыштарының ішінде ең көп тарағаны үш фазалы **асинхронды қозғалтқыш** болып табылады. Бұл қозғалтқышты бірінші рет белгілі орыс электригі И. О. Доливо-Добровольский құрастырған.

Асинхронды қозғалтқыштың құрылысы қарапайым және оны күтіп-баптау жеңіл. Кез келген айнымалы ток машинасы сияқты асинхронды қозғалтқыш екі негізгі бөліктен: статордан және ротордан тұрады.

**Статор** деп машинаның қозғалмайтын бөлігін, ал **ротор**-оның айнымалы бөлігін атайды.


Асинхронды машинада қайтымдылық қасиеті болады, яғни машинаны әрі генератор; әрі қозғалтқыш ретінде қолдануға болады.

Айнымалы токтың көп фазалы жүйесі айналмалы магнит өрісін туғызады, оның айналу жиілігі минутына . Егер ротордың айналу жиілігі магнит өрісінің айналу жиілігіне тең болса, онда мұндай жиілікті **синхронды жиілік** деп атайды.

Егер ротордың айналу жиілігі магнит өрісінің айналу жиілігіне тең болмаса, онда мұндай жиілікті **асинхронды жиілік** деп птайды.

Асинхронды қозғалтқышта жұмыс процесі тек асинхронды жиілікте, яғни ротордың айналу жиілігі магнит өрісінің айналу жиілігіне тең емес кезде өтеді.

*Асинхронды қозғалтқыштың жұмысы «Араго-Ленц дөңгелегі» (6.1-сурет) деп аталынған құбылысқа негізделген.* Бұл құбылысты былай түсіндіруге болады, егер тұрақты магнит полюстерінің алдына осьте еркін отыратын мыстан жасалған дөңгелекті (дискіні) 1 орналастырып, магнитті тұтқасы 3 арқылы өз осінің бойымен айналдырсақ, онда мыс дөңгелек сол бағытта айналады, өйткені магнитті айналдырғанда оның магнит өрісі дөңгелектен өтіп онда құйынды токтар туғызады.



6.1 – сурет. Асинхронды қозғалтқыштың жұмыс жасау принципінің схемасы.

Ленц заңына орай кез келген индукцияланған ток оны тудырған себепке қарсы әрекет жасайтын бағытта ағады. Сондықтан дөңгелек денесіндегі құйынды токтар магниттің

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

айналуын тежеуге тырысады, бірақ магнитті тоқтата алмай онымен бірге айналады. Мұнда дөңгелектің айналу жиілігі магниттің айналуы жиілігінен аз болады. Егерде бұл жиіліктер кейбір себептермен бірдей болса, онда магнит өрісінің дөңгелекпен салыстырғандағы жылжуы болмас еді, демек мұнда құйынды ток пайда болмас еді, яғни дөңгелекті айналдыратын күш пайда болмас еді.

Асинхронды қозғалтқыштарда тұрақты магнит өрісі айнымалы магнит өрісімен ауыстырылған. Бұл магнит өрісі қозғалтқышты айнымалы ток желісіне қосқан кезде үш фазалы жүйе арқылы жасалынады. Статордың айналмалы өрісі ротор орамасының өткізгіш сымдарын кесіп өтіп оларда ЭҚК-терін индукциялайды. Егер ротор орамасын кедергіге тұйықтаса немесе қысқа тұйықтаса, онда тізбекте индукцияланатын ЭҚК-тер әсерімен ток жүреді. Ротор орамасындағы ток пен статор орамасының айналмалы магнит өрісінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде *айналмалы момент* пайда болады. Айналмалы момент роторды магнит өрісінің айналу бағытымен айналдыра бастайды.

Ротордың айналу бағытын өзгерту үшін, яғни қозғалтқышты реверстеу үшін, статор орамасы тудырған магнит өрісінің айналу бағытын өзгерту керек. Мұны статор оралма фазаларын алмастыру арқылы жасайды. Ол үшін статор орамасын желіге қосатын үш сымның кез келген екеуінің орнын ауыстырып желіге қосса болғаны.

Реверсті қозғалтқыштар ауыстырып қосқыштармен қамтамасыз етіледі. Олардың көмегімен статор орамалары фазаларының кезектесуін өзгертуге, демек, ротордың айналу бағытын өзгертуге болады.

Бір уақыт мезгілінде ротордың айналу жиілігі статор өрісінің айналу жиілігімен теңесті дейік, онда ротор орамасының өткізгіш сымдары статордың магнит өрісін кесіп өтпейді, сондықтан роторда ток болмайды. Бұл жағдайда айнымалы момент нольге тең. Ротордың айналу жиілігі статор өрісінің айналу жиілігіне қарағанда, біліктегі жүктеме моменті мен машинадағы үйкеліс күштері моментінің қосындысынан тұратын, тежеу моментін теңдестіретін, айналдырушы момент пайда болғанша төмендейді.


## *Асинхронды қозғалтқыштың құрылысы*

Статордың өзекшесі (6.2-сурет) қалыңдығы 0,35 немесе 0,5 мм болат тіліктерден (пластиналардан) жиналады. Тіліктерді штамптау арқылы алады, олардың ішкі жағында ойықтар (паздар) жасалынған. Құйынды токтан болатын шығынды азайту үшін тіліктерді лакпен немесе тотықтырылған қабыршақпен оқшауламайды, одан әрі жеке дестеге жинайды да қозғалтқыштың станинасының 3 табанының ішіне бекітеді. Станинаның екі жақ бүйіріне қалқандар бекітіледі. Қалқан ішінде ротор білігіне тірек болатын подшипниктер орналасады. Станинаны фундаментке орналастырады.

Статорды бойлай орналасқан, ойықтардан құралған науашаларына (паздарына) оның орамасының өткізгіштері 2 салынады. Орама өткізгіштерін үш фазалы жүйе құратын етіп жалғайды. Машинаның қалқаншасында 4 алты қысқыштар болады, оларға әр фазаның басы мен соңы жалғанады. Статор орамасы үш фазалы желіге жұлдызша және үшбұрыштан қосылуы мүмкін. Бұл жағдай қозғалтқышты екі түрлі желілік кернеуге қосуға мүмкіндік береді.

Қалқаншада керсетілген төмен кернеулер үшін статор орамасы үшбұрыштап ал жоғары кернеу үшін — жұлдызша қосылады.

Статор орамасын үшбұрыштап қосу үшін машина қалқаншасында жоғары қатарда орналасқан қысқыштарды темендегілерімен ұстатқыш (өткізгіштен жасалған тізбектің екі нүктесін қос- қыш) арқылы қосады (6.3 а-сурет), ал әрбір бірге қосылған қысқыштарды үш фазалы желінің желілік өткізгіштеріне қосады. Жұлдызша қосу үшін қалқаншадағы теменгі үш қысқыштарды (фазалардың соңы) ортақ нүктеге ұстатқыш арқылы қосылады, ал жоғарғы қатардағы қысқыштарды үш фазалы жүйенің желілік өткізгіштеріне қосады (6.3, б-сурет).




6.2-сурет. Асинхронды қозғалтқыш 6.3-сурет. Статор орамасын үш бұрыштап статордың құрылысы (а) және жұлдызша (б) қос кезінде қозғалтқыш қолқамаласында қысқыштарды қосу

Ротор өзекшесін 1 (6.4, а-сурет) қалыңдығы 0,5 мм болат тіліктерден жиналады. Тіліктерді құйынды ток шығынын азайту үшін лакпен немесе тотыққан қабыршақпен оқшауламалайды. Тіліктерді ойықты етіп штамптайды, оларды дестелеп жинайды да, машинаның білігіне бекітеді. Дестелерден науашалары бойлай орналасқан цилиндр құралады, оның ішіне ротор орамасының өткізгіштерін 2 салады. Орама түріне байланысты асинхронды машиналар фазалық және қысқа тұйықталған роторлы болып екіге бөлінеді. Ротордың қысқа тұйықталған орамасы тиын дөңгелегі тәрізді етіп жасалынады (6.4, б-сурет). Ротор науашаларына шомбал стерженьдер салып оның екі жақ ұштарын мыстан жасаған сақинамен қосады (6.4, а-сурет). Қысқа тұйықталған ораманы көбінесе алюминийден жасайды. Алюминийді ыстық күйінде ротор науашасына қысыммен құяды. Мұндай орам әр уақытта қысқа тұйықталынған және оған кедергі қосу мүмкін емес. Ротордың фазалық орамасы статордың орамасындай етіп жасалынады, яғни өткізгіштер бір-бірімен үш фазалы жүйе жасайтындай етіп жалғанады. Үш фазаның орамалары жұлдызша қосылады. Орама бастары ротор білігінде бекітілген үш түйіспелік мыс сақинасына қосылған. Сақиналар бір-бірінен және біліктен оқшауламаланған және ротормен бірге айналады. Сақиналар айналғанда олардың беті сақиналар үстінде қозғалмайтындай етіп бекітілген көмір немесе мыс шеткалары арқылы сырғанайды. Ротор орамасы кедергіге немесе жоғарыда көрсетілген шеткалар арқылы қысқа тұйықталуы да мүмкін.

Қысқа тұйықталған роторы бар қозғалтқыштар карапайым және пайдалануда сенімді, фазалық роторы бар қозғалтқыштарға қарағанда бағасы арзан. Бірақ, төменде көрсетілгендей, фазалық роторлы қозғалтқыштардың жұмысқа қосу және реттеу сипаттамалары жөнінен артықшылықтары бар.

Қазіргі кезде асинхронды қозғалтқыштардың көпшілігін қысқа тұйықталған ротормен жасайды, тек үлкен қуат немесе арнайы жағдайларда роторды фазалық орамалы етіп жасайды. Совет Одағында қуаты ондаған ваттан 15 000 кВт-қа дейін, ал статор орамасының кернеуі 6 кВ-қа дейінгі асинхронды қозғалтқыштар шығарылады.



6.4 – сурет. Қысқа тұйықталған асинхронды қозғалтқыштың роторы:  
а-құрылысы, б-орама

### *Бір фазалы асинхронды электрлі қозғалтқыш.*

Бір фазалы асинхронды қозғалтқыштар шағын қуаттарда 1—2 кВт-қа дейінгі кеңінен қолданылады. Мұндай қозғалтқыштың кәдімгі үш фазалы қозғалтқыштан айырмашылығы—оның статорында бір фазалы орама орналасады. Бір фазалық асинхронды қозғалтқыштың роторында фазалық немесе қысқа тұйықталған орама болады. Бір фазалық асинхронды қозғалтқыштың ерекшелігі — онда бастапқы немесе жүргізіп жіберу моментінің болмауында, яғни мұндай қозғалтқышты желіге қосқанда оның роторы қозғалмаған күйінде қала береді.

Егер роторды әйтеуір бір сыртқы күшпен қимылсыз күйінен шығарса, онда қозғалтқыш айналдырушы момент дамытады. Бастапқы моменттің болмауы бір фазалы асинхронды қозғалтқыштардың елеулі кемістігі болып табылады. Сондықтан олар әрқашанда жүргізіп жіберу құрылғысымен жабдықталады.

Ең қарапайым жүргізіп жіберу құрылғысына статорға ораластырған, бір-бірінен полюс бөлімінің жартысына (90 эл. град.-) ығыстырылған, екі орама жатады. Бұл орамалар симметриялы екі фазалық желіден қоректенеді, яғни орамаларға берілген кернеу бір-бірімен тең және фаза бойынша ширек периодқа ығысқан. Мұндай кернеулерде орамалар бойынша жүретін токтар да фаза бойынша ширек периодқа ығысады. Ол орамдардың кеңістіктік ығысуына қосылып айналмалы магнит өрісін алуға мүмкіндік береді.

Бір фазалы қозғалтқышты жүргізіп жіберу үшін екі ораманы оларға ортақ бір фазалы желіге қосады. Орамалардағы токтар арасында, шамамен  $\pm/2$ -ға тең (ширек периодқа тең) фазалар ығысу бұрышын, алу үшін орамалардың бірін (жұмыстық ораманы) желіге тікелей немесе жүргізіп жіберу активтік кедергісі арқылы қосады, екінші ораманы (жүргізіп жіберу орамасын)—орауышпен (6.5, а-сурет) немесе конденсатормен (6.5, б-сурет) тізбектеп қосады.

Конденсаторлы (екі фазалы) қозғалтқыш — статорда екі орамасы бар **бір фазалы асинхронды қозғалтқыш** болып табылады.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Генератор деген не?
2. Қозғалтқыш деген не?
3. Статор, ротор деген не?
4. Асинхронды қозғалтқыш құрылысын айт

### **26 Тақырып Электрлік жетектің динамикалық режимі және оның қозғалысының теңдеуі**

*Жалпы мағлұматтар.* Электрлік жетектің (ЭЖ) *әтпелі немесе*

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

*динамикaлық режимі* деп бір тұрақталған режимнен жүргізіп жіберу, тежеу немесе айналу бағытын өзгерту және т.б. әрекеттер жасаған кезде екінші бір тұрақталған режимге көшу режимін айтады. Бұл режим ЭҚК,  $\omega$ ,  $M$ ,  $I$  сияқты параметрлердің өзгерісімен сипатталады.

Динамикaлық режимдердің практикалық маңызы үлкен. Оларды есептеу нәтижелері қозғалтқыштың қуатын дұрыс таңдауға, тиімді басқару жүйесін жобалауға, электрлік жетектің жұмысының әндірістік механизмдердің әнімділігіне және оның жұмысының сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Электрлік жетектің әтпелі режимдері кезінде бір мезгілде және өзара тығыз байланысты жағдайда механикалық, электромагниттік және жылулық үрдістер әрекет етеді. Әте тез әтетін үрдістерде ЭЖ-тің жылулық күйі кәп жағдайда басқа үрдістерге айтарлықтай әсер ете алмайды, сондықтан әтпелі жылулық үрдістер жиі есепке алынбайды.

Бұл жағдайда ЭЖ-те механикалық және электромагниттік әтпелі үрдістер (электромеханикалық үрдістер деп те аталады) орын алады. Кейбір жағдайларда электромагниттік үрдістерді есепке алмауға болады. Онда ЭЖ-тегі үрдістер тек жетектің қозғалысқа түсетін бәліктерінің инерциясы арқылы анықталатын механикалық үрдістермен сипатталады.

Үрдістерді есептеу нәтижелері бойынша  $i=f(t)$ ,  $M=f(t)$ ,  $\omega=f(t)$  тәуелділіктерінің, кейбір жағдайларда жолдың уақытқа тәуелділігінің  $L=f(t)$  графиктерін тұрғызады.

*Электрлік жетектің қозғалысының теңдеуі.* Бұл теңдеу әтпелі режимдер кезінде әрекет ететін барлық күштер мен моменттерді есепке алуы керек. Ілгерлемелі түзу қозғалыс кезінде қозғаушы күш  $F$  машинаның кедергілік күшімен  $F_k$  және жылдамдық өзгерісінен туындайтын инерциялық

күшімен  $m \frac{dv}{dt}$  теңеседі. Осыған байланысты ілгерлемелі түзу қозғалыс кезінде күштер теңдестігінің теңдеуі мына түрде жазылады:

$$F - F_k = m \frac{dv}{dt}. \quad (2.12)$$

Айналмалы қозғалыс үшін

$$M - M_k = J \frac{d\omega}{dt}. \quad (2.13)$$

Бұл (2.13) теңдеу жиі кездесетін,  $J=const$  болатын жағдайды сипаттайды.

Егер  $J=var$ , яғни айнымалы болса, онда

$$M - M_k = J \frac{d\omega}{dt} + \frac{\omega}{2} \cdot \frac{dJ}{dt}. \quad (2.14)$$

Бұл (2.14) теңдеу инерция моменттері бұрылу бұрышына тәуелді болатын кесу аппараттарына, ағаш тілетін рамаларға, шатунды механизмдерге қатысты.

Теңдеу (2.13) қозғалтқыш тудыратын момент  $M$  біліктегі кедергі моментімен  $M_k$  және инерциялық немесе динамикaлық моментпен  $J \frac{d\omega}{dt}$  теңгерілетіндігін кәрсетеді.

а) егер  $M > M_k$  болса, онда яғни ЭЖ үдемелі қозғалады;

б) егер  $M < M_k$  болса, онда

орнайды.

## КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Егер қозғалтқыштың айналдырушы моментінің  $M$  бағыты жетектің айналу бағытына сәйкес болса, онда оның мәні оң болады. Керісінше жағдайда, айналдырушы моменттің мәні теріс болады.

Егер  $M_k$  мәні теріс болса, онда ол тежеуіш момент (затты кесу, жүкті кәтеру, пружинаны қысу кезінде), яғни оның бағыты айналдырушы момент  $M$  бағытына қарама-қарсы.

$M_k$  мәні жүкті түсіру, серпімді пружинаны босату кезінде оң болады.

Кедергі моменттері екі түрге бөлінеді:

- реактивті (қозғалысқа кедергі келтіретін қысу, кесу, үйкеліс моменттері);
- активті (потенциалды - салмақ күші, серпімді пружинаны босату). Активті момент әзінің таңбасын (реактивті моментпен салыстырғанда)

әзгертпейді (мысалы, жүкті кәтергенде және жүкті түсіргенде).

Инерциялық немесе динамикалық момент (теңдеудің оң жағы) жетектің жылдамдығының өзгерісі кезінде, яғни әтпелі үрдіс кезінде ғана өзін кәрсетеді, әрекет етеді. ЭЖ үдемелі қозғалған кезде бұл момент қозғалыс бағытына қарсы бағытталады, ал тежеу кезінде қозғалысты қолдайды.

Жалпы жағдайда ЭЖ-тің қозғалысының теңдеуі:

$$\pm M \pm M_k = J \frac{d\omega}{dt}. \quad (2.15)$$

Моменттер алдындағы таңбаны таңдау қозғалтқыштың жұмыс режиміне және кедергі моментінің сипатына байланысты жүргізіледі.

*Кедергінің және инерцияның келтірілген моменттері.* ЭЖ-тің қозғалысының теңдеуі тек оған кіретін моменттер (күштер) белгілі бір жылдамдыққа қатысты болуы керек. Басқаша айтқанда, моменттер белгілі бір жылдамдыққа келтірілуі керек. Әдетте моменттерді қозғалтқыштың жылдамдығына келтіріледі.

Келтірілген  $M_k$  (жұмыстық машинаның кедергісінің моменті) қозғалтқыштың жылдамдығына келтірілуі үшін қуаттар теңдестігін қолданады:

$$M_k \omega_k = M_m \omega_m, \quad (2.16)$$

мұндағы  $M_k$  - машинаның кедергісінің қозғалтқыштың жылдамдығына ( $\omega_k$ ) келтірілген моменті;

$M_m$  - машинаның жылдамдығы  $\omega_m$  болған кездегі оның кедергісінің моменті.

Бұл (2.16) теңдеуден

$$M_k = M_m \frac{\omega_m}{\omega_k} = \frac{M_m}{i}, \quad (2.17)$$

$$i = \frac{\omega_k}{\omega_m}$$

мұндағы  $i$  – қозғалтқыш пен жұмыстық машинаның арасындағы беріліс қатынасы.

ЭЖ-тегі берілістердегі шығындарды ПӘК-тер арқылы есепке алсақ, онда:

$$M_k = M_m \frac{1}{i_1 i_2 \dots i_n} \cdot \frac{1}{\eta_1 \eta_2 \dots \eta_n}. \quad (2.18)$$



# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Соңғы (2.18) теңдеу энергия қозғалтқыштан жұмыстық машинаға берілген жағдайда (қозғалтқыштық режим) сәйкес келеді.

Электрлік машина тежеу режимінде жұмыс жасаса, онда (2.18) теңдеудегі ПӘК-терді бөлшектің алымына қою керек.

Жетектің әр агрегатының өзінiң инерция моменті болатындығына қарамастан ЭЖ қозғалысының теңдеуінде инерция моменті бір ғана мәнмен кіреді. Сондықтан теңдеуге «жұмыстық машина-қозғалтқыш» жүйесінің инерциясының келтірілген моментінің мәнін қою керек.

Жүйенің келтірілген моменті деп жүйенің бөліктері өздерінің нақты жылдамдықтарымен қозғалған кезінде олардың моменттері қандай кинетикалық энергиясы болса, келтірілген жылдамдық кезінде соншама энергиясы бар инерция моментін айтады.

Инерцияның келтірілген моментін анықтаған кезде жүйенің кинетикалық энергиясының қоры өзгеріссіз қалу керектігін есте ұстау керек.

2.7 суреттегі жетек үшін кинетикалық энергияның қоры:

$$I_{\text{кел}} \frac{\omega_{\kappa}^2}{2} = J_{\kappa} \frac{\omega_{\kappa}^2}{2} + J_1 \frac{\omega_1^2}{2} + J_2 \frac{\omega_2^2}{2} + m \frac{V^2}{2} \quad (2.19)$$

мұндағы  $j_{\text{кел}}$ ,  $j_{\kappa}$ ,  $j_1$ ,  $j_2$  – жүйенің инерциясының қозғалтқыштың жылдамдығына келтірілген моменті, қозғалтқыштың инерциясының моменті,  $\omega_1$ ,  $\omega_2$  жылдамдықтармен айналатын берілістің элементтерінің инерцияларының моменттері;

$m$  –  $V$  жылдамдығымен ілгерлемелі түзу қозғалатын элементтердің массасы.

2.7 сурет – «Қозғалтқыш – машина» жүйесінің кинематикалық сұлбасы

(2.19) теңдеуді  $j_{\text{кел}}$  қатысты шешсек, онда

$$I_{\text{кел}} = J_{\kappa} + J_1 \frac{\omega_1^2}{\omega_{\kappa}^2} + J_2 \frac{\omega_2^2}{\omega_{\kappa}^2} + m \frac{V^2}{\omega_{\kappa}^2} \quad (2.20)$$

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

және жылдамдықтардың қатынастарын берілістік қатынастармен айырбастасак, онда:

$$J_{\text{кв.л}} = J_{\kappa} + \frac{J_1}{i_1^2} + \frac{J_2}{i_1^2 i_2^2} + m \frac{V^2}{\omega_{\kappa}^2}. \quad (2.21)$$

Кейде қозғалтқыштардың каталогтарында  $GD^2$  моменті (кгс·м<sup>2</sup>) көрсетіледі. Бұл жағдайда ротордың инерциясының моменті:

$$J_{\text{ротор}} = \frac{GD^2}{4}, \quad (2.22)$$

мұндағы  $D$  – ротор диаметрі;  $G$  – салмақ күші (салмақ).  
Массасы  $m$  цилиндрдің инерциясының моменті:

$$j = \frac{mR^2}{2}, \quad (2.23)$$

мұндағы  $R$  - цилиндрдің радиусы.

Салмақ центрінен өтетін оське қатысты *дененің инерциясының моменті* деп дененің жеке бөліктерінің массасының осы бөліктерінің айналу осіне дейінгі қашықтықтарының квадраттарының көбейтінділерінің қосындысына тең.


## 27 Тақырып Тұрақты ток қозғалтқыштарын қолданатын электрлік жетектердің механикалық сипаттамалары.

Тұрақты ток қозғалтқышын (ТТҚ) қолданатын электрлік жетектер соңғы кезге дейін реттелетін электрлік жетектердің сапалық көрсеткіштері жоғары деңгейдегі негізгі түрі ретінде саналды.

Тұрақты ток қозғалтқыштардың ішінде қуаты 0,13 кВт... 200 кВт аралығында болатын 2П сериялы қозғалтқыштар өте кең тараған. Меншікті көрсеткіштері жақсартылған жаңа 4П сериялы тұрақты ток қозғалтқыштарында мыс шығыны 30% және оларды жасау шығыны 3 есе азайтылған. Қрандық механизмдер үшін тәуелсіз және бірізді қоздырылатын

Д сериялы, ал металл кесетін станоктар үшін ПБСТ, ПГТ сериялы тұрақты ток қозғалтқыштары жасалынууда.

4.1 суретте параллель және тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның сұлбалары келтірілген.



**КТКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

а) б)  
3.1 сурет – Параллель (а) және тәуелсіз (б) қоздырылатын

ТТҚ-ның сұлбалары

Оларды қоректендіру ортақ қорек кәзінен немесе тәуелсіз түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қоздыру тәсілі қозғалтқыштың электромеханикалық қасиеттеріне әсер етеді.

Тәуелсіз қоздырылатын (шунттық) ТТҚ біліктегі жүктеме кең ауқымда өзгерген кезде өзінің айналу жылдамдығын аз ғана өзгертеді, сондықтан оларды механизмнің жұмыстық жылдамдығы тұрақты дерлік болуы қажет жағдайларда қолданады.

Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның артықшылығы - айналу жылдамдығын кең ауқымда жайлап реттеу мүмкіндігінде.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

II сериялы параллель және тізбектей жалғанатын қоздыру орамалары бар, сондықтан олар параллель қоздыру режимінде де, аралас қоздыру режимінде де жұмыс істей алады.

Олардың айналу бағытын өзгерту үшін қоздыру орамасына немесе якорь орамасына берілетін тұрақты кернеудің бағытын өзгерту керек.

ТТҚ-ның негізгі кемшілігі – олардың бағасының қымбаттылығы және тұрақты ток көзінің қажеттілігінде.

## Бақылау сұрақтары

1. Тұрақты ток қозғалтқышы деген не??
2. ТТҚ – ның негізгі кемшілігі
3. ТТҚ-ның артықшылығы?

## 28 Тақырып Тұрақты ток қозғалтқыштарының механикалық және электромеханикалық сипаттамаларының теңдеулері

Электромеханикалық сипаттаманы  $\omega=f(I_{\text{я}})$  қозғалыстағы қозғалтқыштың кернеулерінің, электромагниттік моменттің және ЭҚК-тің теңдеулерінен алуға болады:

$$U = E + I_{\text{я}} R_{\text{я}}; \quad (3.1)$$

$$M = \frac{P}{2\pi} \cdot \frac{N}{a} \Phi I_{\text{я}} = C_{\text{м}} \Phi I_{\text{я}}; \quad (3.2)$$

$$E = \frac{P}{2\pi} \cdot \frac{N}{a} \omega \Phi = C_{\text{м}} \omega \Phi, \quad (3.3)$$

мұндағы  $M$  – электромагниттік момент;

$p$  – полюстер жұптарының саны;  $N$  – активті өткізгіштер саны;

$a$  – якорьдің параллель тармақтарының саны;  $C_{\text{м}}$  – моменттің тұрақты коэффициенті;  $\Phi$  – магнит ағыны;

$I$  – қозғалтқыш тогы;

$R_{\text{я}}$  – якорь тізбегінің толық кедергісі.

(3.1) теңдеуді токқа қатысты шешсек, онда:

$$I_{\text{я}} = \frac{U}{R_{\text{я}}} - \frac{E}{R_{\text{я}}}. \quad (3.4)$$

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

(3.4) теңдеуді (3.3) теңдеуге қойсақ, онда:

$$I_{я} = \frac{U}{R_{я}} - \frac{C_m \Phi}{R_{я}} \omega. \quad (3.5)$$

Бұдан

$$\omega = \frac{U}{C_m \Phi} - \frac{I_{я} R_{я}}{C_m \Phi} \quad (3.6)$$

электрмеханикалық сипаттаманың  $\omega=f(I_{я})$  теңдеуін аламыз.

(3.6) теңдеуде  $(C_m \Phi)$  константа болғандықтан  $\omega=f(I_{я})$  тәуелділігі

сызықты тәуелділік болады.

(3.2) теңдеуден:

$$I = \frac{M}{C_m \Phi}. \quad (3.7)$$

Бұл (3.7) теңдеуді (3.6) теңдеуге қойсақ, онда *механикалық сипаттаманың теңдеуін* аламыз:


$$\omega = \frac{U}{C_m \Phi} - \frac{MR_{я}}{C_m^2 \Phi^2}. \quad (3.8)$$

Механикалық сипаттама  $\omega=f(M)$  түзу сызық түрінде бейнеледі (3.2 сурет).

Механикалық және электрмеханикалық сипаттамалардың екі ерекше нүктесі болады: бос жүріс нүктесі ( $M=0$ ), қысқаша тұйықталу нүктесі ( $\omega=0$ ).

*Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның айналу жылдамдығын реттеу*

*тәсілдері.* Механикалық және электрмеханикалық сипаттамалардың теңдеулерінен ТТҚ айналу жылдамдығын үш түрлі тәсілмен реттеуге болатындығын көруге болады: магнит ағынын (қоздыру тоғын) өзгерту арқылы; якорь тізбегінің кедергісін өзгерту арқылы және якорь тізбегіне берілетін кернеуді өзгерту арқылы (3.2...3.5 суреттер).





# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

3.2 сурет - Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның қозғалтқыштың айналу жиілігін якорь тізбегіндегі кедергі арқылы реттеу кезіндегі сипаттамалар

3.3 сурет - Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның қозғалтқыштың айналу жиілігін якорь орамасына берілетін кернеу арқылы реттеу кезіндегі сипаттамалар

*Қысқаша тұйықталу режимі* (3.4 және 3.5 суреттер) электр тізбегінің қысқаша тұйықталуына емес, *толық тежелген якорь жағдайына* сәйкес келеді.

Жоғарыдағы суреттердегі графиктерді талдау кернеу мен кедергі арқылы реттеу айналу жылдамдығын азайту бағытында, ал магнит ағыны арқылы реттеу айналу жылдамдығын көбейту бағытында жүретіндігін көрсетеді.



3.4 сурет - Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның қозғалтқыштың айналу жиілігін магнит ағынын өзгерту арқылы реттеу кезіндегі механикалық сипаттамалары

3.5 сурет - Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның қозғалтқыштың айналу жиілігін магнит ағынын өзгерту арқылы реттеу кезіндегі электрмеханикалық сипаттамалары

## Бақылау сұрақтары

1. Тұрақты ток қозғалтқыштарының механикалық және электрмеханикалық сипаттамаларының теңдеулерін айт

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

2. Тәуелсіз қоздырылатын ТТҚ-ның айналу жылдамдығын реттеу тәсілдерін айт.

## 29 Тақырып Электрлік жетектің қозғалтқышының қуатын анықтау

Жүзеге асырылатын таңдау әрекетінің мақсаты - жұмыстық машинаның берілген технологиялық циклін қамтамасыз ететін, қоршаған ортаның жағдайына сәйкес келетін және қызуы рұқсат етілген қызу деңгейінен аспайтын қозғалтқыш іздеу, таңдау. Қуаты қажетті қуаттан артық қозғалтқыштарды қолдануға болмайды, әйткені бұл жағдайда жетектің бағасы, энергияның шығыны әсесі, ал ПӘК және қуат коэффициенті азаяды.

Әдетте қозғалтқыш таңдау мынадай ретпен жүргізіледі: қуатты есептеу;

қозғалтқыштың алғашқы нұсқасын жорамалдап таңдау; таңдалған қозғалтқышты жүргізіп жіберу, артық жүктелу, қызу шарттары бойынша тексеру. Егер тексеру шарттары орындалмаса, онда қуаты үлкенірек қозғалтқыш таңдаймыз.

Қозғалтқыштың типін технологиялық үрдіске қойылатын талаптарға (үдеу, тежеу, жылдамдықты реттеу диапазоны және т.б.) сәйкес таңдалады.

Қозғалтқыш токтың түріне, кернеудің мөлшеріне, айналу жылдамдығына, конструкциялық жасалу нұсқасына байланысты таңдалады.

Егер жұмыстық механизмге қажет қуат белгілі болса, онда *SI режимі үшін* ұзақ мерзімді *тұрақты жүктеме* кезінде қуат есептеу айтарлықтай жеңіл.

Мысалы, желдеткіштің қозғалтқыштың қуаты:

( 6.8

мұндағы  $V$  – желдеткіштің өнімділігі;  
 $p$  – желдеткіштің қысымы;

$\eta_{ж}$  – желдеткіштің ПӘК-і;  
 $\eta_{б}$  – берілістің ПӘК-і.

Ұзақ мерзімді *айнымалы жүктеме* кезінде қозғалтқыш қуаты әдетте токтың, моменттің, қуаттың немесе шығынның балама (эквиваленттік) мөлшерлері тәсілі бойынша анықтайды. Мысалы, балама қуат тәсілін қолданған кезде өзгермелі жүктемені қандай да бір балама (эквиваленттік) шамамен айырбастайды.

Жүктеменің графигінің тікбұрышты учаскелері үшін:

$$P_{\text{экр}} = \sqrt{\frac{P_1^2 t_1 + P_2^2 t_2 + \dots + P_n^2 t_n}{t_1 + t_2 + \dots + t_n}} \quad (6.9)$$

Ұзақ мерзімді *айнымалы жүктеме* үшін қозғалтқыштың қуатын таңдаған кезде мынадай шарт орындалуы керек:

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

$$P_{\text{ном}} \geq (1,2\dots 1,3)P_{\text{экв}}. \quad (6.10)$$

Каталогтан қуаты есептік қуатқа ең жақын және үлкен электрлік қозғалтқыш таңдайды. Кейбір жағдайда жүргізіп жіберуші моменттің жеткіліктігін тексеру керек, өйткені кейбір механизмдерге орнынан қозғалған сәтте үлкен үйкеліс кедергі жеңуге тура келеді. Сондықтан:

$$M_{\text{жж}} \geq (1,2\dots 1,5)M_{\text{үйк}}. \quad (6.11)$$

Қысқа мерзімді режим S2 кезінде және жүктеменің диаграммасы болғанда  $P_{\text{экв}}$  қуатын анықтау керек, онан кейін S2 режимге арналған арнаулы қозғалтқыш таңдау керек. Бұл жағдайда нормаланған ( $KY_{\text{нор}}$ ) және нақты жағдайдағы ( $KY_{\text{нақ}}$ ) қосылудың салыстырмалы ұзақтықтарын есепке алу керек:

$$P_{\text{ном}} = P_{\text{экв}} \sqrt{\frac{KY_{\text{нор}}}{KY_{\text{нақ}}}}. \quad (6.12)$$

Егер ұзақ мерзімді жұмыс режиміне арналған қозғалтқышты қысқа мерзімді режимде қолданса, онда жұмыстық кезеңнің аяғына қарай температураның өсуі оның есептік тұрақталу мәніне дейін жетпейді, яғни бұл жағдайда қозғалтқыш қызу бойынша, демек, қуат бойынша толық пайдаланбайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты толық пайдалану үшін оны қуат бойынша артығырақ жүктеу керек.

Қозғалтқыштың артық жүктелуін және қызуын сандық бағалау үшін жылулық артық жүктелу коэффициенті және механикалық артық жүктелу коэффициенті қолданылады:

$$p_{\text{ж}} = \frac{1}{1 - e^{-\frac{t_{\text{ж}}}{T_{\kappa}}}}; \quad (6.13)$$

$$p_{\text{м}} = \sqrt{(1 + a)p_{\text{ж}} - a}, \quad (6.14)$$

мұндағы  $t_{\text{ж}}$  - қозғалтқыштың жұмысының ұзақтығы;

$T_{\kappa}$  - қызудың уақыт тұрақтысы, асинхронды қозғалтқыштар үшін жуықтап  $T_{\kappa}=15\dots 35$  мин немесе мына өрнек бойынша анықталады:

$$T_{\kappa} = 6 \frac{m \cdot \tau_{\text{қос}} \cdot \eta_{\text{н}}}{P_{\text{н}}(1 - \eta_{\text{н}})}, \quad (6.15)$$

мұндағы  $a$  - қозғалтқыштың қуатының тұрақты шығынының айнымалы шығынға қатынасы, асинхронды қозғалтқыш үшін  $a=0,5\dots 0,7$ .



# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Қозғалтқыштың қуаты мына әрнек бойынша анықталады:

$$P_{ном} \geq P_{экв}/\rho_m.$$

Қайталанбалы-қысқа мерзімді режим S3 үшін арнаулы қозғалтқыш (S3) таңдағанда (6.12) әрнегі қолданады.

S3 режимінде жұмыс жасайтын S1 режимінің қозғалтқышының жылулық артық жүктелу коэффициенті:

$$P_{ж} = \frac{1 - e^{-\frac{t_{ж} + \beta_0 t_0}{T_{\kappa}}}}{1 - e^{-\frac{t_{ж}}{T_{\kappa}}}}, \quad (6.17)$$

мұндағы  $\beta_0$  – жылу берудің нашарлауы коэффициенті.

Механикалық артық жүктелу коэффициенті (6.14) формула бойынша, ал қуат (6.16) бойынша анықталады.

### Бақылау сұрақтары

1. Желдеткіштің қозғалтқыштың қуатының формуласы
2. Қозғалтқыштың типін технологиялық үрдіске қойылатын талаптарға қандай шамалар жатады
3. Ұзақ мерзімді айнымалы жүктеме үшін қозғалтқыштың қуатын таңдаған кезде қандай шарт орындалуы керек:

### 30 Тақырып Электрлік қозғалтқыштың қызуы және суыуы

Электр машиналарында болатын шығындардың бәрі жылуға айналады. Бұл жылудың бір бөлігі машинаның материалдарын қыздыруға кетеді, ал қалған бөлігі қоршаған ауаға тарайды. Машинаның қызуы оның бүкіл көлемінде біркелкі, ал машинаның барлық сыртқы қабырғаларынан жылудың қоршаған ауаға тарауы біркелкі жүреді деп шартты түрде қабылданса, онда машина үшін *жылу теңдестігінің теңдеуі* мына түрде жазылады:

$$qdt = mcdt + S\lambda\tau dt, \quad (6.1)$$

мұндағы  $q = \sum P$  - уақыт бірлігі ішінде машинада бөлінетін жылу мөлшері, Дж/с;

$\sum P$

– машинадағы барлық шығын, Вт;

– машинаның қызуына кететін жылу мөлшері;

-  $m$  машинаның массасы;

$c$

- машинаның материалының меншікті жылу сыйымдылығы;

$\tau$  - машинаның температурасының қоршаған ауаның температурасынан ауытқуы (асқын қызу температурасы);

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

$S\lambda\tau$

- машинаның қабырғаларынан уақыт бірлігі ішінде қоршаған ауаға тарайтын жылу мөлшері;

$\lambda$  –

тараудың жылулық коэффициенті, яғни машинаның қабырғаларының ауданының бірлігінен ауаға берілетін жылу мөлшері.

Машина іске қосылған бастапқы кезде, яғни машинаның температурасы қоршаған ауаның температурасымен ( $\theta_1$ ) бірдей болған кезде ( ауытқу немесе асқын қызу  $\tau = 0$  ), қоршаған ауаға жылу берілмейді ( $S\lambda\tau dt = 0$ ), ал машинада бөлінетін барлық жылу (шығын) оны қыздыруға жұмсалады. Уақыт өте келе машинаның температурасы қоршаған ауаның температурасынан асқан кезде ( $\tau > 0$ ), жылудың бір бөлігі қоршаған ауаға тарай бастайды.

Уақыт өткен сайын машинаның температурасы біртіндеп көтеріледі де, белгілі бір уақыттан кейін температураның өсуі тоқтап, тұрақты мәнге ( $\theta_{тұр} = \text{const}$ ) ие болады, яғни машина тұрақталған режимге көшеді. Бұл кезде машинада бөлінетін бар жылу қоршаған ауаға беріледі. Бұл жағдай үшін жылулық теңдестік теңдеуі:

$$q dt = S\lambda\tau_{тұр} dt, \quad (6.2)$$

мұндағы

$$\tau_{тұр} = \theta_{тұр} - \theta_1. \quad (6.3)$$

(6.2) теңдеуден табамыз:

(6.4)

Бұл (6.4) теңдеуден мынадай қорытынды шығаруға болады:

а) асқын қызудың тұрақталған температурасы  $\tau_{тұр}$  машинаның

массасына  $m$  тәуелді емес, ол - уақыт бірлігі ішінде машинада бөлінетін жылу

мөлшерімен,  $q$  яғни машинадағы барлық шығынның  $\Sigma P$  қуатымен анықталады;

б) асқын қызудың тұрақталған температурасы машинаның сыртқы (салқындайтын) қабырғаларының ауданына және тараудың жылулық коэффициентіне кері пропорционал, яғни машинаны салқындату қарқынына байланысты.

Арнаулы салқындату тәсілдері қолданылатын (жасанды салқындатылатын) машиналардағы мәні табиғи салқындатылатын

$\tau_{\text{тұр}}$   
S

# КГКП КОСТАНАЙ ШКОЛЫ КИ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ И ВИСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

машиналардағы  $\tau_{\text{тұр}}$  мәніне қарағанда айтарлықтай төмен болады.

Машинаның температурасы қоршаған ауаның температурасымен ( $\theta_1$ ) бірдей болған кезде оны электр желісіне қоссақ, онда машинаның асқын қызу температурасының уақытқа тәуелді өзгерісі мына теңдеу арқылы әрнектеледі:

$$\tau = \tau_{\text{тұр}} \left( 1 - e^{-\frac{t}{T_k}} \right), \quad (6.5)$$

мұндағы  $e = 2,718$  - натурал логарифмнің негізі;

$T_k$  - қызудың уақыт тұрақтысы, ол машинаның сыртқы қабырғасынан

қоршаған ортаға жылу берілмеген жағдайда машинаны тұрақталған температураға дейін қыздыру үшін қажет уақыт.

(6.5) әрнек бойынша тұрғызылған машинаның қызу графигі экспоненттік қисық түрінде бейнеленеді (6.1,а сурет). Ол машинаның асқын температурасы тұрақты мәнге жетуі үшін белгілі бір уақыт қажет екендігін кәрсетеді.

Алғашқы кезде қызу үрдісі қарқынды жүреді де, кейіннен тұрақты мәнге жақындаған сайын баяулайды. Теориялық тұрғыдан  $\tau = \tau_{\text{тұр}}$  болу үшін  $t =$

$\infty$  болу керек. Қызу графигінің басқы жағына жүргізген жанаманың

$$\tau_{\text{тұр}} = \text{const}$$

сызығын қиып өткен кезде пайда болған кесіндінің ұзындығы масштаб бойынша алған кезде қызудың уақыт тұрақтысын  $T_k$  анықтайды. Сонымен, физикалық тұрғыдан уақыт тұрақтысы  $T_k$  қызу графигі түзу

сызық болған жағдайда асқын қызу температурасының тұрақты мәнге  $\tau_{\text{тұр}}$  қанша уақытты жететіндігін білдіреді.

Шынайы жағдайда, яғни қызу графигі түзу сызық болмаған жағдайда, асқын қызу температурасы тұрақты мәнге  $\tau_{\text{тұр}}$  жетуі үшін қажет уақыт  $t = (4 \dots 5) T_k$  тең есептейді.

*Электрлік қозғалтқыштың сууы.* Егер машинаны электр желісінен айырсақ, онда оның қызуы тоқтайды да, қоршаған ортаға машинаның материалында жинақталған жылу беріледі. Бұл жағдайда асқын қызудың температурасы біртіндеп қоршаған ортаның температурасына дейін

төмендейді, яғни  $\tau = 0$  болғанша төмендейді (6.1,б сурет). Машинаның сууының бұл (салқындау) үрдісі мына теңдеу арқылы сипатталады:

$$\tau = \tau_{\text{тұр}} e^{-\frac{t}{T_c}}, \quad (6.6)$$

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**


мұндағы  $T_c$  – суудың уақыт тұрақтысы, с.

Асқын қызу температурасы нөлге жетуі үшін қажет уақыт

$$t = (4 \dots 5) T_c$$

тең болады есептейді.

Сонымен, қызудың және суудың уақыт тұрақтылары жылулық үрдістердің жылдамдықтарын сипаттайды. Уақыт тұрақтысы неғұрлым аз болған сайын, машина соғұрлым тез қызады.



6.1 сурет – Электр машинасының қызу (а) және суу (б) графиктері

Электр машиналарының бөліктері жұмыс кезінде қызатындықтан олар үшін асқын қызудың рұқсат етілген температуралары белгіленген. Машинаның орамасының оқшаулағышы (изоляциясы) жоғары температураға өте сезімтал келеді, оның температурасы рұқсат етілген температурадан асқан жағдайда қызмет ету мерзімі азаяды.

Электротехникалық бұйымдарда қолданатын оқшаулағыш материалдар қызуға тәзімділік деңгейіне байланысты 5 класқа бөлінеді: А, Е, В, F және Н. Электр машиналарында В, F және Н кластарына жататын оқшаулағыш материалдар қолданылады. Машиналардың орамаларының оқшаулағыштары үшін рұқсат етілген температуралардың ең жоғарғы мәндері төменгі кестеге сәйкес қабылданады (3 кесте).

Асқын қызу мойынтіректерге және түйіспелік сақиналарға кері әсерін тигізеді.

Қоршаған ортаның температурасы  $\theta_1$  айтарлықтай жоғары болған жағдайда (мысалы, металлургия әндірісінде)  $\theta_1=40^\circ\text{C}$  тең етіп қабылдайды.

3 кесте - Орамаларының оқшаулағыштары үшін рұқсат етілген температура

Оқшаулағыш қызуға тәзімділік класы	В	F	Н
Оқшаулағыштың рұқсат етілген температурасының ең жоғарғы мәні, $^\circ\text{C}$	130	155	180
Машинаның орамасының рұқсат етілген температурасының ең жоғарғы мәні, $^\circ\text{C}$	120	140	165
Ораманың рұқсат етілген температурасының жоғарғы мәні (асқын $\theta_1=40^\circ\text{C}$ болғанда), $^\circ\text{C}$	80	100	125
Ораманың кедергісін есептеуге пайдаланатын	75	115	115

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

жұмыстық температура, °С

Бақылау сұрақтары

1. Жылу теңдестігінің теңдеуін жаз
2. Электр машинасының қызу және суу графиктерін сал

**4 бөлім. Жарықтандыру қондырғылары құрылғысының принциптік негіздер  
31 Тақырып Оптикалық сәулелер және сәулелену спектрлері**

Оптикалық сәулелену – 100-ден 1000 нм дейінгі толқын ұзындығы бар электромагниттік сәулелену. Электромагниттік сәулелену бір секундта тербелістердің толық циклы санын көрсететін тербеліс жиілігімен немесе бір тербеліс уақытына сәулеленуіне таралатын арақашықтығымен, яғни тербеліс ұзындығымен сипатталады. Сәулеленудің тарау жылдамдығы мына формула бойынша анықталады:

$$c = f\lambda, \text{ м/с,}$$

мұндағы  $\lambda$  – толқын ұзындығы, м;

$f$  – электромагниттік тербелістердің жиілігі, Гц.

Оптикалық сәулелену толқын ұзындығына байланысты ультра күлгін, көрінетін және инфрақызыл сәулелену болып бөлінеді.

Ультра күлгін сәулелену.

Ультра күлгін сәулелену деп – көрінетін және рентгендік сәулеленулер арасындағы спектріне орналасқан көзге көрінбейтін оптикалық сәулеленуді атайды. Ультра күлгін сәулелену үш топқа бөлінеді: УФ-А - 315 нм-ден 380 нм дейін; УФ-В - 280-315 нм; УФ-С - 100- 280 нм. Ультра күлгін сәулеленудің ауданы шартты түрде жақын (400-200 нм) және алыс немесе вакуумдық (200-10 нм) болып бөлінеді; соңғы атауы осы бөліктің ультра күлгін сәулеленуі ауамен жұтылумен және оның зерттеуі вакуум ішінде жүргізілуімен негізделінеді.

Жақын ультра күлгінің диапазонын көбінесе «қара жарық» деп атайды, себебі ол адам көзіне көрінбейді, бірақ кейбір материалдардың көрінісі кезінде спектр көрінетін сәулелену ауданына өтеді.

Алыстағы және тәжірибелік диапазон үшін «вакуумдық» термині жиі қолданылады, өйткені осы диапазонның толқындары Жер атмосферасымен қатты жұтылады.

Ультра күлгін сәулеленудің негізгі табиғи көзі Күн, ал УК сәулеленудің жасанды көздері жарықтың газразрядты көздері, эритемді шамдар, бактерицидті шамдар мен сәулелендіргіштер болып табылады.

Ультра күлгін сәулеленуді пайдалану аймағы.

УК сәулелену ауаны және беттерді зарарсыздандыру үшін тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында кең қолданылады. Ультра күлгін шамдар бактериялар мен микроорганизмдерді өлтіруге қабілетті, сондықтан «кварцтық» шамдар адамдардың көп

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

шоғырлану орындарында ауаны дезинфекциялау үшін кең қолданылады. Жалған құжаттардан қорғау үшін ультра күлгін жарықтандыру талабында ғана көрінетін оларды ультра күлгін белгілерімен жабдықтайды. Ультра күлгін сәулелену ойын-сауық мақсатында да пайдалынады: сахнада жарық эффектілерін құрастыру үшін.

Көрінетін сәулелену.

Көрінетін сәулелену – 380 - нен 780 нм дейін спектр бөлігін алатын және көру сезімін тудыратын оптикалық сәулелену. Әртүрлі жиілікті жарық сәулеленуі адаммен әртүрлі түстермен қабылданады.

Ақ түсті сәуленің ыдырауы кезінде призмада спектр пайда болады, онда толқындардың әртүрлі ұзындықты сәулеленуі әртүрлі бұрышпен сынады. Спектрге кіретін түстер, яғни бір ұзындықпен (немесе өте тар диапазонмен) жарық толқындарымен алынатын түстер спектральды түстер деп аталынады. Негізгі спектральды түстер: күлгін (380-440 нм), көк (440-485 нм), көгілдір (485-500 нм), жасыл (500-565 нм), сары (565-590 нм), қызғылт сары (590-625 нм) және қызыл (625-780 нм).

Инфрақызыл сәулелену.

Инфрақызыл сәулелену - көрінетін жарықтың қызыл соңымен (780 нм толқын ұзындығымен) және радиосәулеленудің (1 мм толқын ұзындығымен) қысқа толқындары арасындағы спектральды аймақты алатын оптикалық сәулелену.

Инфрақызыл сәулелену алатын барлық аудан әртүрлі толқын ұзындығы бар 3 диапазонға бөлінеді:

- қысқа толқындар 800-ден 1400 нм дейін;
- орташа толқындар 1400-ден 3000 нм дейін;
- ұзын толқындар 3000-ден 10000 нм дейін.

Әдетте инфрақызыл сәулелену микрометрмен өлшенеді. Инфрақызыл сәулелену температурасы абсолюттік нөлден жоғары барлық денелермен шығарылады.

Инфрақызыл сәулеленуді тағы да «жылу» сәулелену деп атайды, себебі қызған заттардан инфрақызыл сәулелену адам терісімен жылуды сезіну сияқты қабылданады. Бұл кезде денемен шығарылатын толқындар ұзындығы қыздыру температурасынан тәуелді: температура жоғары болған сайын, тоқын ұзындығы қысқа және сәулелену интенсивтілігі жоғары болады.

Инфрақызыл сәулеленудің көздері.

Табиғи көздерге жататындар: Күн сәулеленуі, жанар таулар, ыстық сулар, атмосферадағы жылулық массатасымалдау үрдістері, орман өрттері, барлық қызған денелер.

Технологиялық көздерге жататындар: газразрядты шамдар, көмір және электрлік доғалар, шиыршығы бар электрлік плиталар, плазмалық қондырғылар, электр қыздыру құралдары, пештер, қозғалтқыштар, генераторлар, атом реакторлары, инфрақызыл лазерлер.

Инфрақызыл сәулеленуді қолдану аймағы.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Инфрақызыл сәуле физиотерапияда, қашықтықтан басқару,

өдірісте

лак-бояу беттерін кептіру, тамақ өнімдерін зарарсыздандыру үшін, антикоррозияға қарсы құралдарда, үй-жайларды және дала кеңістіктерін жылыту үшін, талшықты-оптикалық байланыс жүйелерінде қолданылады.


Сәулелену спектрлары.

Сәулелену спектры – толқын ұзындықтары бірқатар тәртіппен өзгеретін сәулеленулер жиынтығы.

Заттар сәулеленуінің спектрлік құрамы алуан түрлі. Бірақ осыған қарамастан, тәжірибе көрсеткендей барлық спектрларды тұтас, сызықты және жолақты деп үш типке бөлуге болады.

Тұтас спектр.

Тұтас спектр – толқын ұзындығы интервалын үзілусіз толтыратын монохроматтық құраушылар, сәулелену жүретін шекспектрі, (1 сурет)



1 сурет – Сәулеленудің тұтас спектрі

Тұтас спектр қызған қатты және сұйық заттарды, көп қысымда қыздырылған газдарды шығарады. Күн спектры немесе доғалық шам спектры үздіксіз болып табылады.

Үздіксіз спектрдың сипаттамасы мен оның бар болуы жеке атомдардың сәулеленуінің қасиеттерімен ғана емес анықталынады, бірақ үлкен дәрежеде атомдардың бір-бірімен өз-ара әрекет етуіне тәуелді. Үздіксіз спектрдің сипаты мен оның өзінің болуы жеке сәулеленетін атомдармен ғана емес, сонымен қатар атомдардың бір-бірімен әрекеттесуімен де анықталынады.

Үздіксіз спектрды жоғары температуралы плазмада бере алады. Электрмагниттік толқындар плазмамені, негізінде электрондардың иондармен соқтығысуы кезінде сәулеленеді.


Сызықты спектрлер.

Сызықты спектр – монохроматикалық сәулеленулердің бір-біріне жанаспайтын жеке тұратын спектр (2 сурет).

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

- орнату әдісі бойынша: қабырғалы, аспалы, едендік, үстелдік, төбелік, орнатылатын, консольды, қолды.

Шамдалдарды қорғау дәрежесі бойынша жіктеу.

ЖҚ және басқа да электртехникалық жабдықтарды ылғыл (судан) және қатты бөлшектер (шаңнан) әсерінен олардың қорғанысы дәрежесі бойынша жіктелуі мен белгіленуінің халықаралық жүйесі бар. Қорғаныс дәрежесі IP әріптерімен (Ingress Protection – енуден қорғау) және екі санмен белгіленеді. Бірінші сан жарықтандыру құралдарының оған шаң мен басқа денелердің енуі қорғанысының дәрежесін көрсетеді және ол 2-ден 6-ға дейін мәнге ие болуы мүмкін. Белгіленудегі екінші сан ЖҚ ішіне судың енуінен қорғаныс дәрежесін көрсетеді. Бұл сан 0-ден 8-ге дейін болады.

Жарықтандыру құралдарының электр қауіпсіздігі бойынша жіктелуі. ЖҚ электр қауіпсіздігі адамдарды электр тогынан қорғауды қамтамасыз

етуі керек. Қауіпсіздік дәрежесі ЖҚ қосылған ток өткізуші элементтердің электр оқшауламасының бар болуы және сапасымен (сымдар, патрондар), жерлендірудің болуымен және электр кернеуінің шамасымен сипатталады.

«Электр қондырғыларының ережесіне» (ЭҚЕ) сәйкес барлық электр жабдықтары, соның ішінде ЖҚ электр қауіпсіздігі дәрежесі бойынша 4 топқа бөлінеді:

- 1) 0 топ – электр тогынан қорғаныс, тек негізгі (жұмыстық) оқшауламен қамтамасыздандырылады.
- 2) I топ – электр тогынан қорғаныс, қоректенетін тораптың үшфазалы бес сымды немесе стационарлы бірфазалы сымның қорғанысына шамдалдың токөткізгіш бөлігіне жанасу үшін жалғанған негізгі оқшауламен қамтамасыз етіледі.
- 3) II топ – электр тогынан қорғаныс екі немесе одан да көп оқшауламен қамтамасыздандырылады.
- 4) III топ – электр тогынан қорғаныс қоректенудің қауіпсіз аса төмен кернеуді ( $\leq 50$  В) пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

Жарықтандыру құралдарының өрт қауіпсіздігі.

Жарықтандыру құралдарының өрт қауіпсіздігі тікелей олардың жылу параметрлеріне байланысты және ЖҚ апаттық режимдері мен қалыпты жұмысы кезіндегі оның шекті мәндерінің барлық элементтеріне температураның сәйкес болуымен сипатталады. Жұмыс барысында қуатқа, түрге және суыту шартына тәуелді барлық жарық көзі белгілі бір температураға да дейін қызады. Сондықтан жарықтандыру құралдары оларды орнату орындарында өрттің пайда болуына қауіп әкелетін құрал болып табылады. Орнатылатын, төбелік, қабырғалық және едендік жарықтандыру құралдарына арнайы олардың өрт қауіпсіздігін сипаттайтын белгілер белгіленеді:



# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

F – жарықтандыру құралы жанбайтын материалдың (бетон, металл, штукатурка) бетіне ғана емес, сонымен бірге температурасы 200°C төмен емес (мысалы, қалыңдығы 2 мм ағаш немесе фанер) жанатын материалдар бетіне де орнатылады. Бұндай ЖҚ корпусының температурасы қалыпты жағдайда 115°C аспайды, ал аномалды режимде 130°C дейін, дросселдің ауқауы кезінде (мысалы, орамдар арасындағы тұйықталу) 180 °C дейін жоғарлауы мүмкін. Аномалды режим деп, мысалы, люминесценттік шам жанбай қалған кезде, яғни оның тек электродтары қызып немесе үздіксіз жыпылықтау болған жағдайды айтуға болады.

F – жарықтандыру құралдары жалындану температурасы белгісіз заттар талшықтары немесе шаң бар XXXXXXXXXX да қолданылуы мүмкін.

F – жарықтандыру құралы жанғыш материалдардың ешқайсысының бетіне орнатылуы мүмкін емес.

Жарықтандыру құралдарының жарылу қауіпсіздігі.

Кәсіпорындарды химиялық, газдық, мұнай және басқа да өндіріс салаларын жарықтандыру кезінде осындай жерлерде жарылу қоспалары пайда болуын ескеру керек, және шамдалдар қандай жұмыс режимі болмасын жарылыс жағдайын тудыратын көздер болмауы қажет. Осындай кәсіпорындарды жарықтандыру үшін құрылысы жарылыс туындауын болдырмайтын арнайы шамдалдар ғана қолданылуы тиіс.

F Ex белгісі алдында 0, 1 немесе 2 саны қойылады. 2 Ex маркалы шамдалдар «жарылысқа қарсы шамдалдар» деп аталынады. Оларда шамдалдардың қалыпты режимі кезінде қауіпті ұшқын, доға немесе қызып кетудің пайда болуын қиындататын қорғаныс тәсілдері қарастырылған. 1 Ex маркалы (жарылысқа қауіпсіз) деп аталынатын жарықтандыру құралдарында шамдалдардың қалыпты жұмысы кезінде, пайдалану үрдісі барысында зақымдалулар кезінде де ұшқын, доға немесе қызудың пайда болуының нәтижесінде жарылысқа қауіпсіз жарылыстан қорғануды қамтамасыздандырады. 0 Ex маркалы шамдалдарында («жарылыс қауіпсіздігі аса жоғары») қосымша арнайы жарылыс қауіпсіздігінің шаралары қарастырылған

Бақылау сұрақтары

1. Шамдардың жіктелуі
2. Жарықтандыру құралдарының өрт қауіптілігі
3. ЖҚ электр қауіпсіздігі дәрежесі бойынша неше топқа бөлінеді: Оларды ата

## 40 Тақырып Технологиялық жабдықтардың пайдалануы

Жасанды жарықтандыруды нормалау – бұл қондырғылардың сандық және сапалық көрсеткіштері деңгейін пайдалану процесіндегі қажеттілікті қамтамасыз ететін жарықтандыру қондырғыларының орнатылған нормасы мен ережесі. Жарықтандыру ережесі мен нормасы сәйкесінше нормативтік құжаттармен регламенттелінеді.

Нормалау мақсаты мен тапсырмасы көру физиологиясын, еңбек гигиенасын, электр энергиясының аз шығындары кезіндегі техникалық қауіпсіздік және басқа материалдық ресурстарды, сонымен қатар жарықтандыру қондырғыларын монтаждау мен пайдалануға

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

кеткен еңбек шығындары шарттары есебімен жарықтандыру қондырғыларының көрушілік тиімділігін қамтамасыз ететін жарықтандырылатын жарық ортасын құрастыру болып табылады.

Жарықтандыру нормасын дайындауда екі жүйе қолданылады:

– белгілі жұмыс орындары мен ғимараттар үшін жарықтандыру нормалары;

– белгілі жұмыс орнын көрсетпейтін көру процесін сипаттайтын белгілері функцияларындағы жарықтандыру нормалары.

Жарықтандырудың нормаланған мәндері келесі шкала бойынша қабылданады: 0,2; 0,3; 0,5; 1; 2; 3; 4;5; 6; 7; 10; 15; 20; 30; 50; 75; 100; 150; 200; 300; 400; 500; 600; 750; 1000; 1250; 2000; 2500; 3000; 3500; 4000; 4500; 5000 лк.

ҚНМЕ бойынша табылған жарықтандыруды жоғарлату шартына жұмыс күні ішінде көру жұмысының ұзақтығының жоғары болуы, бақылаушы көзден нысанды жою (0,5 м), табиғи жарықтандырудың болмауы және т.с.с. жатады. Жарықтылықты бір сатыға төмендету тұрақты қызмет етуді қажет етпейтін немесе адамдардың аз уақыт болуына арналған ғимараттарда, жабдықтары бар өндірістерде аз адам жағдайында болуы мүмкін.

Өндірістік ғимараттардағы жарықтандыруды нормалау кезінде оның минималды шекті деңгейі сипаттамаға және көру жұмысының орындалу түріне байланысты регламенттелінеді.

ҚНМЕ-ке сәйкес оптикалық құралдарсыз орындалынатын барлық көру жұмыстары сипатталынады:

- көру жұмысының разрядымен, ол айыру нысанының өлшемі тәуелділігімен анықталынады, яғни көру жұмысының нақты орындалуына байланысты;

- көру жұмысының разрядымен, фоны бар нысан кереғарлығымен және фонның жарықтылығымен анықталынады; көптеген көру жұмыстарының разрядтары үшін төрт разрядтары бар: а, б, в, г.

Ғимараттың ішінде орындалынатын жұмыстың сипаты бойынша нақтылықтың 7 тобы бөлінген: I – ең жоғары, II – өте жоғары, III – жоғары, IV

– орта, V – аз нақты, VII – дәрекі жұмыс, VII – өзіндік сәуле түсетін немесе қыздырылған нысандар жұмысы. Осы топтар үшін жарықтандырудың нормалау деңгейі 5000-ден 100 лк дейін.

Көшелерді, автомобиль туннельдерін, жүру жолдарын жарықтандыру кезіндегі негізгі нормалау шамасы жол жабынының жарықтылығы болып табылады. Ол көше категориясына, қозғалыс интенсивтілігіне, қоршаған орта сипатына байланысты. Жарықтылық сонымен бірге архитектуралық

ғимараттарды (ескерткіштер, ғимараттар және т.б.) декоративті жарықтандыру кезінде нормаланады.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Жарықтандыру мен жарықтлық жарықтандырудың сандық жағын сипаттайды, қалған нормаланған параметрлер сапасын анықтайды.

Көшелерді, автомобиль туннельдерін, жүру жолдарын жарықтандыру кезіндегі негізгі нормалау шамасы жол жабынының жарықтылығы болып табылады. Ол көше категориясына, қозғалыс интенсивтілігіне, қоршаған орта сипатына байланысты. Жарықтылық сонымен бірге архитектуралық ғимараттарды (ескерткіштер, ғимараттар және т.б.) декоративті жарықтандыру кезінде нормаланады.

Жарықтандыру мен жарықтлық жарықтандырудың сандық жағын сипаттайды, қалған нормаланған параметрлер сапасын анықтайды.

Өндіріс кәсіпорындарының жарықтандыру қондырғыларында көзді шағылыстыру көрсеткіші  $S$  нормаланады, ол көз алдында шағылыстыру көздерінің болуы мен болмауы кезіндегі нысан мен фон жарықтылығының әртүрлі шегінің қатынасы.

Қоғамдық ғимараттар үшін көзді шағылыстыру коэффициенті орнына жайлылық көрсеткіші  $M$  нормаланады, оның шамасы орындалынатын жұмыстың сипатына байланысты және 15 және 90 мәндерін қабылдауы мүмкін.

Жайлылық немесе көзді шағылыстырудың ұйғарынды мәнінің шамасы жарықтандырудың екінші нормаланған параметрі болып табылады

Еуропалық және Қазақстандық жарықтандыру нормаларында жалпыланған жайлылық көрсеткіші  $UGR$  нормаланады.

Жұмыс барысында заттардың әртүрлі түсінің және олардың бөлшектерінің нақтылығын қажет етеді. Бұл әсіресе өнім сапасының маңызды критеріі болатын - полиграфияларда, тоқыма өнеркәсібінде, кейбір дүкендерде және т.б. керек. Сондықтан жұмыс орындарының реті үшін жарықтандырудың тағы бір сапалы көрсеткіші нормаланады – түсті тарату жалпы индексі  $R_a$ .

Жарықтандыру бойынша халықаралық комиссиямен түс тарату сапасының жүйесі ұсынылған:

- $R_a \geq 90$  – өте жақсы;
- $90 > R_a \geq 80$  – жақсы;
- $80 > R_a \geq 70$  – жақсы;
- $70 > R_a \geq 60$  – қанағаттанарлық;
- $60 > R_a \geq 40$  – қолайлы;
- $R_a < 40$  – нашар.

Жарықтандыру нормасында полиграфия кәсіпорындары, тоқыма мен лак бояу өндірісі саласы үшін, сонымен бірге ауруханалардың хирургиялық бөлімдері үшін  $R_a$  90 төмен болмауы керек.

EN 12464-1-2011 Еуропалық нормаларында жұмыстың барлық түрі мен қоғамдық ғимараттар типі үшін  $R_a$  80 төмен емес нормаланады, полиграфиялық және тоқыма

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

өнеркәсібі үшін, хирургиялық кабинеттер, кейбір сауда залдары үшін 90 төмен емес түсті тарату индексі қажет етеді. Түстердің әртүрлігін қажет етпейтін өндіріс ғимараттары үшін (металлургия, металлды өңдеу) түсті таратуы нашар жарық көздерін пайдалануға рұқсат беріледі.

Түсті таратудың жалпы индексінен басқа, еуропалық нормалар жарық көзінің түстік температурасын ұсынады. Сәулеленудің түстілігі бойынша барлық жарық көздері үш топқа бөлінген: жылы ( $T_{\text{түс}} \leq 3500 \text{ K}$ ), орташа ( $T_{\text{түс}} = 3500 - 5300 \text{ K}$ ) және суық ( $T_{\text{түс}} \geq 5300 \text{ K}$ ).

Жарықтандырудың тағы бір нормаланған параметрі көз алдында жарықтылықты тарату болып саналады. Жарықтылық айтарлықтай қиын есептелінеді, бірақ осыған қарамастан жарықтандыруды біркелкі емес таратуын нормалайды. Орындалған жұмыстың сипатына байланысты жұмыс орнындағы және жақын ортаның жарықтандыру қатынасы 1:0,3–1:0,7 болуы қажет.

Қазақстан мен Ресейде жарықтандырудың сапалы көрсеткіші нормаланады - жарықтандыру пульсациясының коэффициенті. Бұл көрсеткішті нормалау разрядты жарық көздерін енгізумен қажет болды. Разрядты жарық көздерінде – люминесценттік, жоғары қысымды сынапты, металлгалогенді, натрийлі шамдарының жарық ағыны торап тоғының екі еселенген жиілігімен өзгереді. 50 Гц жиілік кезінде шамдардың жарық ағыны секундына 100 рет өзгереді, барлық разрядты шамдар осындай жиілікпен жыпылықтайды. Көз мұндай жыпылықтарды байқамайды, бірақ олар организммен қабылданады - жоғары шаршаңшылдық, бас ауруы. Сонымен қатар айналатын немесе дірілдейтін заттардың жарығын пульсациясын жарықтандыруда стробоскопиялық эффект пайда болады. Бұл адамдарда теріс реакцияларды тудырады және өндірістегі жарақаттардың (травматизмнің) бірден бір себебі болып табылады.

Пульсация тереңдігі жарықтылық пульсациясының коэффициентімен өлшенеді  $k_{\text{п}}$ :

$$k_{\text{п}} = \frac{E_{\text{max}} - E_{\text{min}}}{E_{\text{ор}}}$$

$$2E_{\text{ор}}$$

мұндағы  $E_{\text{max}}$ ,  $E_{\text{min}}$  және  $E_{\text{ор}}$  – максималды, минималды және орташа жарықтылықтың мәні.

Нормалау бойынша жұмыс орнындағы жарықтылық пульсациясының тереңдігі 20% аспауы керек, ал кейбір өндіріс түрлері үшін 15%. Компьютерлермен жабдықталған ғимараттардағы санитарлық ереже мен нормалау бойынша жұмыс орнындағы 5% аз болмауы қажет.

Осылай, нормативтік құжаттарда бес параметр белгіленеді: жарықтылық шамасы, жарықтылықтың біркелкі еместігі, жайлылық көрсеткіші, түсті таратудың жалпы индексі және жарықтылық пульсациясының коэффициенті. Осы параметрлердің біріншісі жарықтандырудың сандық жағдайын, қалған төртеуі сапасын анықтайды.

Табиғи және біріктірілген жарықтандыру кезінде ҚНМЕ сай жарықтандырудың сипатына байланысты көру жұмыстарының әрбір разряды үшін табиғи жарықтандыру коэффициенті ТЖК нормаланады.

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

$$P = \frac{V \cdot p}{\eta_{ж} \eta_{б}} \cdot 10^{-3},$$

Табиғи жарықтандыру коэффициенті  $e$  ғимараттың ішіндегі  $E_I$  белгілі нүктедегі табиғи жарықтанудың сыртқы тік жарықтандыру  $E_C$  мәнінің қатынасын көрсетеді. ТЖК мына формуламен анықталады:

$$e = \frac{E_I}{E_C} \cdot 100, \%$$

Табиғи жарықтандыру коэффициенті сыртқы жарықтандырудың диффузиялық жарығы ғимарат ішіндегі есептік нүктеде жарығының үлесін көрсетеді. Құрылыс нормасы мен ережесі көру жұмыстарының разрядына, жарықтандыру жүйесіне байланысты ТЖК минималды мәнін белгілейді.

Бақылау сұрақтары

1. Жарықтандыру нормасын дайындауда неше жүйе қолданылады? Оларды ата
2. Жасанды жарық деген не?
3. Жарықтандырудың нормаланған мәндері қандай шкала бойынша қабылданады:

### Практикалық бөлім

**Практикалық сабақ №1** Қуатты есептеу және электрлік жетектің қозғалтқышын таңдау.

Жүзеге асырылатын таңдау әрекетінің мақсаты - жұмыстық машинаның берілген технологиялық циклін қамтамасыз ететін, қоршаған ортаның жағдайына сәйкес келетін және қызуы рұхсат етілген қызу деңгейінен аспайтын қозғалтқыш іздеу, таңдау. Қуаты қажетті қуаттан артық қозғалтқыштарды қолдануға болмайды, әйткені бұл жағдайда жетектің бағасы, энергияның шығыны әседі, ал ПӘК және қуат коэффициенті азаяды.

Әдетте қозғалтқыш таңдау мынадай ретпен жүргізіледі: қуатты есептеу;

қозғалтқыштың алғашқы нұсқасын жорамалдап таңдау; таңдалған қозғалтқышты жүргізіп жіберу, артық жүктелу, қызу шарттары бойынша тексеру. Егер тексеру шарттары орындалмаса, онда қуаты үлкенірек қозғалтқыш таңдаймыз.

Қозғалтқыштың типін технологиялық үрдіске қойылатын талаптарға (үдеу, тежеу, жылдамдықты реттеу диапазоны және т.б.) сәйкес таңдалады.

Қозғалтқыш токтың түріне, кернеудің мөлшеріне, айналу жылдамдығына, конструкциялық жасалу нұсқасына байланысты таңдалады.

Егер жұмыстық механизмге қажет қуат белгілі болса, онда *SI режимі үшін* ұзақ мерзімді *тұрақты жүктеме* кезінде қуат есептеу айтарлықтай жеңіл.

Мысалы, желдеткіштің қозғалтқыштың қуаты

( 6.8)

мұндағы  $V$  – желдеткіштің өнімділігі;  
 $q$  – желдеткіштің қысымы;

## КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

$\eta_{ж}$  – желдеткіштің ПӘК–і;  
 $\eta_б$  – берілістің ПӘК–і.

Ұзақ мерзімді *айнымалы жүктеме* кезінде қозғалтқыш қуаты әдетте токтың, моменттің, қуаттың немесе шығынның балама (эквиваленттік) мөлшерлері тәсілі бойынша анықтайды. Мысалы, балама қуат тәсілін қолданған кезде өзгермелі жүктемені қандай да бір балама (эквиваленттік) шамамен айырбастайды.

Жүктеменің графигінің тікбұрышты учаскелері үшін:

$$P_{эқв} = \sqrt{\frac{P_1^2 t_1 + P_2^2 t_2 + \dots + P_n^2 t_n}{t_1 + t_2 + \dots + t_n}} \quad (6.9)$$

Ұзақ мерзімді *айнымалы жүктеме* үшін қозғалтқыштың қуатын таңдаған кезде мынадай шарт орындалуы керек:

$$P_{ном} \geq (1,2\dots 1,3)P_{эқв}. \quad (6.10)$$

Каталогтан қуаты есептік қуатқа ең жақын және үлкен электрлік қозғалтқыш таңдайды. Кейбір жағдайда жүргізіп жіберуші моменттің жеткіліктігін тексеру керек, өйткені кейбір механизмдерге орнынан қозғалған сәтте үлкен үйкеліс кедергі жеңуге тура келеді. Сондықтан:

$$M_{жж} \geq (1,2\dots 1,5)M_{үйк}. \quad (6.11)$$

Қысқа мерзімді режим *S2* кезінде және жүктеменің диаграммасы болғанда  $P_{эқв}$  қуатын анықтау керек, онан кейін *S2* режимге арналған арнаулы қозғалтқыш таңдау керек. Бұл жағдайда нормаланған ( $KУ_{нор}$ ) және нақты жағдайдағы ( $KУ_{нақ}$ ) қосылудың салыстырмалы ұзақтықтарын есепке алу керек:

$$P_{ном} = P_{эқв} \sqrt{\frac{KУ_{нор}}{KУ_{нақ}}}. \quad (6.12)$$

Егер ұзақ мерзімді жұмыс режиміне арналған қозғалтқышты қысқа мерзімді режимде қолданса, онда жұмыстық кезеңнің аяғына қарай температураның өсуі оның есептік тұрақталу мәніне дейін жетпейді, яғни бұл жағдайда қозғалтқыш қызу бойынша, демек, қуат бойынша толық пайдаланбайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты толық пайдалану үшін оны қуат бойынша артығырақ жүктеу керек.

Қозғалтқыштың артық жүктелуін және қызуын сандық бағалау үшін жылулық артық жүктелу коэффициенті және механикалық артық жүктелу коэффициенті қолданылады:

$$p_{ж} = \frac{1}{1 - e^{-\frac{t_{ж}}{T_{ж}}}}; \quad (6.13)$$

$$p_{м} = \sqrt{(1 + a)p_{жс} - a},$$



**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

---

(6.14)

мұндағы  $t_{ж}$  – қозғалтқыштың жұмысының ұзақтығы;

$T_k$  - қызудың уақыт тұрақтысы, асинхронды қозғалтқыштар үшін жуықтап  $T_k=15...35$  мин немесе мына әрнек бойынша анықталады:

$$T_k = 6 \frac{m \cdot \tau_{қос} \cdot \eta_H}{P_H (1 - \eta_H)}, \quad (6.15)$$

мұндағы  $a$  - қозғалтқыштың қуатының тұрақты шығынының айнымалы шығынға қатынасы, асинхронды қозғалтқыш үшін  $a=0,5...0,7$ .

Қозғалтқыштың қуаты мына әрнек бойынша анықталады:

$$P_{ном} \geq P_{экв/рм}.$$

Қайталанбалы-қысқа мерзімді режим S3 үшін арнаулы қозғалтқыш (S3) таңдағанда (6.12) әрнегі қолданады.

S3 режимінде жұмыс жасайтын S1 режимінің қозғалтқышының жылулық артық жүктелу коэффициенті:

$$P_{ж} = \frac{1 - e^{-\frac{t_{ж} + \beta_0 t_0}{T_k}}}{1 - e^{-\frac{t_{ж}}{T_k}}},$$

мұндағы  $\beta_0$  – жылу берудің нашарлауы коэффициенті.

Механикалық артық жүктелу коэффициенті (6.14) формула бойынша, ал қуат (6.16) бойынша анықталады.

**Практикалық сабақ №2** Электрлік жетектердің пайдалы әсер коэффициенті және қуат коэффициенті бойынша есептер шығару

Жалпы жағдайда электрлік жетек әртүрлі жылдамдықпен, әртүрлі жүктемемен жұмыс жасайды. Бұл жағдайда

$$\eta = \frac{A_{пай}}{A_{тұт}} = \frac{A_{пай}}{(A + \Delta A)} = \frac{\sum_{i=1}^n P_{пай.i} \cdot t_i}{\sum_{i=1}^n P_{пай.i} \cdot t_i + \sum_{i=1}^n P_i \cdot t_i}, \quad (5.12)$$

мұндағы  $A_{пай}$ ,  $A_{тұт}$  – пайдалы және тұтынатын қуат;  $A$  – ЭЖ-дегі энергия шығыны;

$P_{пай.i}$  – ЭЖ-дегі циклдің  $i$  бөлігіндегі пайдалы механикалық қуат;  $P$  – ЭЖ-дегі циклдің  $i$  бөлігіндегі қуат шығыны;

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

$n$  – ЭЖ жұмысының бөліктері (учаскелері).

Мұндай ПӘК циклдік немесе орташа ПӘК деп атайды.



Егер ЭЖ өзгермейтін режимде тұрақты қуатпен жұмыс жасаса, онда:

$$\eta = \frac{P_{\text{пай}}}{P_{\text{пай}} + \Delta P} \quad (5.13)$$

ЭЖ электромеханикалық жүйе болғандықтан оның ПӘК-і түрлендіргіштің, басқарушы құрылғының, электрлік қозғалтқыштың және механикалық берілістің ПӘК-терінің кәбейтіндісіне тең:  $\eta_{\text{ЭЖ}} = \eta_{\text{т}} \cdot \eta_{\text{бк}} \cdot \eta_{\text{эк}} \cdot \eta_{\text{мб}}$ .

Қозғалтқыштың ПӘК-і негізгі шама болып саналады, оның мәні қуат пен айналу жылдамдығы өскен сайын өседі (5.1 сурет).

ПӘК-і біліктегі пайдалы механикалық қуатқа тәуелді (5.2 сурет).



5.1 сурет - Номинал ПӘК-нің жүктеменің еселігіне тәуелділігі қуатқа тәуелділігі

5.2 сурет - ПӘК-нің

*ПӘК-ін жоғарлату тәсілдері:*

- бос жүріс уақытын шектеу;
- қозғалтқышты номинал жүктемемен немесе оған жуық жүктемемен жұмыс істетуге;
- жоғары жиілікті қозғалтқыштарды таңдау.

*Электрлік жетектің қуат коэффициенті.* Айнымалы ток желісіне қосылған қозғалтқыш активті  $P$  және реактивті  $Q$  энергияны тұтынады. Активті энергия электрлік жетектің пайдалы жұмыс жасауына және ондағы шығындарды өтеуге жұмсалса, реактивті қуат қозғалтқышта электромагниттік өріс тудыруға жұмсалады және тікелей пайдалы жұмыс жасамайды.

Электрлік жетектің қуат коэффициенті:


$$\cos \varphi = \frac{P}{S} = \frac{P}{\sqrt{P^2 + Q^2}} \quad (5.14)$$

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ


мұндағы  $S$  – толық қуат.

Егер  $Q$  тұтынылмаса, онда  $\cos\varphi=1$ .  $Q$  тұтынылған жағдайда ЭЖ электрмен қамтамасыз ету жүйесін қосымша жүктейді, бұл энергияның, кернеудің шығынын тудырады. Сондықтан  $\cos\varphi$  мәнін бірге дейін жоғарлатуға тырысады. Кәп жағдайда қуат коэффициентін реактивті қуатты статикалық конденсаторлар арқылы компенсациялау арқылы көтереді.

Қуат коэффициентінің мәні қозғалтқыштың қуатына, айналу жиілігіне және оның жүктелу деңгейіне тәуелді болады (5.3 және 5.4 суреттер).



5.3 сурет – Қуат коэффициентінің қозғалтқыштың қуатына және айналу жиілігіне тәуелділігі



5.4 сурет – Қуат коэффициентінің қозғалтқыштың жүктелуіне тәуелділігі

Қуат коэффициентін жоғарлататын негізгі шаралар:

а) табиғи шаралар:

- қозғалтқышты тұтынылатын қуатқа сәйкес таңдау;
- жоғары жылдамдықты қозғалтқыштарды таңдау;
- бос жүріс уақытын шектеу;

б) жасанды шараға статикалық конденсаторлар және синхрондық компенсаторлар қолдану жатады.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

**Практикалық сабақ №3** Жарық көздері әртүрлі нақты объектілердің жарықтандырылуының жарық күшін, жарық ағынын, жарықтылығы мен өлшемін анықтау бойынша есептер шығару

Жасанды жарықтануды өндірістік ғимараттарда пайдалану коэффициенті әдісімен есептейді.

Бұл әдіспен анықтауда шамның жарық ағыны мына теңдеумен анықталады.

$$F = \frac{E \cdot S \cdot K \cdot Z}{N \cdot \eta}, \text{ лм} \quad (1)$$

мұндағы  $E$  - жарықтанудың ең аз берілгендері, лк;

$K$  - қор коэффициенті;

$S$  - жарықтану алаңы, м<sup>2</sup>;

$Z$  - біркелкі емес жарықтану коэффициенті;

$N$  - шам саны, шт;

$\eta$  - жарық ағынының пайдалану коэффициенті, т.с.с. ағын қатынасы, есептелген бетке берілуі барлық шам ағынының қосындысына; ғимарат индекс ұзындығы ( $i$ ) қабырға мен төбеге шағылу коэффициентіне тәуелді.

Ғимарат индексі мына теңдеумен анықталады:

$$i = \frac{S}{h(A+B)}, \quad (2)$$

мұндағы  $h$  - жұмыс орнынан шамның іліну ұзындығы, м;

$A, B$  - ғимараттың ені мен ұзындығы, м.

Шағылу коэффициенті өндіріс ғимаратының қалпына тәуелді болып таңдалады.

1.4 кестедегі берілген тапсырмаларды пайдаланып есептеу теориясымен жүргізіледі.

Есептеу реті:

а) 1.4 кестеден оқытушының берген нұсқауы;

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

б) 1.4 кестенің мәліметтері бойынша ғимараттың жарықтану ауданы  $S$ , м<sup>2</sup>, ғимарат индексі  $i$  (2) теңдеумен шығарылады;

в) 1.6 кестесі бойынша пайдалану коэффициентінің мәнін табу  $\eta$ ;

г) 1.7 кестеден көрермен жұмысының дәрежесін ескере отырып, жарық көзінің түрін және жарықтану жүйесінің жарықтану  $E$ , лк мәнімен таңдау;

д) 1.8 кестеден қор коэффициентінің мәнін алып, өндірістік ғимаратты сипаттау;

е) (1) теңдеу мәні бойынша, жарық ағынын  $F$ , лм есептеу;

ж) алынған жарық ағыны бойынша  $F$  шамды таңдау, 1.9 кестені пайдаланып, есептелген жарық ағынының таңдалған жарық ағынынан өзгерісі  $\pm 10\%$  болуы керек.

Алынған мәндерді 1.5 кестеге жазу керек.

1.4 к е с т е – Жасанды жарықтануды есептеу үшін берілген тапсырма (№3 тапсырма)

Параметрлер	Нұсқа				
	I,а	II,б	III,в	IV,в	V,а
Алынатын шамдар	НГ	ППД	НГ	ЛД	ДРЛ
Ғимарат ұзындығы А, м	10	12	18	20	40
Ғимарат ені В,м	8	10	10	14	25
Шамның іліну ұзындығы, h, м	2,5	2,5	3	4,2	5,5
Шамның жалпы саны, N, шт	10	15	25	30	60
Көрермен жұмысының дәрежесі	III, а	IV, б	V, а	III, б	IV, а
Төбеге шағылысу коэффициенті, $\rho_{пот}$ , %	50	30	70	30	30
Қабырғаға шағылысу $\rho_{стен}$ , %	30	10	50	10	10
Біркелкі емес коэффициенті, Z	1,2	1,1	1,2	1,1	1,2
Өндіріс ғимаратының сипаттамасы	Шаңы аз бөлінетін ғимарат				

1.5 к е с т е – Жасанды жарықтану есептелуінің нәтижесі (№3 тапсырма)

Нұсқау нөмірі	S, м <sup>2</sup>	i	$\eta$ , %	K	N, шт	E, лк	F, лм	Қорытынды		
								Шам түрі	Қуат, Вт	Жарық ағыны, лм

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

1.6 к е с т е - Жарық ағынының пайдалану коэффициент мәні

Нұсқа	I			II			III			IV			V		
	ρ <sub>пот</sub> , %	30	50	70	30	50	70	30	50	70	30	50	70	30	50
ρ <sub>с</sub> , %	10	30	50	10	30	50	10	30	50	10	30	50	10	30	50
ғимара т индекс i	<i>пайдалану коэффициенті</i>														
0,5	0,1 9	0,2 1	0,2 5	0,2 1	0,2 4	0,2 8	0,1 4	0,1 7	0,2 1	0,1 8	0,2 1	0,2 8	0,2 0	0,2 3	0,3 0
0,7	0,2 9	0,3 1	0,3 4	0,3 2	0,3 5	0,3 8	0,2 3	0,2 6	0,2 8	0,2 6	0,3 0	0,3 8	0,3 1	0,3 3	0,4 2
0,9	0,3 4	0,3 6	0,3 9	0,3 8	0,4 0	0,4 4	0,2 8	0,3 0	0,3 4	0,3 2	0,3 7	0,4 6	0,3 7	0,4 0	0,4 7
1,0	0,3 6	0,3 8	0,4 0	0,4 0	0,4 2	0,4 5	0,3 0	0,3 2	0,3 5	0,3 5	0,4 0	0,4 9	0,4 0	0,4 1	0,4 8
1,25	0,3 8	0,4 1	0,4 3	0,4 4	0,4 6	0,4 8	0,3 3	0,3 5	0,3 7	0,4 0	0,4 5	0,5 5	0,4 4	0,4 7	0,5 5
1,5	0,4 1	0,4 3	0,4 6	0,4 6	0,4 8	0,5 1	0,3 5	0,3 6	0,4 0	0,4 5	0,4 9	0,6 0	0,4 8	0,5 0	0,5 9
2	0,4 4	0,4 6	0,4 9	0,5 0	0,5 2	0,5 5	0,3 9	0,4 0	0,4 3	0,5 1	0,5 5	0,6 5	0,5 3	0,5 6	0,6 7
2,5	0,4 8	0,4 9	0,5 2	0,5 4	0,5 5	0,5 9	0,4 2	0,4 4	0,4 6	0,5 5	0,5 8	0,7 0	0,5 7	0,5 9	0,7 1
3	0,4 9	0,5 1	0,5 3	0,5 5	0,5 7	0,6 0	0,4 3	0,4 5	0,4 7	0,5 8	0,6 1	0,7 3	0,5 8	0,6 0	0,7 3
4,0	0,5 1	0,5 2	0,5 5	0,5 7	0,5 9	0,6 2	0,4 5	0,4 7	0,4 9	0,6 1	0,6 4	0,7 7	0,6 1	0,6 3	0,7 7
5,0	0,5 2	0,5 4	0,5 7	0,5 8	0,6 0	0,6 3	0,4 6	0,4 8	0,5 1	0,6 5	0,6 7	0,8 0	0,6 3	0,6 6	0,7 9

1.7 к е с т е – Жасанды жарықтанудың жарық нормасы (ҚР ҚНЖЕ 2.04-05-2002-дан «Табиғи және жасанды жарықтану. Жалпы талабы» )

Көгермен жұмысының сипаттамасы	Объектінің аз немесе эквивалентті өлшемі, мм	Көгермен жұмысының дәрежесі	Көгермен жұмысының қосалқы р азряды	Объектінің фонмен қарама-қарсылығы	Фонның сипаттамасы
1	2	3	4	5	6
Үлкен	0,3-	III	a	Аз	Қараңғы

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

дәлділік	тен 0,5-ке дейін		б	Аз	Орташа Қараңғы
			в	Аз Орташа Үлкен	Жарық Орташа Қараңғы
			г	Орташа Үлкен Үлкен	Жарық Жарық Орташа
Орташа дәлділік	0,5- тен 1- дейін	IV	а	Аз	Қараңғы
			б	Аз Орташа	Орташа Қараңғы
			в	Аз Орташа Үлкен	Жарық Орташа Қараңғы
			г	Орташа Үлкен Үлкен	Жарық Жарық Орташа
Аз дәлділік	1- ден 5- дейін	V	а	Аз	Қараңғы
			б	Аз Орташа	Орташа Қараңғы
			в	Аз Орташа Үлкен	Жарық Орташа Қараңғы
			г	Орташа Үлкен Үлкен	Жарық Жарық Орташа
Қатты (Өте аз дәлділік)	Аз 0,5	VI		Фон мен объектінің контрастылығынан және сипаттамасынан тәуелсіз	

1.8 кесте – Қор коэффициентінің мәні  $K_k$

	Қор коэффициенті $K_k$	
	Көлденең шам	Қыздыру шамдары
Шаң, түтін көп бөлінетін ғимарат	2,0	1,7
Шаң, түтін орташа бөлінетін ғимарат	1,8	1,5

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

Шаң, түтін аз бөлінетін ғимарат	1,5	1,3
---------------------------------	-----	-----

1.9 к е с т е – Қыздыру және газоразрядты шамдардың U=220 В кезіндегі жарық ағыны мен қуаты

Қыздыру шамдары			Газоразрядты шамдар		
Шам түрі	Қуаты, Вт	Жарық ағыны, лм	Шам түрі	Қуаты, Вт	Жарық ағыны, лм
НВ-23	15	105	ЛД	15	590
НВ-24	25	220		20	920
НВ-25	40	400		30	1640
НГ-27	60	715		40	2340
НГ-48	100	1450		65	3570
НГ-49	150	2000		80	4070
НГ-50	200	2800	ДРЛ	80	3200
НГ-51	300	4600		125	5600
НГ-53	500	8300		250	13000
НГ-54	750	13100		400	19000
НГ-55	1000	18600		700	35000

**Практикалық сабақ №4 Жарық беру желісінен жарықтандыруды есептеу**

Жоспардағы ғимараттың өлшемі:

ұзындығы (А) – 68 м; ені (В) – 10,5 м; ғимараттың максималды биіктігі (h<sub>max</sub>) – 4,43; минималды биіктігі (h<sub>мин</sub>) – 2,1 м. Ш.Ш. үшін қалыпты жарықталу – 20 лк, газ разрядты шамдар үшін – 50 лк. Жылу берілмейтін бөлмелер, “В” категориясы, класс П–Па ЭОЕ (ПУЭ) бойынша.

Ш.Ш.-мен НСП11 (қорғау дәрежесі IP60, КСС–М; η<sub>с</sub> = 0,77) типті шамдалды қабылдаймыз Жарық ағынының пайдалану коэффициентінің тәсілімен есептеуді жүргіземіз. Жалпы біркелкі жарықталу жүйесі үшін шамдалдардың біркелкі орналасуын қабылдаймыз. Алдын ала шамдалдардың санын белгілейміз. h = 2,5 м деп қабылдаймыз, сонда НСП11 (КСС–М) шамдалдары үшін λ = 1,6 м.

Қатарлар саны:

$$v = \frac{B}{\lambda \cdot h} = \frac{10,5}{2,6 \cdot 2,5} = 1,6$$

v = 2 деп қабылдаймыз, қатарларды жардан В/2 етіп орналастырамыз, биіктікті нақтылаймыз h = 3,2 м.

Қатардағы шамдалдардың санын анықтаймыз:

$$n_0 = \frac{A}{\lambda \cdot h} = \frac{68}{2,6 \cdot 3,2} = 8,2 \text{ д.}$$

8 ш. етіп қабылдаймыз.

Бөлмедегі шамдалдардың жалпы саны N = 2 · 8 = 16 д.

Шамдардың қуатын анықтаймыз.

Шамдалдардың жарықтық ағыны:



**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ  
КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

$$\Phi = \frac{E_H \cdot K_3 \cdot S \cdot Z}{N \cdot \eta}$$

$E_H = 20$  Лк;  $K_3 = 1,15$ ;  $S = 10,5 \cdot 68 \approx 715 \text{ м}^2$ ;  $Z = 1,15$ ;  $N = 16$ ;

$\eta$  – НСП11, КСС–М шамдалының жарық ағынының пайдалану коэффициенті  
Бөлменің индексін анықтаймыз:

$$i = \frac{A \cdot B}{h(A + B)} = \frac{715}{3,2(68 + 10,5)} \approx 2,85 \approx 3$$

3.11 кестесі бойынша  $i = 3$  үшін;  $P_H = 0,5$ ;  $P_{ст} = 0,3$ ;  $P_p = 0,1$ ; КСС–М

3.7 кестесі бойынша  $\eta_H = 0,65$  табамыз,  $\eta_c = 0,77$ , сонда  $\eta = \eta_H \cdot \eta_c = 0,65 \cdot 0,77 = 0,5$

$$\Phi = \frac{20 \cdot 1,15 \cdot 715 \cdot 1,15}{16 \cdot 0,5} = 2350 \text{ Лм.}$$

$P_L = 200$  Вт деп аламыз Г 215–225 –200 типі  $\Phi = 2920$  Лм

$\frac{E_\phi}{E_H}$  қатынасы  $\frac{2920}{2350} \cdot 100 = 124\%$  құрайды, +24% ауытқуы жіберілмейді.

Әр қатарда шамдалдардың санын 1-ге азайтамыз.

Сонда  $\Phi_{\text{потребный}} = 2350 \frac{16}{14} \approx 2700 \text{ Лм}$   $\frac{E_\phi}{E_H} = \frac{2920}{2700} = 1,08$ , +8% ауытқуы жіберіледі.

Қорытындылай келе НСП11–200,  $P_L = 200$  Вт 14 шамдал қабылдаймыз

**Практикалық сабақ № 5 Дәлдік әдіспен жарықтандыруды есептеу  
жарықталуын меншікті қуат әдісі бойынша есептеу.**

$E_H = 50$  Лк, шамдал РСП21–004, КСС–Д–2,  $\eta_c = 0,6$

Есептеуді меншікті қуат әдісі бойынша жүргіземіз:  $e = \frac{B}{\lambda \cdot h}$   $h = 3,2$  м;  $\lambda = 1,6$  м

$$e = \frac{10,5}{1,6 \cdot 3,2} = 2,05 \quad e = 2 \text{ деп қабылдаймыз}$$

$$n_0 = \frac{A}{\lambda \cdot h} = \frac{68}{1,6 \cdot 3,2} = 13,5 \text{ д. } n_0 = 14 \text{ д. деп қабылдаймыз}$$

$$N = v \cdot n_0 = 2 \cdot 14 = 28 \text{ д.}$$

Меншікті қуатты анықтаймыз:

$$W_{y\phi} = \frac{W_{yc} \cdot E_H}{\eta_c \cdot 100}$$

3.10 кестесі бойынша  $h = 3–4$  м үшін,  $S_{\text{усл}} = 2B^2 = 2 \cdot 10,5^2 = 220 \text{ м}^2$ , КСС–Д–2,  
 $W_{yc} = 4,4 \text{ Вт/м}^2$  табамыз, сонда:

$$W_{y\phi} = \frac{4,4 \cdot 50}{0,6 \cdot 100} \approx 3,7 \text{ Вт/м}^2$$

Шамның қуатын анықтаймыз:

$$P_L = \frac{S \cdot W_{y\phi}}{N} = \frac{715 \cdot 3,7}{28} = 95 \text{ Вт.}$$

ДРЛ–80 шамын қабылдаймыз,  $P_L = 80$  Вт.

Жарықталу ауытқуы:

$$\Delta E = (1 - \frac{95}{80}) \cdot 100 = -18\%, \text{ бұл жіберілмейді.}$$

Қатардағы шамдар санын екеуге, сонда

$$P_L = \frac{715 \cdot 3,7}{32} = 82,7 \text{ Вт}$$

$$\Delta E = (1 - \frac{82,7}{80}) = -3,3\%,$$

бұл жіберіледі.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Қорытындылай келе бөлмені жарықтандыру үшін РСП21–80;  $P_{л} = 80$  Вт 32 шамдал қабылдаймыз.

## Практикалық жұмыс № 6 Пайдалану коэффициенті әдісімен жарықтандыруды есептеу

Жарық техникалық есептемелерді жүргізу үшін таңдалған типтік жарықтандыруды алу мақсатында негізінен оның қуатын, шамдарды орналастыру мен шамдар санын анықтауымыз қажет.

Жобалау үшін негізгі міндет – шамдар типі және олардың орналасуы жарықтандыру сапасы мен оның үнемділігіне қатысты таңдалғаны дұрыс.

Жарықтандыру есептемесін шешудің екінші жолы егерде шамның қуаты нақты берілген болса, мысалы, 80 Вт қуатты люминесценттік шамдарды пайдалану арқылы шығарылады.

Есептеменің үшінші жолы берілген қондырғы бойынша шығарылады, егер де жарықтандыруды өлшеу мүмкін болмаған жағдайда, және жобаны және есептемені тексеру үшін, мысалы есептемені тексеру үшін пайдалану коэффициентімен бірге орындалатын нүктелік әдісті пайдалануға болады. Жарық техникалық есептемелерді орындаудың мүмкін әдістері:

- 1) жарық ағынын пайдалану коэффициенті әдісі;
- 2) меншікті қуат әдісі;
- 3) нүктелік әдіс.

**Пайдалану коэффициенті әдісі** кез келген типті шамдармен жалпы бір қалыпты жарықтандыру есептемесі үшін қолданылады.

**Меншікті қуат әдісі** жарықтандырғыш қондырғының белгіленген қуатын алдын-ала және жуық мәнде анықтау үшін пайдаланылады.

Меншікті белгіленген қуат деп шам қуатының жайдың ауданына қатынасы арқылы анықталады:

$$P_{уд} = (P_{л} \times n) / S, \quad (6.1)$$

мұнда  $P_{уд}$  – меншікті белгіленген қуат, Вт/м<sup>2</sup>;

$P_{л}$  – шам қуаты, Вт;

$n$  – тұрғын-жайдағы шамдар саны;

$S$  — жайдың ауданы, м<sup>2</sup>.

**Жарықтандыруды есептеудің нүктелік әдісі** бір қалыпты жарық таратуды есептеу үшін қажет, түзу жарықты шамдар бойынша жергілікті жарықтандыру жарықтандырылатын беттің орналасуына тәуелді емес.

Тұрғын-жайды жарықтандыру – шамдардың жалпы жарық ағынының жайдың ауданы мен түзету коэффициентіне « $\eta$ » қатынасы:

$$E_{\{лк\}} \approx \eta * S_{\{м^2\}}' \frac{F_{\{лм\}}}{S_{\{м^2\}}} \quad (6.2)$$

Жұмыс бетіне келетін жарық үлесіне « $\eta$ » көзбен баға беруге болады. Негізінен өте орташа тұрғын-жай үшін шамнан жұмыс бетіне жарықтың жартыс ғана жетеді, яғни дәрекі бағалау үшін коэффициент  $\eta = 0,5$  пайдаланамыз. Мысалы, 20м<sup>2</sup> ауданды бөлмеде шамның жарық ағыны 700лм тең (қыздыру шамының эквиваленті 60Вт)  $E = 0,5 \times 700лм / 20м^2 = 18лк$  жарық береді. Ал бұл 150 лк жарық алу үшін  $F = 700лм \times (150лк / 18лк) = 5800лм$  болуы керек, немесе 8 лампалы қыздыру шамының эквиваленті 60Вттан тұруы керек.

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Тұрғын жайды жарықтандыру үшін қажетті жарықтандырғыш шамдарның саны келесідей формуламен есептеледі:

$$N = \frac{F_1 * A}{Lu * LLF * Cu} \quad (6.4)$$

мұнда N – қажетті шамдар саны;

$F_1$  – талап етілетін жарықтандыру деңгейі;

A – шаршы метр бойынша есептелген тұрғын – жай ауданы;

Lu – люмен бойынша анықталатын бір шамның қуаты;

Cu – пайдалану коэффициенті;

LLF – жарықтың біріктірілген шығын коэффициенті.

Жарықтандыру деңгейі есептемесі келесідей формуламен анықталады:

$$E = \frac{1}{d^2}, \quad (6.5)$$

мұнда E = люкс бойынша анықталатын жарықтандыру деңгейі;

I = люмендегі жарық күші;

d = жарық көзінен метрдегі аудан бетіне дейінгі ара қашықтық.

Тұрғын – жай индексі төмендегідей формуламен анықталады:

$$I = 2.5h * P / S, \quad (6.6)$$

мұнда I – тұрғын – жай индексі;

h – шамнан жоғарғы жұмысшы бет нүктесіне дейінгі ара қашықтық;

P – тұрғын – жай периметрі;

S – тұрғын – жай ауданы.

## Пайдалану коэффициенті (CU)

Пайдалану коэффициенті шамның жарық ағынының сапалық өлшемі болып табылады, ал шам жұмысшы беттің жарықтандырудың пайдалы деңгейін жоғарылату үшін арналған. Ол үшін төмендегідей шамаларды анықтау қажет болады:

- тұрғын-жай индексі, оның геометриясын есептеу үшін;

- нақты шамдар мен лампа үшін фотометриялық диаграмма.

**6.1-есеп.** Жарық қуаты 60 Вт шамды қыздыру 1100 люменге тең. Берілген шамның жарық шығару шамасы қандай?

$$\text{Жарық шығару} = 1100/60 = 18,3 \text{ лм/Вт.}$$

Люминесценттік шамды құрамға 40 ваттан тұратын екі шам кіреді және қуаты балласты 20 Вт. Егер әрбір шамның жарық ағыны 3000 люменді құрайтын болса, онда шамның жарық беруі қандай болады?

$$\text{Жалпы жарық ағыны} = 3000 + 3000 = 6000 \text{ люмен.}$$

$$\text{Жалпы қуат} = 40 + 40 + 20 = 100 \text{ В.}$$

$$\text{Жарық беру} = 6000/100 = 60 \text{ лм/Вт.}$$

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

**6.2-есеп.** 1200 квадрат метрлік тұрғын – жай ауданымен жұмыс бетіндегі 500 люкске тең жарықтың санының бірқалыпты таралуың қамтамасыз ету үшін баспанаға қажетті шамдардың санын анықтаңыз.

Әрбір шамға 3000 люмен жарық ағынынан тұратын екі лампа орналастырылған деп болжам жасаймыз, сонымен қатар LLF 0,65-ке тең, ал CU = 70% деп аламыз.

$$N = \frac{F_1 * A}{Lu * LLF * CU} = \frac{500 * 120}{3000 * 0.65 * 0.7} = 44.$$

Екі лампалы шамның қажетті саны - 221 дана.

**6.3-есеп.** Біртұтас люминесценттік шамдарды пайдалану есебінен жарықты үнемдеу мысалы (БЛШ)

Балластпен салынған КЛГ қыздыру шамын 75 Вт-тан 18 Вт-қа алмастырамыз. Шам жылына 3000 сағат пайдаланылады.

Біртұтас люминесценттік шамдар қыздыру шамдарымен салыстырғанда 4 есе аз энергия пайдаланады.

Үнемділігі  $75 - 18 = 57$  Вт-ты құрайды. Бір шамның үнемдеу шамасы (кВт-ч)  $57 \text{ Ватт} * 3000 \text{ сағ} = 171 \text{ кВт-ч}$ .

Жарамды біртұтас люминесценттік шамдардың қызмет ету мерзімі 7500 сағатты құрайды.

Стандартты шамның қызмет ету мерзімі - 7 сағатты құрайды.

Біртұтас люминесценттік шамдардың қызмет ету мерзімі 10 есе көп және онымкен қоса техқызмет көрсетуде бірнеше есе жарық үнемделеді.

**6.3-есеп.** Аспаптағы жарық үнемдеу тәсілі және жарықтандыру жүйелері

7:1 25 метр өлшемді бөлмені жарықтандыру мысалын қарастырайық Т 12 маокалы 16 ескі 40 ватт люминесценттік шамдарды аламыз және әрқайсысы 15 Вт екілік магнит баластымен жабдықталған.

Жарықтың жүйесін жаңғыртудың бағдарламасы Т8 шамының электрондық балластармен ескі жүйені ауыстыру бойынша қорытындыланады. Бастапқы жүйедің бөлме жарықтың артық мөлшерін алды, сондықтан оны үш лампалы 32 Вт қуатты Т8 шам жүйесімен ауыстыру жоспарланады. Жалпы қуаттылығы 90 Ватт.

Жарықтандыру жүйесіндегі энергияны үнемдеу мөлшерін анықтаңыз, егер барлық шамның қызмет ету мерзімі жылына 4000 сағатты құрайтын болса.

Шешуі:

**Ескі жүйе**

$$\text{Шам, Ватт} = 4 \text{ лампа} * \frac{40 \text{ Вт}}{\text{лампа}} + 2 \text{ балласт} * \frac{15 \text{ Ватт}}{\text{балласт}} = 190 \text{ Вт.}$$

**Жаңа жүйе**

Шам = 90 Вт

$$\text{Ватт бойынша үнемділік} = \frac{190 \text{ Вт} - 90 \text{ Вт}}{\text{шам}} = \frac{100 \text{ Вт}}{\text{шам}}$$

**Энергияны үнемдеу**

$$\text{кВт-сағ/жыл} = \frac{100 \text{ Вт}}{\text{светильник}} * 16 \text{ шам} * \frac{4000 \text{ сағ}}{\text{жыл}} = \frac{6400 \text{ кВт*сағ}}{\text{жыл}}$$

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## 6.4-есеп. Жарықтандырудың қуат тығыздығы

Жарықтандырудың қуат тығыздығы (ЖҚТ) жарық беруші жабдықты жобалауда пайдаланылатын және құрылыс нормаларында маңызды рөл атқаратын жұмысшы мінездеме болып табылады.

Жаңа жүйе мысалы арқылы жарықтандырудың қуат тығыздығы анықтаңыз:

1. (Қуат) кВт = (16 шам) x (әрбір шам 90Вт қуаттылықпен) = 1440 Вт
2. Кеңістік ауданы  $7*25=175$  шаршы метр
3. ЖҚТ = (1440 Вт)/(175 шаршы метр) = 8,23 Вт/ шаршы метр

Жарықтандыру жүйесін жаңғырту бойынша энергия үнемдеу тиімділігінің шараларының есептемесі:

- кВт-тағы қуат үнемдеу = (кВт<sub>ескі</sub> – кВт<sub>жаңа</sub>);
- кВт-сағаттағы электр энергиясын үнемдеу = (кВт<sub>ескі</sub>- кВт<sub>жаңа</sub>)\*(сағат бойынша пайдалану уақыты);
- кВт<sub>ескі</sub> = (Ватт бойынша ескі шамның қуаттылығы + Ватт бойынша ескі баласттың қуаттылығы)\*(шам саны)/1000;
- кВт<sub>жаңа</sub> = Ватт бойынша жаңа шамның қуаттылығы + Ватт бойынша жаңа баласттың қуаттылығы)\*(шам саны)/1000.

Үнемділік мөлшері = қуат үнемдеу + электр энергиясын үнемдеу.

**6.5-есеп.** Жарықтандыру жүйесін жаңғырту бойынша энергия үнемдеу тиімділігінің шараларының есептеме мысалы

244000 шаршы фут биік тұрғын – жайды жарықпен қамтамасыз ету үшін 800 шағылысқан 400 Вт сынапты шамдар керек (455 Вт қуаты бар шамдармен және баласт қосып есептегенде).

800 бірдей 400 Вт жоғары қысымды натрий шамдарымен жарықтандыру жүйесімен алмастыру кезіндегі жылдық жарық үнемділігі қандай мөлшерде болады (465 Вт шам қуаттылығымен, балласты қосқанда)?

Жүйенің жылдық қызмет ету көлемі 8000 сағатты құрайды, бір кВт-сағ үшін энергияның құны \$ 0,05 тең, пика жүктеме кезіндегі айлық кВт-сағ энергияның құны \$ 6,00 тең.

Шешуі:

$\Delta \text{кВт} = (800 \text{ шам}) \times (\text{әрқайсысы } 0,455 \text{ кВт қуаттылықпен}) \times (2) - (800 \text{ шам}) \times (\text{әрқайсысы } 0,465 \text{ кВт қуаттылықпен}) = 356 \text{ кВт}.$

$\$ \text{ пика жүктеме кезіндегі үнемділік} = (356 \text{ кВт}) \times (\text{бір айға } \$ 6/\text{кВт}) \times (\text{жылына } 12 \text{ ай}) = \text{жылына } \$ 25\ 632$

$\$ \text{ энергия тұтытудағы үнемділік} = (356 \text{ кВт}) \times (\text{жылына } 8000 \text{ сағ}) \times (\text{кВт-сағатқа } \$ 0.05) = \text{жылына } \$ 142\ 400 \text{ в год}.$

$\$ \text{ есептегенде үнемдеудің жалпы көлемі} = (\text{жылына } \$ 25632 + \$ 142\ 400) = \text{жылына } \$ 168\ 032.$

Шығындар = (800 шам) x (1 шамға \$ 400) = \$ 320 000 (осы жоба бойынша жалпы үнемдеудің мысалды көлемі).

**6.6-есеп.** 10 x 15 шаршы ауданды, шамдар 3 метрлік биіктіктегі төбеде орналастырылған, ал жұмыс бетінің 60 см ұзындықты верстак станогымен сипатталатын тік төртбұрышты тұрғын-жайдың индексін табыңыз.

$$h = 3.0 - 0.6 = 2,4 \text{ м}.$$

Тұрғын-жай индексі =  $5 \times h \times (\text{Д} \times \text{Ш}) / (\text{Д} \times \text{Ш}) = 5 \times 2,4 \times (10 + 15) / (10 \times 15) = 12 \times 25 / 150 = 2.$

## КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

---

**6.7-есеп.** 10 x 15 шаршы ауданнан және төбенің биіктігі 3 метрді құрайтын тік төртбұрышты тұрғын-жайдың пайдалану коэффициентін табыңыз, төбенің шағылу коэффициенті 70% және қабырғаның шағылу коэффициенті 50%.

Жоғарыда көрсетілген мысалда тұрғын-жай индексі 2,0-ге тең болды. Төбенің шағылу коэффициенті = 70% және қабырғаның шағылу коэффициенті 50% пайдалана отыра  $CU = 0,81$ , немесе 81% екенін анықтаймыз.

**6.8-есеп.**  $A=21$  м,  $B=12$  м,  $H=4,2$  м,  $h_p=0,8$  м өлшемді аз шаң бөлетін жайдың төбесінің шағылу коэффициенті  $\eta_p=50$  %, қабырғаның шағылу коэффициенті  $\eta_c=30$  %, есептемелік бет  $\eta_r=10$  %. Пайдалану коэффициенті әдісімен  $E=50$  лк құру үшін қыздару шамдарымен "Астра" жарықтандыру шамының жарық ағынын анықтау.

**Шешуі.** Аз шаң бөлетін жайдың жарықтандыру қондырғысы қыздыру шамымен бірге қоса есептегенде қор коэффициенті  $k=1,3$ -ке тең етіп аламыз. "Астра" шамында косинустық жарық шашырату. Сондықтан оңтайлы салыстырмалы түрде шамдар арасындағы қашықтықты  $\lambda=1,6$  деп алу керек. Ілініп тұрған шамның биіктігін  $h_{cb}=0,5$  м деп алып, төмендегідей есептемелік биіктікті аламыз:

$$h_p=4,2-0,8-0,5=2,9 \text{ м.}$$

Шамдар аралық ара қашықтық:

$$L=2,9 \times 1,6=4,64 \text{ м.}$$

Жайдағы шамдар қатарының саны:

$$N_b=12/4,64=2,58.$$

Қатардағы шамдар саны

$$N_a=21/4,64=4,56.$$

Осы сандарды ең жақын үлкен мәнге дейін дөңгелектейміз:

Шамдардың жалпы саны:

$$N= N_a \times N_b=5 \times 3=15.$$

Шамдарды орналастырамыз.

Жайдың ені бойынша қатар аралық қашықтық  $L_b=4,6$  м, ал соңғы қатардан қабырғаға дейінгі қашықтық  $0,3L$ , атап айтқанда 1,4 м. Әрбір қатардағы шамдар аралық қашықтықты  $L_a=4,6$  м деп аламыз, ал соңғы шамнан қабырғаға дейінгі қашықтық  $(21-4,64)/2=2,6/3=1,3$  м. Бұл  $0,28 L$  құрайды.

Жай индексі

$$i=21 \times 12/[2,9(21+12)]=252/(2,9 \times 33)=2,63.$$

Анықтамалық бойынша жарық ағынын пайдалану коэффициенті  $\eta=0,6$ . Шам аралық қашықтық тәжірибе жүзінде ықтимал мәнге тең болғандықтан, онда минималды жарықтылықтың коэффициентін анықтаймыз  $z=1,15$ . Лампаға қажетті жарық ағынын анықтаймыз:

$$\Phi_{л} = 50 \times 1,15 \times 252 \times 1,3/(15 \times 0,6) = 2093 \text{ лм.}$$

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

$\Phi_{л2090}$  лм жарық ағынына тең стандартты шам Г215-225-150 таңдаймыз, есептік мәннен  $\Delta\Phi=(2090-2093)100/2093= - 0,14\%$  кіші етіп аламыз.

Жарықтандыру қондырғысының электр қуатын  $W$ , шамдар санын  $N$ , ілінген шамдар биіктігін  $H_p$  анықтаймыз, электр станциясының аппаратты залын жалпы бір қалыпты жарықтандыру үшін төбеге шамдарды орналастыру сұлбасын құрамыз.

Аппаратты зал ұзындығы  $A = 20$  м, ені  $B = 10$  м, биіктігі  $h = 5$  м. Төбе ақ бояуға, ал қабырға көкшіл бояумен сырланған.

Шешуі: Қоректендіру желісінің кернеуін  $U = 220$  В, лампы накаливания мощностью  $W_{л} = 300$  Вт қыздыру шамының қуатын және НСП03 типті шамды таңдаймыз.

Есептемені пайдалану коэффициенті әдісімен жүргіземіз. Тұрғын-жайды талап етілетін мөлшерлі жалпы жарықтандыру үшін қажетті шамдар санымына формуламен анықталады:

$$N = \frac{E_{min} * k * S * Z}{\Phi_{л} * n * \eta}$$

мұнда  $K$  – қор коэффициенті.

Шаң көтерілу болмайтын тұрғын-жай үшін  $K_3 = 1,5$

$$S = A * B = 20 * 10 = 200 \text{ м}^2.$$

Қыздыру шамы үшін  $E_{min} = 200$  лк.

$\Phi_{л}$  – бір лампаны құратын жарық ағыны, лм. Қыздыру шамы үшін қуат  $W_{л} = 300$  Вт, ал жарық ағыны  $\Phi_{л} = 4100$  лм тең болып табылады.

$Z$  – тұрғын-жайды бір қалыпты емес жарықтандыру коэффициенті 1,15.

Пайдалану коэффициентінің мәні  $i$  жайдың индексіне тәуелді, жайдың қабырғадан және төбеден шағылу коэффициенті - ст, сонымен қатар ілінген шамдар биіктігі  $H_p$  бір-бірімен тығыз байланыста. Қабырғадан және төбеден шағылу коэффициенті 6 ст = 0,5 және  $\rho = 0,7$ . Ілінген шамдар биіктігі шамдардың және көлденең жұмыс бетінің деңгейі арасындағы қашықтық тәрізді анықталады.

Берілген мәндер бойынша:

$$H_p = h - (h_{раб} + h_{св}),$$

мұндағы  $h$  – жайдың биіктігі,  $h = 5$  м;

$h_{жұм}$  - жұмыс бетінің деңгейі (биіктігі),  $h_{раб} = 1,5$  м;

$h_{шам}$  – шамдар мен төбе аралық қашықтық,  $h_{св.} = 0,5$  м.

Онда:

$$H_p = 5 - (1,5 + 0,5) = 3 \text{ м.}$$

Тұрғын-жай индексі  $i$  мына формуламен анықталады:

$$i = \frac{A * B}{H_p * (A + B)} = \frac{20 * 30}{3 * (20 + 30)} = 1.9.$$

Бұл ретте шамдар саны тең:

$$N = \frac{200 * 200 * 1,5 * 1,15}{4100 * 0,56} = 30 \text{ дана.}$$

# КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Аппарат залының төбесіне шамдарды симметриялық түрде орналастырамыз, әр қатарға 10 шам ілу арқылы 3 қатар жасаймыз.

Жалпы жарықтандыру үшін жарықтандырғыш қондырғының электр қуаты тең:

$$W = W_{\text{л}} * n,$$
$$W = 300 * 30 = 9 \text{ кВт.}$$

**6.9-есеп.** Жалпы жасанды жарықтандыруды есептеу мысалы

Бастапқы деректер:

Объект: офсеттік мөрленген цех

Цех өлшемі: 20x6 м

Төбе биіктігі: шамдар 5 м биіктікте бекітілген.

Қабырға бетоннан тұрғызылған, ал төбе ақ бояумен сырланған.

Есептеуді түзу жарық ағынын, және де қабырғадан және төбеден шағылу коэффициентін есепке алуға мүмкіндік беретін жарық ағыны әдісімен орындаймыз.

